	кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыру. Заттар үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру; секіру туралы ұғымдарын кеңейту; заттарды құлатпай екі аяқпен аттап секіруге дағдыландыру. Балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу;	кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру. "Менің балапандарым қайда?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекіту. **(музыка, сөйлеуді дамыту)**		"Торғайға ұқсап көңілді секірейік!", "Бәріміз епті баламыз!", "Бәрекелді!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Көңілді секіреміз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Топқа бөлініп ойнауды, таяқшалардан аттап секіруді үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. (дене шынықтыру) **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.** "М. Мақатаевтың "Сап-сары жапырақтар" өлеңі". Мақсат-міндеттері. Балаларды М.	ұшын сары гуашь бояуына малып, балапан кескіні бойымен біркелкі қимылдармен жуан дақтарды қойып, балапан сұлбасы ішін толық бояуды үйрету; балапан бейнесін сақтау үшін өз қимылдарына бақылау жасап, кескін аясынан шығармауға дағдыландыру; бояудың бітуі туралы ұғымдар бере отырып, бояуға қайта малу амалдарын көрсету; сурет аяқталған соң таяқшаны тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; балапан денесі үлпілдеген мамыққа толы екені туралы ұғымдар беру.

	құстарды қорғау және аялау сезіміне баулу. "Маған қарай секіріңдер" ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттардың үстінен екі аяқпен секіруді үйрету. (дене шынықтыру)			Мақатаевтің "Сап-сары жапырақтар" өлеңінің үзіндісімен таныстыра отырып, күз мезгілінің құбылысы мен жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру; күздің құбылыстарын көркемсөзбен бейнелеуге жаттықтыру. "Жапырақтарды түстеріне қарай топтастыр, себетке бөліп жина" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Заттарды түстеріне қарай топтастыруды үйрету. Еске сақтау, зейін, ойлау, сөйлеуді дамыту. **(дене шынықтыру, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	"Балапандар" қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балапандардың қимылдарын қайталауды үйрету. Дене қимылдарының икемділігін, есте сақтау, ойлау, зейін, сөйлеуді дамыту. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.** "Көлдегі үйректер". Мақсат-міндеттері. Балаларға үйрек туралы ұғым бере отырып, сөйлеу тілін, үй құстарын эмоциялық қабылдауын дамыту. "Үйректі салайық" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Үйректің суретін салуды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлау,

					сөйлеуді дамыту. **(сурет салу, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).** Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуді үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Менің дыбыстары естіліп тұр? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды	**Ұшқан құстарды бақылау.** Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірімге жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Балалар, аспанға қарайықшы. Бұл нелер? - Иә, бұл құстар. - Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып барады.		**Ақшыл бұлтты бақылау.** Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қараңдаршы. Бұл нелер? - Иә, бұлар ақ бұлттар. - Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар. Ақшыл бұлттар,	**Ұшқан құстарды бақылау.** Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірімге жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Балалар, аспанға қарайықшы. Бұл нелер? - Иә, бұл құстар. - Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып жатыр.

	шығарады. - Иә, бұл құстар шикылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. **"Кім тыныш?" қимылды ойыны.** Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен	- Аспанда бір ғана құс па? - Құстар көп. Жарайсыңдар! Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!" Құстар, қайтып келіңдер! Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, Қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. - Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.		Қайда ұшасыңдар? **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.** Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып	- Аспанда бір ғана құс па? - Құстар көп. Жарайсыңдар! **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ескен Елубай "Құстар". Құстар, қайтып келіңдер! Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, Қанаттарын қағады.

	жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды ық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл кай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады,	Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Қаздар" қимылды ойыны.** Балаларды көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын		алады, Қоңырауды колға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, колға алып сыңғырлайды. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. **"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.** Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарын кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. **(коршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**	Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. - Барлығымыз құстарға "бізге келіңдер" деп айтайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. **"Қораз" қимылды жаттығуы.** Балаларды қораз (әтеш) қимылдарына еліктеуге

	балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **"Әткеншек" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Менен "бидай шаш" сөздерін естігенде, балалар, маған қарай қолдарыңды былай жайып бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог карама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. С. Бегалин "Қазым". Қазым, қазым, қалқылда,			ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға кораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар, мен кандай құсты көрсетемін? - Иә, бұл кораз. Жарайсыңдар! - Қанекей, балалар, менің соңымнан қайталайықшы, кораз сиякты қимылдайық. Д. Ахметова "Қораз". Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың.

		Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын, жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. **"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**			Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. - Жарайсыңдар! - Балалар, кораз қалай дыбыстайды? - Иә, кораз "ку-ка-ре-ку" дейді. **"Шеңберден шықпа" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)**

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Алдына койған аска назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)**				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Алдына қойған аска назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	**"Қайырлы таң!" мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында	**Құрастырудан ойын-жаттығу.** "Балапанға саты". Мақсат-міндеттері. Балаларды балапанға кірпіштен саты құрастыруды үйрету;		**"Не, қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың	**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетіліген бағытқа

және басқалар)	жүріп, үй жануарлары мен құстарды ажырату, атау қабілеттерін қалыптастыру. **"Қораз" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларға қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санының сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар мен кандай құсты көрсетемін?	кірпішті бір-біріне жалғап қосып, кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, саты құрастыра білуге дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай балапанға саты жасауға жаттықтыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс істеу мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және байқағыштығын дамыту. "Балапанға саты" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Кірпіштен саты құрастыруды үйрету, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту.		дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға тырна мен торғай дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Кейін аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды "у-у-у", торғайларды "шық-шық" деп дыбыстайды. **Музыкадан ойын-жаттығу.** "Құстар әні". Мақсат-міндеттері. Балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге	қарай жүгіруді үйрету. Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. *Қ. Мырза Әли "Аспанда".* Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошкар болып. Педагог: - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - "Қатты жел соқты!" деген сөзімді естігенде, сендер мен

	- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар! - Қанекей, балалар, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. Д. Ахметова "Қораз". - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. - Жарайсыңдар! - Балалар, қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	**Ойын-имитация. "Балапандар".** Мақсат-міндеттері. Балаларға балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; түйсікті, эмоцияларды дамыту. Балаларға балапандар маскаларын кигізу. - Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау) Қалыспаңдар! Қайталаңдар! (орнында адымдау) Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде) Қанаттарды соғайық.		ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу кабілетін жетілдіру. "Құстар ұясы" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, музыка, дене шынықтыру)**	көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар". **(қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**

		(тізе сәл бүгулі, алақанмен жамбасын қағу) Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ түзу, ұшында) Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ түзу, ұшында) Екі аяқта тұрып, Бір созайық мойынды, (аяқтар ұштарына тұру, мойынды жоғары созу) **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)**			
Балалармен жеке жұмыс	**Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.**	**Саусақ жаттығуы. "Балапан".** Сап-сары ойыншық,		**Балапан ойыншығымен ойнату.**	**"Құстарға жем".** Ермексаздан көлемі бірдей ұсақ

	Д. Ахметова "Қораз". - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. **(сөйлеуді дамыту)**	Дыбыстайды: "Шиық-шиық". Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек. **(сөйлеуді дамыту)**		- Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Суға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып ток- ток-ток, Қанатыңды сок-сок- сок. **(сөйлеуді дамыту)**	кесектерді үзу, жемді илеу амалын игерту. **(мүсіндеу)**
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ірі және ұсақ моторикасын дамыту)**				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. **(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес қимыл әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді карау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. **"Балапандарды құс қорасына жинайық" ойыны.**				

басқалар)	Мақсат-міндеттері. Баланың өз ойыншығын "балапан" деп атап, (басқа баланың жанында отырғанда немесе онымен бірге) ойыншықты үстел үстімен жүргізіп,"құс қорасына" кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру. Педагог балаға балапан ойыншығын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лего материалдарынан жасалған "құс қорасына" кіргізуді ұсынады. Балалар балапан ойыншығын атап жатады. Балапан ойыннан шаршады, Балапанның қарны ашты. Не айтамыз балапанға? - Анаң күтіп қапты, Бас аяқты! **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ұсақ моторикасын дамыту)**
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын атап айтқызу және байқатудың маңызы".

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі:
_____ Н.Тилеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ

Қазан айы V апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы
Топ: Кіші жас «Балапандар» тобы
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 30.10 - 03.11.2023ж.
Педагогтың аты-жөні Талипова Айтолқын Амирхановна

Апта күндері	*Дүйсенбі*	*Сейсенбі*	*Сәрсенбі*	*Бейсенбі*	*Жұма*
	30.10.2023ж	31.10.2023ж	01.11.2023ж	02.11.2023ж	03.11.2023ж
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?"				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруді көрсету; балықтардың дене мүшелеріне,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қурап қалған жапырақтарды үзіп	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен,

басқалар)	қимылына, коректенуіне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәрбиелеу.	алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; суқұйғыш арқылы суаруды көрсету.	жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру.	көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру.	бетінің тегіс болуын бақылау.
	"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оның атауын атайды, түсі мен пішінін айту үшін қолына алады. - Бұл неңің дыбысы? - Бұл неңің жүрісі? - Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар! Шанағымда сендер	**"Көгөністер дүкені" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер, көгөніс сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Сатушы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар, не үшін келдіңдер? Балалар: - Көгөністер сатып алуға келдік. Сатушы: - Менің дүкенім сиқырлы жер. Себебі,	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. **Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен кайда бардың?** (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен кайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен	**Пазлды жинау. "Қарбыз".** Мақсат-міндеттері. Балаларға екі немесе төрт бөліктерден қарбыздың тұтас пішінін құрастыруды үйрету; қарбыздың пішінін дөңгелек екенін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог әртүрлі түстерге боялған (қатты қағазға жапсырылған) қарбыздың суретін екі немесе төрт бөлікке киып алады. **(сенсорика)**	**Қуыршақ ойыншығымен ойнату.** Мақсат-міндеттері.Балаларды ң қуыршақ ойыншығын әлдилеуі арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап қайтаруға ынталандыру. **С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"** Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой.

	үшін сыйлықтар бар! Д. Ахметова - Балалар, жүк көлігі не әкелді? **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	көгөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін. Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма? **Жұмбақтар.** Доптар жатыр желісі бар, Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ.) Ашулы қонақ бұл анық, Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз.) **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері, құрастыру, сурет салу)**	Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Доп-ботка жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. **(сөйлеуді дамыту)**		Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Ертеңгілік жаттығу	**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)** 1. "Керілу жаттығулары". Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою. Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін жанына қарай созу, осы ретпен кері тәртіпте кезек-кезек қайталайды. Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу, тыныс алу. 2. "Қол және иыққа арналған жаттығулар". Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.				

	Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау. Түзу тұрған қолды айналдыру. Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін кейін сермеу, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады. 3. "Аяққа арналған жаттығулар". Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою. Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**
Таңғы ас	Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. ***"Дана ботқаны жемейді".*** Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын», - дейді. Дана, басқалардан қалма, Анаңның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық. Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне көңілді ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Не әкелдің, жомарт күз? - Бір қап көгөніс. - Не әкелдің, жомарт күз? - Дәмі тәтті жеміс. - Не әкелдің, жомарт күз? - Саңырауқұлақ пен жаңғақ. - Не әкелдің, жомарт күз? - Суық жел әкелдім, алтын жапырақ.

	Жаңбырды төктім, Бүкіл алқаптан өттім. Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар! Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру.** "Торғай секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Педагог балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: "Күн бүгін тамаша!", "Торғай секілді көңілді, жеңіл, әрі епті болайық", "Тамаша!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Торғай секілді секіреміз" ойыны.	**Музыка** "Тұлпарым" Мақсат-міндеттер. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.	**Дене шынықтыру** "Домалайды алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты бір-біріне домалату арқылы олардың қимыл белсенділігін қалыптастыру; жаттығулар барысында екі қолымен допты ұстап домалату икемділігіне үйрету; допты дұрыс бағытқа домалату дағдысын меңгерту; игерген жаттығулар мен дағдыларды пысықтау. "Домалайды алмалар!" қимылды	**Дене шынықтыру** "Күнге ұқсаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып орындауға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне	**Мүсіндеуден ойын жаттығу** "Тиінге жаңғақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жаңғақ" деп атауды үйрету; жаңғақты "тиіннің көрегі" деп түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, танымы мен зейінін дамыту; аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту.

	Мақсат-міндеттері. Таякшалардан екі аяқты қосып секіруді үйрету. Қимыл ептілігін дамыту.		ойыны. Мақсат-міндеттері. Алмаларды домалатуды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту.	сенімділік сезіміне тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғыш және күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу. Қ. Мырза Әли "Көше	**Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы	**Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға балшықтың табанға жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз

	тазалаушы". - Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құткан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті. Шиқылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды құрап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері.	жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды. - Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде жеміс ағаштарында піскен алманы жинаймыз. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге	де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларға ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинату. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Қаздар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта,	ұғымдарды қалыптастастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолды алға созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін қалыптастыру. **"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**

	Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен адымдап жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік.	әрекет етуге баулу. **"Орманмен жүрейік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтардың күзде пісетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру. - Балалар, күзде орман ағаштарының жаңғақтары да піседі. - Қанекей, балалар, піскен жаңғақтарды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан	бір-біріне соғылмай, жүгіругді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуды үйрету. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз	**"Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. Табақшада жатты бұршақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау бұршақтарды шашты, Бұршақтар жан-жаққа домаландап қашты. **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға,	Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяқтың ұшымымен

	"Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, коршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастарымен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	жаңғақты жинауды көрсетеді, балалар оған еліктейді. Балалар біресе жүріп, біресе тоқтайды, қолдарын жоғары созады, аяқтың ұшына тұрады, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. Орманмен жүрейік, Жаңғақтарды терейік. Бір жаңғақты биіктен, Екіншісін төменнен, Қалғандарын жан-жақтан Шапалақтап алақан. Д. Ахметова **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балалардың нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. С. Бегалин "Қазым". - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттері.	ептілікке баулу.	тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) белгі бойынша тізілуге, белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.

			Алға қарай жылжи отырып, екі ақпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Бірге, тату ойнауға, ойыншықтарға таласпай ойнауды үйрету.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(дербес кимыл әрекеті)**				
Түскі ас	Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. ***"Дана ботқаны жемейді".*** Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын,» - дейді. - Дана, басқалардан қалма, Ананның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық. Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**				
Түскі ұйқы	Балалардың жайлы ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Аудио ертегі тыңдау (педагогтің немесе балалардың таңдауы бойынша). **(көркем әдебиет)**				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**"Қоян" тақпақ.** Қоян, қоян, тұршы, Беті-қолыңды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Әдемі көйлек киші, Бізге қонаққа келші. Балалар аяқ киімдерін киіп, жуынатын бөлмеге педагогпен бірге барады. Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетің жу. Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың. Педагог тақпақты мәнерлеп оқу керек. **Шынықтыру шаралары.** Дымқыл сүлгімен сүртіну. "Денсаулық жолдарымен" жалаңаяқ жүру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**				
Бесін ас	**"Біз қалай тамақтанамыз?" ойын жағдаяты.** Дастарқан басында тыныштық сақтау, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың жалпақ жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануды үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,	**"Көгөністер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністерді	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Балапан". Мақсат-міндеттері.	**Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Үлкен және кішкентай үйшіктер". Мақсат-міндеттері.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Күн". Мақсат-міндеттері. Балаларды сары	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жемістер мен көгөністер".

бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен ұстау арқылы түйсінуді дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: көгөністердің нақпішіндері. Міне, дәмді көгөністер, Күзге дейін пісіп өскен, Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. "Көгөністер" атты мультфильмін көру. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, танымдық дағдылар)**	Балаларды ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстыру және оларды атауды үйрету; құстар мен олардың балапандарының тіршілігі туралы қысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардың ой-өрісін кеңейту. Балаларды сөйлеу тілін, еске сақтауы мен зейінін дамыту. **"Балапандар" қозғалыс ойыны.** Педагог: - Балалар, сендер балапан боласыңдар. - Балапандар тауық корада отырады. Орындықтарға отырғызу. - Балапандарым,	Балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратуды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін байқап, біртұтас бейнені құрастыруды үйрету; салыстыру және құрастыру барысында сөздік нұсқау не үлгі нысанына сүйеніп тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін	борды үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуді үйрету; шеңбер шеттерінен бастап, жан-жаққа түзу сызықтарды, "сәулелерді", созып салуға машықтау; шеңберді қағаз бетінің ортасына орналастыруға дағдыландыру; салып қалдырған іздерді басынан бастап, аяғына дейін көзбен бақылап отыруды жаттықтыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға талпындыру; күннің жарық беру қасиеті туралы түсінік беру. **"Күнге не ұқсайды?"**	Мақсат-міндеттері. Балаларды жеміс және көгөніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл күйлерін қалыптастыру. **"Шеңберде жүр балалар" музыкалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Әуен ырғағына сай, белгілі ырғақтық қозғалыстарды жасауға дағдыландыру. **"Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға киім түрлерін атауды,

		аулаға шығыңдар. Педагог балаларды өзіне қарай ойын алаңына шақырады. - Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдер. Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Қалай? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды көрсетіп жүру. - Балапандар! Әне үлкен құс ұшып келе жатыр! Қораға жүгіріңдер! Балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып	арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін мен танымын, байқағыштығы мен эмоциялық сезімдерін дамыту. **"Үйшік салайық" іс-тәжірибе жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерден үйшік құрастыруды үйрету. **"Жемістер" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсінуді дамыту, еске сақтауға баулу. Құралдар: жемістердің	**дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендіру. Ұқсастықтарды және айырмашылықтарды табуды үйрету. **"Біз шалқандай өстік"** Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін бойларын сергіту. "Біз шалқандай өстік". Жаттығуды балаларды шоқайтып отырғызып бастауға болады. Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру), Күнге қолды создық (жоғары созылу).	оларды ажыратуды үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдер қалыптастыру. Құралдар: куыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер. - Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін нені кигіземіз? - Қайда кигіземіз? Көрсетіңдерші. Балалар кезегімен шығып, педагогтің көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен киінуді үйренеді. Киім үлгілерінің барлығы аталуы керек.

		отыруы үшін асықтыруға болмайды. Ойынды екі рет өткізуге болады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**	нақпішіндері. Ал бау-бақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**	Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау), Қайта жерге отырдық (қайта отыру). Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)**	**(сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс	**"Көгөністер".** Міне, дәмді көгөністер, Күзге дейін пісіп өскен, Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**"Жемістер".** Ал бау-бақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!"** Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	**"Алма".** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту. **(мүсіндеу)**	**С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"** Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке" **(көркем әдебиет)**

Серуенге дайындық	Қауіпсіздік ережелері жайында жеке және жалпы әңгімелесу. (сөйлеу тілін белсендіру үшін). Мақсат-міндеттері. Балаларды серуенге шығуға ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етіктің жүйе бойынша киюлерін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғыш және күрекпен тазалау жұмысын бақылау; еңбеккорлыққа баулу. **Қ. Мырза Әли "Көше тазалаушы".** - Таныссың ба, бала, менің ісіммен,	**Ағаштарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады,	**Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтарға қарап, желдің соққанын байқауғды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары	**Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын екі жаққа жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру.	**Топырақты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, аяғымыздың

	Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті. Шиқылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды құрап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға	козғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды. - Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.	жапырақты. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің үлгісін көріп, қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Қаздар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын	Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды гүлзарды тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Бұршақтар" қимылды ойыны.**	табаны кірлеп қалады. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. **"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**

	машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен адымдап жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. **"Шашылған бұршақтарды (доптарды)**	**"Орманмен жүрейік" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтарды күзде пісетіні туралы түсініктер қалыптастыру. - Балалар, күзде орман ағаштарының жаңғақтары да піседі. - Қанекей, балалар, піскен жаңғақтарды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жаңғақты жинауды	жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, жан-жаққа бұлғап жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып	**(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіру дағдыларын жетілдіру. Табақшада жатты бұршақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау бұршақтарды шашты, Бұршақтар жан-жаққа домаландап қашты. **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш

	жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, айналадағы кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	көрсетеді, балалар оған еліктейді. Жүріп, тоқтап, қолдарын жоғары созып, аяқтың ұшына тұрып, қайта тұрып, әрі қарай бағыттайды. Орманмен жүрейік, Жаңғақтарды терейік. Бір жаңғақты биіктен, Екіншісін төменнен, Қалғандарын жан-жақтан Шапалақтап алақан. Д. Ахметова **"Шенберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп атқызу, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту.	кеткенде, педагог қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. **С. Бегалин "Қазым".** - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен		жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуды үйрету, қимыл шапшаңдығын дамыту, достыққа тәрбиелеу.

			бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Балаларды барлығы бірге қосылып тату ойнауды, ойыншықтармен бөлісуді үйрету.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету **(дербес қимыл әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Шалқан" ертегісін сахналау.** Мақсат-міндеттері: балалардың эмоционалдылығын дамыту, ертегілерге қызығушылықтарын тәрбиелеу, мазмұнын тыңдауды және түсінуді үйрену, шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Дамытушылық ойын жағдаят: "Көгөністер, жемістер, жидектер".** Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністердің кейбірі бақшада көрініп тұрса, кейбірін жапырақтар арасынан іздеу керектігін көрсету; балаларға көгөністерді зерттеуді ұсыну, сипап көру (шалқанның қабығы тегіс, киярдың қабығы бұдыр), басып көру (қатты), дәмін татып көру. Қиылған бөліктерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)** Пирамида жинау. Бауын байлайтын ойыншықтармен ойындар.				

	Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: күз туралы ән салуға шақыру. **(музыка)** **"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту. 1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою. 2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру. 3. Қол шапалақтау. 4. Екі аяқпен секіру. 5. Айналу. 6. Сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлату. 7. Сылдырмақпен билеу. Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру. Өнер бұрышында күздің суретін бояу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық дағдылар)**
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?"

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі:
Н.Тилеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ

Қараша айы I апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы
Топ: Кіші жас «Балапандар» тобы
Балалардың жасы: 2 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 06.11 - 10.11.2023ж.
Педагогтың аты-жөні Талипова Айтолқын Амирхановна

Апта күндері	*Дүйсенбі*	*Сейсенбі*	*Сәрсенбі*	*Бейсенбі*	*Жұма*
	06.11.2023ж	07.11.2023ж	08.11.2023ж	09.11.2023ж	10.11.2023ж
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** "Тонады кардан аяқтар". Мақсат-міндеттер. Бір орында тұрып, қос аяқпен ұзындыққа секіруге үйрету; балаларды ұзындыққа секіру техникасы дағдыларына баулу; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру.Балалардың бір орында тұрып, қос аяқпен ұзындыққа секіру икемділіктерін	**Музыка** "Ақша қар". Мақсат-міндеттер. Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгіліне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	**Дене шынықтыру** "Қыста кандай гажап". Мақсат-міндеттер. Бір орында тұрып, қос аяқпен ұзындыққа секіру іскерліктерін қорытындылау; балаларды ұзындыққа секіру техникасы дағдыларын бекіту; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру; ұйымдастырылған іс-әрекетінде өткен	**Дене шынықтыру** "Қысқы ормандағы аңдар". Мақсат-міндеттер. Балаларды еніс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге үйрету; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстап, дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларына машықтандыру. Балалардың еніс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін жетілдіру; кол, дене,	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Ақша қар". Мақсат-міндеттер. Балаларды бормен қыска сызықтарды айкастырып салып "Ақша қарлар" бейнелерін бүкіл қағаз бетіне салуға үйрету; қар бейнесінің аяқталуын бақылап, дәл сондай бейне жасау қабілетін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде достық карым-катынас пен

	жетілдіру; дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту; қос аяқпен секіру кезіндегі дене тепе-теңдігін сақтау дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметіне белсене қатысуға қызығушылықтарын арттыру. **Дене шынықтыру** "Қыс қызығы қарда". Мақсат-міндеттер. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру іскерліктерін жетілдіру; балаларды 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру дағдыларын дамыту; қос аяқпен секіру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға		жалпы дамыту және негізгі қимыл жаттығуларын пысықтау.	аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту; еніс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін ұстай білу дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне белсенді араластыру.	ізгілік ережелеріне және шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.

	дағдыландыру; екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 4-5 м жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрып, доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізу; ұйымдастырылған іс-әрекетіне деген белсенділіктерін арттыру.				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның	**Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың	**Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге	**Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға	**Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне көңіл аудару, қардың көп болғанын

	үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды шыршаны аулаға уақытша шығарып қоя алады. - Балалар, мынау не? - Жарайсыңдар, бұл шырша. - Қараңдаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты. "Шырша". Қызық-думан күн	жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Бірақ қыста күн суық. - Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады. - Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Алпақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Алпақ	ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы. - Қолғаптарға не түсті? - Иә, ақша қарлар түсіп жатыр. - Ақша қарлар оюлы Күн көзіне жылтырайды. Ақша бұлттың гүлдері Баяу ұшып, асықпайды. - Ақша қарлар неге ұқсайды? - Жарайсыңдар, ақша қарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды	ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысын? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп,	байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру), Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою). Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балакай (қол белде, аякпен сап түзегендей болып жүреді), Аякпенен тәй-тәй

	келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді төрледі. Ә. Табылдиев **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды шыршаның айналасын түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дене**	қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**	сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.	қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)** Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.	(қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді). Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету,

	шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Балаларды шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу. Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді. Шыршаға қараңдар, Таңқалып қалмаңдар. Бұтақтағы ойыншықпыз, Шеңбердегі аюмыз. Енді, біз түлкіміз, Түлкі болып жүрміз. Қоянмен біргеміз, Бірге секіреміз. Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды. Балықтай жүземіз, Үндемей күлеміз. **"Шашылған**	Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстағанға ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш -	- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара ұқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екінші қолды сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау) Біз татумыз, біз біргеміз, Шапалақтап, секіреміз. Оп-оп! Шапалақ! Секір, секір! Шапалақ! Жаттығу бірнеше рет қайталанады. **"Тегіс жолмен**	Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвиннше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға, солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға, солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-біріміздең калмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**	аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ...

	қарларды (допгарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыкка, дәлдікке, коршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыкка тәрбиелеу.	орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. **"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі колмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға,	**жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жакка шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыкка, достыкка тәрбиелеу.	Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. **"Шеңберден шыкпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыкка, достыкка тәрбиелеу.

		еттілікке баулу.			
Серуеннен оралу	**Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». **(музыка)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйретуді жалғастыру. «Бай керуен» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) **(көркем әдебиет)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйретуді жалғастыру. «Ғажап құс» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) **(көркем әдебиет)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйретуді жалғастыру. «Бақыт пен сәттілік» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». **(музыка)**

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Керуеттегі жаттығулар** Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алдына-артына тербелу. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың қасиеттерімен таныстыру; карды көзбен көру, саусақты тигізу және қармен ойналатын ойындарға қатысу арқылы оны жақынырақ тануға машықтау; қыс мезгілінде ойналатын ойындар кезінде	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Шаңғы жолы". Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпіштер арқылы екі жіңішке шаңғы жолын жасауға үйрету; кірпішті жатқызып, келесі кірпішті бірінші кірпішке қоса білу қабілетін арттыру; екінші жіңішке жолды бірінші жолдың бағытмен құрастыру амалдарына	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қар". Мақсат-міндеттер. Балаларды Қ. Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың табиғи қасиеттері туралы ұғым беру; балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың жыл мезгілдеріне деген қызығушылықтарын	**Музыкадан ойын-жатығу** "Ақшақармен би билейік". Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; қыс мезгіліне қатысты музыканың ырғағы мен сипатына сай үйлесімді қимылдарды жасауға	**«Үлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)** Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды. Тәулік бойы тынбайтын, Болайықшы ұлпақар. 1, 2, 3, 4, 5

	тәртіп ережелерін сақтауға үйрету. **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа	машықтандыру; өз жұмысынан қанағат алу қабілетін арттыру; қыс мезгілі туралы қысқаша түсінік беру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдау мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен бейімін, зейінін, байқағыштығын дамыту. **"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен	ояту; ұйымдастырылған іс-әрекетінде мәдени қарым-қатынасты сақтай білуге тәрбиелеу. **"Нені киесің?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру; зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту. Құралдар: куыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері).	ынталандару. **"Қар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады. Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату) Жамылыпты қыркалар. (колдарды төмен бұлғау)	Үлпақарлар ұш! (алақандарындағы үлпақарлаға үрлейді) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**

	жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)**	және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады. Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен	Педагог балалардың алдарына әртүрлі киімдер мен аяқ киімдер, бас киімдер үлгілерін жайып қояды. Балалар қандай киімді қайда киетіндері туралы айтып жатады. **(қоршаған ортамен танысу)**	Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау) Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету) Ш. Әлдибекұлы. **(сөйлеуді дамыту)**	

		сүйемелдейді. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)**			
Балалармен жеке жұмыс	**"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; кардың қасиеті жөнінде алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жаткан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы.	**Саусақ жаттығуы. "Қолғап".** - Қане, қолғапты киеміз, Бір қолды салып көреміз, Екінші жұп қолғапты Киіп алсақ – жарап тұр. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)**	**"Қар жауды"** Мақсат-міндеттер. Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. **(мүсіндеу)**	**Саусақ жаттығуы. "Міне, міне, қар жауды".** - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру), Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою). Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен	Өздері сүйіп көретін мультфильмінің үзіндісін қарау. Басты кейіпкерлердің аттарын жаттау, әннің сөздерін қайталау; жағымды эмоцияларды дамыту. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**

	Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін. - Қарға не болды? - Иә, қар ұшып кетті. - Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**			сап түзегендей болып жүреді), Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді). Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	
Серуенге дайындық	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)** Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** Еркін рөлдік ойындар.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың зейін ерекшеліктері", "Баланы қандай түстермен таныстыру керек?", "Қоршаған заттардың түстері және баланың денсаулығы".

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Асыл-Сая» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі:
Н.Тлеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ

Қаңтар айы III апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ***ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай бақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар» тобы***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезеңі: ***15.01 - 19.01.2024ж.***
Педагогтың аты-жөні ***Талипова Айтолқын Амирхановна***

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	15.01.2024ж	***16.01.2024ж***	***17.01.2024ж***	***18.01.2024ж***	***19.01.2024ж***
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер.Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Терезе әйнегінде қырау оюлары бар болса, көңіл аудару; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын

	астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	табуға ынталандыру, мақтау.	ұқсайтынына көңіл аудару.	бақылау; су құйғышты ұстап, суаруды үйрету.
	Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай". Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. – Торғай, торғай (саусақтарды бүгіп-ашу), Шиық-шиық (бір алақанды ашып,	**Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Сауысқан" (ел аузынан).** Мақсат-міндеттер. Балаларды, сауысқан ойыншығына (суретіне) қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Сауысқан (ел ауызынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан.	**Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел аузынан)** Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап,	**Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының әні).** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтарымен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. - Ала қанат сауысқан Пісірді де көжен, Тағаттарын тауысқан Тойғызды көп шөжені.	**Саусақ жаттығуы (қимыл жаттығуы). "Құстар ұшып барады".** Мақсат-міндеттер. Балаларды суретке қарап, тақпақты мәнерлеп айтып, қимылдарды сөздердің ырғағына сай жасауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Құстар ұшып барады, (алақандарды ашып-жинау) Қанаттарын кең жайып. (алақандарды

	оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)! Толған дорба, Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу). Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю), Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау). Торғай, торғай, Ұшып келші (алақандарды жұмып-ашу). Торғай, торғай, Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау). Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту,**	Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлаткан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдаткан сауысқан. **(көркем әдебиет)**	Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтанған. Торғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Ізден бәрі жоқтаған. **(көркем әдебиет)**	Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Ал мынаған бермеді. - Суға барған жоқсың сен, Отын жарған жоқсың сен. Көзін сатпа көжеге, Дым жоқ сендей шөжеге! Х. Ергалиев **(сөйлеуді дамыту)**	ашып-жинау) Торғай ғана қалады. (алақандарды бір-біріне қосып, қысу) Көкке қарап мұнайып. (алақандарды бір-біріне қосып, қысу) – Кел, торғайым, мұнайма, (саусақтарды өзіне қарай бұлғау, "шақыру") Жылытайық бойынды. (алақандарды өзара ұқалау) Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**

	дене шынықтыру)				
Ертеңгілік жаттығу	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** 1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет). 2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы. Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде. 1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады). 3. "Шеге қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға				

іс-әрекетке дайындық	болады. - Құстардай ұшайық, Бұтаға отырайық. Дәндерді шоқып, Аяққа тұрып, Шеңберді құрып, Күнге созылайық. **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** "Көгершінмен ойын ойнайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты бастан жоғары асырып, алыска лақтыру іскерліктерін дамыту; допты алыска лақтыруда алыска дәлдеу қабілетін арттыру; кубикпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; қыстап қалатын құстар туралы білімдерін	**Музыка** "Суық торғай". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аягына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің дыбыстық ерекшелігін қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық	**Дене шынықтыру** "Құстармен бірге ойнайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау кезінде ептіліктерін дамыту; бірінің артынан бірін жүргізу және жүгірту; тізбекпен жұп болып және 2-3 баладан сап түзеп, алға жүру, бір орында тұрып аяқтың ұшымен жүру; әуенге	**Дене шынықтыру** "Еңбектеген маргау". Мақсат-міндеттер. Балаларды доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өтуге үйрету; доғадан төрт тағандап еңбектеп өтудің техникасын меңгерту; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларына машықтандыру. Балалардың доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту икемділіктерін	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Шұбар тауық" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Шұбар тауық" ертегісінің мазмұнымен мұқият таныстыра отырып, сұрақтарға жауап барысында білімдерін пысықтау; мазмұнға сай баяндауға деген талпыныстыдамыту; үй құсының адам өміріндегі рөлі туралы ұғымдарын қалыптастыру.

	толықтыру.	шығармашылықпен еркін жасауға дағдыландыру.	сәйкес би қимылдарын жасау; еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; оқу қызметін пысықтау.	жетілдіру; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларын қалыптастыру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, жаңа жаттығуды тез қабылдау және оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетін дамыту.	Баланың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың	**Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын	**Сары шымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары	**Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға	**Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта корекке тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.

	қимылдарын анықтауға үйрету. *"Құстар, құстар, келіңдер".* Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды	тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек	болуын байқату; зейінді дамыту. *"Сары шымшық."* Сары шымшық шиқылдайды: - Шиық-шиық, шиық-шиық. Жылы жаққа ұшпайды, Суықтан тығылмайды. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды	ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Далаға суық қыс жетті, Аппақ карды жерге төкті. Қараңдар, ағаш пен шатыр, Барлық жерде қар жатыр. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды карды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер:	- Балалар, қараңдаршы, бұл шемшашар. - Жемшашарда не бар? - Иә, жемшашарға құстар қонды. - Құстар не істейді? - Дұрыс, құстар жемді шокиды. Педагог көркем созді оқып береді. - Батыл екен біздің құстар, Аулада қалады олар қыстап. Жемшашарға жем шашайық, Құстарды аялайық. Дыбыстайды құстар "шиық-шиық", Жем берейік - "жиіп-жиіп". Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды

	дамыту. **"Үйдағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын	әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санды сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар мен кандай құсты көрсетемін?	дамыту. **"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға	балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды	жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтаскан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар.

	көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады: – Торғай, торғай , Шық-шық. Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. Д. Ахметова - Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар! Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалумауларын	- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар! - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар! - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. **"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**	шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. **"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова	Маргау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. **"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.

	қадағалау керек. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, коршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.		**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	**Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау),				

	Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйретуді жалғастыру. «Алтын алма» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. «Айдаһардың апаны» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Балғер» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». **(музыка)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Ұйқыашар жаттығулары.** Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.к.: аяқты сәл алшақ кою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар канат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.к.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Ойын-жағдаят: "Біз ас ішеміз".** Мақсат-міндеттер: үстел басында тыныш отыруды, денені, қасықты дұрыс ұстауды, қасыққа асты толтырмай				

	алуды, ернеуі кең жерінен шусыз жеуді үйрету, өз бетінше, ұқыпты жеу біліктіліктерін тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Жем берейік ұястап". Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге, жағымды эмоционалды жауап беруге; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға ынталандыру. **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберді бірігіп құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Жемшашар". Мақсат-міндеттер. Құстардың дыбыстарының аудиожазбасы; көрсеткіш, қыстайтын бір-екі құстың жемшашарда отырғаны туралы мазмұнды сурет; кірпіштерден құрылған жемшашар үлгісі (суреті); құрылыс материалдары жинағы; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы. **Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?"** Мақсат-міндеттер.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ауладағы құстар". Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстардың түрлерімен таныстыру арқылы қарға мен торғайды ажыратуға үйрету; құстардың дене құрылымы мен тіршілік ерекшеліктері туралы түсінік беру; ауладағы құстарды бақылата отырып, құстар туралы жағымды түсініктерін қалыптастыру. **Саусақ жаттығуы.**	**"Сары шымшық" қимылды жаттығуы.** - Балалар, қазір біз сары шымшық туралы жаттығуды жасап көрейік. Балалар педагогпен бірге ілесіп, сөздерді айта жүріп, белгілі қимылдарды жасайды. - Сары шымшық - алтын құс. (Аяқтар бірге, тізелерді сәл бүгіп, қайта тұру, екі қолды екі жамбаска қағып тұру) Қыстап жүрген батыл құс. Қанаттарын жаяды, (Қолдарды екі жаққа сермеп, жылдам қағу) Жылдам-жылдам	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Құстар жем шоқиды". Мақсат-міндеттер. Балаларды жемшашарды ұшына мақта оралған таяқшамен нүктеге толтыруға үйрету; нүктелер бірдей түсте болуы үшін бояуға дұры малуға көңіл аударуға дағдыландыру; ойын желісіне сай келетін сурет сала алу қабілетін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау туралы ұғымдар беру. **"Шұбар тауық"**

	ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш"	Балаларға тауықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, үй құсының қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға балапан маскаларын кигізу, ойыншық ыдысты ұсыну. "Тауық қалай ішеді?" Тұмсығын тек малады, Бір тамшылап алады. Әзер жұтар шалқайып, Бүлк-бүлк етіп тамағы. - Бұл қалай су ішкені? - Тірі азапқа түскені. С. Боранбаев **(сөйлеуді дамыту)**	**"Дым да жоқ" (орыс халқының әні).** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтармен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. - Ала қанат сауысқан Пісірді де көжені, Тағаттарын тауысқан Тойғызды көп шөжені. Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Ал мынаған бермеді. - Суға барған жоқсың сен,	қағады. Ұшып-ұшып, бұтаға, Шапшаңдықпен қонады. (Төмен жерге шоқайып отыру) Шоқып-шоқып дәндерді, (Баспен шайқау) Аспандарға ұшады. (Қайта аякка тұрып, қолдармен жан-жаққа сермеу, түсіру) - Жарайсыңдар, балалар! **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**ертегісін сахналау.** Мақсат-міндеттер. Балалармен бірге Шұбар тауық ертігісінің желісін пысықтау, бас кейіпкерлердің әрекеттеріне қызығушылық тудыру, жағымды эмоцияларды дамыту. – Ай-ай-ай! Шұбар тауық! Қайдан аламыз тауып, Алтын тастай жұмыртқаңды? Үстай алмаймыз сұр тышқанды. Шұбар тауық: – Шұбар болсам, қайтейін, Бір жұмыртқа берейін. Алтын емес, жай емес, Аппақтарға сай емес,

	дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**		Отын жарған жоқсың сен. Көзін сапта көжеге, Дым жоқ сендей шөжеге! Х. Ергалиев **(сөйлеуді дамыту)**		Шұбар екен жұмырткам Қабығы да жұп-жұқа. Пісіріңдер, алыңдар, Таска жарып алыңдар. **(көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс	**Қыстайтын құстарының суреттерін карастыру.** Мақсат-міндеттер: құстардың атауларын есте сақтауға, қайда мекендейтінін пысықтау; камкорлыкка тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, коршаган ортамен танысу)**	**"Шұбар тауық" ертегісі бойынша саусақ театры.** Мақсат-міндеттер: "Шұбар тауық" ертегісі желісін балалармен бірге еске түсіру, кейіпкерлердің сөздерін мәнерлеп айтуға тарту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: ертегі кейіпкерлерінің саусакка тағылатын	**Трафареттармен жұмыс: "Қыстайтын құстар"** (бастыру, бояу). Мақсат-міндеттер: құстар туралы ұғымдарды тиянақтау, ұсақ кол моторикасын, қабылдау қабілетін дамыту.	**Саусақ жаттығуы. "Балапан".** - Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: Шиық-шиық. Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек. **(сөйлеуді дамыту)**	**"Құстарға жем".** Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жем түйіршіктерін илеу амалдарын игерту. **(мүсіндеу)**

		бейнелері. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**			
Серуенге дайындық	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар туралы әндер жаттау. **(музыка)** Өнер бұрышында қыстайтын құстарды бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы".				

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі:
Н.Тилеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ

Қаңтар айы IV апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ***ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай бақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар» тобы***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезеңі: ***22.01 - 26.01.2024ж.***
Педагогтың аты-жөні ***Талипова Айтолқын Амирхановна***

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	22.01.2024ж	***23.01.2024ж***	***24.01.2024ж***	***25.01.2024ж***	***26.01.2024ж***
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер.Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Терезе әйнегінде қырау оюлары бар болса, көңіл аудару; ернектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын

	астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	табуға ынталандыру, мақтау.	ұқсайтынына көңіл аудару.	бақылау; су құйғышты ұстап, суаруды үйрету.
	Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай". Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. – Торғай, торғай (саусақтарды бүгіп-ашу), Шық-шық (бір алақанды ашып,	**Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Сауысқан" (ел аузынан).** Мақсат-міндеттер. Балаларды, сауысқан ойыншығына (суретіне) қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Сауысқан (ел ауызынан) Ала канат сауысқан, Жауыр атка жабысқан.	**Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел аузынан)** Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап,	**Саусақ жаттығуы. "Дым да жок" (орыс халқының әні).** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтарымен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. - Ала канат сауысқан Пісірді де көжен, Тағаттарын тауысқан Тойғызды көп шөжені.	**Саусақ жаттығуы (қимыл жаттығуы). "Құстар ұшып барады".** Мақсат-міндеттер. Балаларды суретке қарап, тақпақты мәнерлеп айтып, қимылдарды сөздердің ырғағына сай жасауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Құстар ұшып барады, (алақандарды ашып-жинау) Қанаттарын кең жайып. (алақандарды

	оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)! Толған дорба, Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу). Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю), Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау). Торғай, торғай, Ұшып келші (алақандарды жұмып-ашу). Торғай, торғай, Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау). Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту,**	Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлаткан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдаткан сауысқан. **(көркем әдебиет)**	Бөтегесі томпайып, Түймедей боп мөңтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтанған. Торғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Ізден бәрі жоқтаған. **(көркем әдебиет)**	Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Ал мынаған бермеді. - Суға барған жоқсың сен, Отын жарған жоқсың сен. Көзін сатпа көжеге, Дым жоқ сендей шөжеге! Х. Ергалиев **(сөйлеуді дамыту)**	ашып-жинау) Торғай ғана қалады. (алақандарды бір-біріне қосып, қысу) Көкке қарап мұнайып. (алақандарды бір-біріне қосып, қысу) – Кел, торғайым, мұнайма, (саусақтарды өзіне қарай бұлғау, "шақыру") Жылытайық бойынды. (алақандарды өзара ұқалау) Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**

	дене шынықтыру)				
Ертеңгілік жаттығу	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** 1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет). 2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы. Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде. 1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады). 3. "Шеге қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз конаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға				

іс-әрекетке дайындық	болады. - Құстардай ұшайық, Бұтаға отырайық. Дәндерді шоқып, Аяққа тұрып, Шеңберді құрып, Күнге созылайық. **(сөйлеуді дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** "Көгершінмен ойын ойнайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты бастан жоғары асырып, алыска лақтыру іскерліктерін дамыту; допты алыска лақтыруда алыска дәлдеу қабілетін арттыру; кубикпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; қыстап қалатын құстар туралы білімдерін	**Музыка** "Суық торғай". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің дыбыстық ерекшелігін қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық	**Дене шынықтыру** "Құстармен бірге ойнайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау кезінде ептіліктерін дамыту; бірінің артынан бірін жүргізу және жүгірту; тізбекпен жұп болып және 2-3 баладан сап түзеп, алға жүру, бір орында тұрып аяқтың ұшымен жүру; әуенге	**Дене шынықтыру** "Еңбектеген марғау". Мақсат-міндеттер. Балаларды доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өтуге үйрету; доғадан төрт тағандап еңбектеп өтудің техникасын меңгерту; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларына машықтандыру. Балалардың доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту икемділіктерін	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Шұбар тауық" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Шұбар тауық" ертегісінің мазмұнымен мұқият таныстыра отырып, сұрақтарға жауап барысында білімдерін пысықтау; мазмұнға сай баяндауға деген талпыныстыдамыту; үй құсының адам өміріндегі рөлі туралы ұғымдарын қалыптастыру.

	толықтыру.	шығармашылықпен еркін жасауға дағдыландыру.	сәйкес би қимылдарын жасау; еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; оқу қызметін пысықтау.	жетілдіру; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларын қалыптастыру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, жаңа жаттығуды тез қабылдау және оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетін дамыту.	Баланың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың	**Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын	**Сары шымшықты бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары	**Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың карды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; кардың кайда жатқанына көңіл аударып, айтуға	**Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта корекке тойғызу қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту.

	кимылдарын анықтауға үйрету. *"Құстар, құстар, келіңдер".* Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды	тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек	болуын байқату; зейінді дамыту. *"Сары шымшық."* Сары шымшық шиқылдайды: - Шиық-шиық, шиық-шиық. Жылы жаққа ұшпайды, Суықтан тығылмайды. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды	ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Далаға суық қыс жетті, Аппақ карды жерге төкті. Қараңдар, ағаш пен шатыр, Барлық жерде қар жатыр. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды карды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер:	- Балалар, қараңдаршы, бұл шемшашар. - Жемшашарда не бар? - Иә, жемшашарға құстар қонды. - Құстар не істейді? - Дұрыс, құстар жемді шоқиды. Педагог көркем сөзді оқып береді. - Батыл екен біздің құстар, Аулада қалады олар қыстап. Жемшашарға жем шашайық, Құстарды аялайық. Дыбыстайды құстар "шиық-шиық", Жем берейік - "жиіп-жиіп". Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды

	дамыту. **"Үйдағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын	әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар мен кандай құсты көрсетемін?	дамыту. **"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға	балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жакка жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды	жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар.

	көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады: – Торғай, торғай , Шиық-шиық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. Д. Ахметова - Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар! Ойын екі рет қайталанады. Дауысты катты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалумауларын	- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар! - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар! - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. **"Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**	шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. **"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова	Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домаландап кашты. **"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.

	қадағалау керек. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.		**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	**Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау),				

	Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын алма» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Айдаһардың апаны» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Балгер» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». **(музыка)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Ұйқыашар жаттығулары.** Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.к.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар канат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.к.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көнілденіп жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**Ойын-жағдаят: "Біз ас ішеміз".** Мақсат-міндеттер: үстел басында тыныш отыруды, денені, қасықты дұрыс ұстауды, қасыққа асты толтырмай				

	алуды, ернеуі кең жерінен шусыз жеуді үйрету, өз бетінше, ұқыпты жеу біліктіліктерін тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Жем берейік уыстап". Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге, жағымды эмоционалды жауап беруге; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға ынталандыру. **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберді бірігіп құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Жемшашар". Мақсат-міндеттер. Құстардың дыбыстарының аудиожазбасы; көрсеткіш, қыстайтын бір-екі құстың жемшашарда отырғаны туралы мазмұнды сурет; кірпіштерден құрылған жемшашар үлгісі (суреті); құрылыс материалдары жинағы; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы. **Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?"** Мақсат-міндеттер.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ауладағы құстар". Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстардың түрлерімен таныстыру арқылы карға мен торғайды ажыратуға үйрету; құстардың дене құрылымы мен тіршілік ерекшеліктері туралы түсінік беру; ауладағы құстарды бақылата отырып, құстар туралы жағымды түсініктерін қалыптастыру. **Саусақ жаттығуы.**	**"Сары шымшық" қимылды жаттығуы.** - Балалар, қазір біз сары шымшық туралы жаттығуды жасап көрейік. Балалар педагогпен бірге ілесіп, сөздерді айта жүріп, белгілі қимылдарды жасайды. - Сары шымшық - алтын құс. (Аяқтар бірге, тізелерді сәл бүгіп, қайта тұру, екі қолды екі жамбасқа қағып тұру) Қыстап жүрген батыл құс. Қанаттарын жаяды, (Қолдарды екі жаққа сермеп, жылдам қағу) Жылдам-жылдам	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Құстар жем шоқиды". Мақсат-міндеттер. Балаларды жемшашарды ұшына мақта оралған таяқшамен нүктеге толтыруға үйрету; нүктелер бірдей түсте болуы үшін бояуға дұры малуға көңіл аударуға дағдыландыру; ойын желісіне сай келетін сурет сала алу қабілетін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау туралы ұғымдар беру. **"Шұбар тауық"**

	ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш"	Балаларға тауықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, үй құсының қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға балапан маскаларын кигізу, ойыншық ыдысты ұсыну. "Тауық қалай ішеді?" Тұмсығын тек малады, Бір тамшылап алады. Әзер жұтар шалқайып, Бүлк-бүлк етіп тамағы. - Бұл қалай су ішкені? - Тірі азапқа түскені. С. Боранбаев **(сөйлеуді дамыту)**	**"Дым да жоқ" (орыс халқының әні).** Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтармен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. - Ала қанат сауысқан Пісірді де көжені, Тағаттарын тауысқан Тойғызды көп шөжені. Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Ал мынаған бермеді. - Суға барған жоқсың сен,	қағады. Үшып-үшып, бұтаға, Шапшаңдықпен қонады. (Төмен жерге шоқайып отыру) Шоқып-шоқып дәндерді, (Баспен шайқау) Аспандарға ұшады. (Қайта аякка тұрып, қолдармен жан-жакка сермеу, түсіру) - Жарайсыңдар, балалар! **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**ертегісін сахналау.** Мақсат-міндеттер. Балалармен бірге Шұбар тауық ертігісінің желісін пысықтау, бас кейіпкерлердің әрекеттеріне қызығушылық тудыру, жағымды эмоцияларды дамыту. – Ай-ай-ай! Шұбар тауық! Қайдан аламыз тауып, Алтын тастай жұмыртқаңды? Ұстай алмаймыз сұр тышканды. Шұбар тауық: – Шұбар болсам, қайтейін, Бір жұмыртқа берейін. Алтын емес, жай емес, Аппақтарға сай емес,

	дегенді балаларга қайталатып айткызу қажет. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**		Отын жарған жоқсың сен. Көзін сапта көжеге, Дым жоқ сендей шөжеге! Х. Ерғалиев **(сөйлеуді дамыту)**		Шұбар екен жұмыртқам Қабығы да жұп-жұқа. Пісіріңдер, алыңдар, Таска жарып алыңдар. **(көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс	**Қыстайтын құстарының суреттерін қарастыру.** Мақсат-міндеттер: құстардың атауларын есте сақтауға, қайда мекендейтінін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	**"Шұбар тауық" ертегісі бойынша саусақ театры.** Мақсат-міндеттер: "Шұбар тауық" ертегісі желісін балалармен бірге еске түсіру, кейіпкерлердің сөздерін мәнерлеп айтуға тарту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: ертегі кейіпкерлерінің саусакка тағылатын	**Трафареттармен жұмыс: "Қыстайтын құстар"** (бастыру, бояу). Мақсат-міндеттер: құстар туралы ұғымдарды тиянақтау, ұсақ қол моторикасын, қабылдау қабілетін дамыту.	**Саусақ жаттығуы. "Балапан".** - Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: Шиық-шиық. Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек. **(сөйлеуді дамыту)**	**"Құстарға жем".** Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жем түйіршіктерін илеу амалдарын игерту. **(мүсіндеу)**

		бейнелері. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**			
Серуенге дайындық	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар туралы әндер жаттау. **(музыка)** Өнер бұрышында қыстайтын құстарды бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы".				

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Асыл-Сайн» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі:
А.Тилеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ

Қаңтар айы V апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ***ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай бақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар» тобы***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезеңі: ***29.01 - 02.02.2024ж.***
Педагогтың аты-жөні ***Талипова Айтолқын Амирхановна***

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	29.01.2024ж	***30.01.2024ж***	***31.01.2024ж***	***01.02.2024ж***	***02.02.2024ж***
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "1-2-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?", "1-2 жасар баланың қызығушылықтары".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға	**"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту; ұсақ ойыншықтар мен заттарды өз қораптарына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен	**"Ойын бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға	**"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау.	**"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (кою жасыл, ашық жасыл) түстеріне

	ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.	ынталандыру, мақтау.		көңіл аудару, суару, бақылау.
	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын". Мақсат-міндеттер. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құсты шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарлары адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Шай ішуге шақырамын Қош келдіңдер, қонақтарым! Кел, кел, мысық,	**"Жіптерді ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі-түсті жіптің орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.	**"Дастарқанды жаямыз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі-түсті ыдыстар мен құралдардан тек түсі бірдей жинақтамаларды құрастыру дағдыларына баулу; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратыны туралы ұғымдарды қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздан қиылған бокал (кесе), қасық және табакша түрлі-	**"Қоян қайда?" дамытушы ойыны.** Балаларды қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне," "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын, белгілі сілтеу есімдіктерін айтып атау. - Балалар, бізде қонақта қоян. - Қоян бізбен ойнағысы келеді. - Ол жасырынса,	**Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді және саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. - Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын алдына ұстап айналдыру) Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау) Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу)

	Кел, кел, күшік, Кел, кел, тауық, Орын дайын. Мысық, кіс-кіс, Күшік, кә-кә, Тауық, шиип-шиип, Шайым дайын. Мысыққа қаймақ, Күшікке жілік, Тауыққа бидай. Ал, шайды кім ішеді? Д. Ахметова **(көркем әдебиет)**	**(сенсорика)**	түсті кескіндерідің бір-бірімен араласқан жинақтамалары. Шарты: әрбір бала қолына алған ыдыс-құралының түсіне сай жинақтамасын құрастырып, алдына табақшаны, ал табақшадан әрі қарай бокалды (кесені), қасықты табақшаның оң жағына орналастыру. Нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-аяқ құралдарының жинағы болады. Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды. Сарғыш Марғау	тауып алу керек. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне," "анда" сиякты жауаптар қайтарамыз. - Қоян қоркақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова Көркем сөзінен кейін, педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып жатып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады. **(сөйлеуді дамыту)**	Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Отырып ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу) Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу) Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау) Домалайды. (жұдырықтарын алдына қойып айналдыру) Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)**

			қонақжай, үйі оның тап-таза, Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар. Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем. Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала, Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ. Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, көжек. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**		
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамытушы жаттығулар** 1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарын алда ұстау; 1–1 жалауды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1–2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауды екі қолмен ұстау; 2–1 жерге отырып, жалауды иық тұсына қою; тұрып, жалауды алға қою (4-5 рет қайталау); 2–2 бастапқы қалыпқа келу; 3. Екі жалаушаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.				

	(дене шынықтыру)				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға жайлы эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу. Балыққа ұқсап - жүземіз, Марғауға ұқсап жүреміз, Құлыншақтай секіреміз, Бір-бірімізге сәлем беріп, иіледіміз. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** "Доғадан еңбектеп өту". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі	**Музыка** "Әсем шырша". Мақсат-міндеттері. Балаларды музыканы сезіне білуге үйрету; әнді тыңдау, әуенге ілесе айта білуге	**Дене шынықтыру** "Марғау ұқсап еңбектейміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды доппен орындалатын жалпы дамыту	**Дене шынықтыру** "Мен спортшы боламын!" Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Бауырсақ". Мақсат-міндеттер. Балаларға "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері

	қолға жалау ұстатып жүргізу және жүгірту; педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және бастапқы қалыпқа келу, жалауларды түсіріп, еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; жалаумен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; доғадан еңбектеп өту; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту.	және жаттығуларды дұрыс орындауды үйрету; жаңа жылдық музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасауға машықтандыру; Жаңа жыл мерекесінің қызықтарымен таныстыру.	жаттығуларын жасаудаептіліктерін дамыту; доғадан еңбектеп өту; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту іскерліктерін пысықтау; қимылды ойын арқылы балалардың шеңберге еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; өткен ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау, қорытындылау.	тепе-теңдікті сақтап жүріп өту қимылына жаттықтыру; биіктен қос аяқпен секіре білу жаттығуына үйрету; балаларды шапшаңдық пенептілік, жинақылық дағдыларына баулу. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтай, жүріп өту қимылына жаттықтыра отырып, машықтандыру; биіктен қос аяқпен секіре білу дағдысын және дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысу қызығушылығын арттыру.	Бауырсақ туралы баяндап, олардың дөңгелек пішін туралы түсініктерін пысықтау. Балаларға ермексазды екі алақан арасына салып, дөңгелектеудің тәсіліне үйрету; мүсіндеу барысында саусақтарды тіке созып отыруды жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және елестету қабілетін дамыту. Балалардың ертегі әлеміне деген тұрақты қызығушылығын арттыру, төзімділікке тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Серуен	**Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алыска бағыттайды. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын	**Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету. - Із қалады, қарды басса - Іздер жатыр жолақ ұқсап. - Балалар, қардың түсі қандай? - Қарды үстінен жүрсе, не қалады? - Иә, іздер қалады. - Іздер жолакка айналды. Жарайсыңдар! **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды қарды күректермен күреп,	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұр ма? - Ағаштардың бұтақтарына карайыкшы. - Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш пен бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, - Ш-ш-ш - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! **Еңбекке баулу**	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға кимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық.	**Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қояның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қояның қимылдарын, көркем сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сырткы сипатын байқатады. Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы

	қардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққ тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға	жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. **(еңбекке дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту,	**тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен,	сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады. - Қоян құлақтарын қалай қимылдатады? - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қаранғаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады. - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.

	ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. - Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші. Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді. - Жарайсыңдар!	бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып,	Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсыңдар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды. - Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша. - Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шыкса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады. - Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы. Педагог көркем сөзді қолданады. - Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса	бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. - Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. **"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. **"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды

	Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қалағалап жүреді. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильді көрсетеді, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Ұшыңдар жан-жаққа: - Ұш, ұш! Ойын екі рет ойнатылады. **"Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене**	үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова **"Шеңберге лəлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	олар Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тыныкандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! Д. Ахметова Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен	қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, өткеншек, Айнала бер бізбенен.	жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға гөй, қояй! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! **"Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.

	шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.		секіруге жаттықтыру.		
Серуеннен оралу	**Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Жеке заттарды қолдану (кол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Боран батыр» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Боран мен кермездер» ертегісін тыңдату. **(көркем әдебиет)**	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Жер кіндігі» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)**	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». **(музыка)**
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	**Тақпақ-оятпақ: "Әтеш".** Жата ғой, жата ғой, Демалып, ұйықтай ғой. Төсекте: Әтеш ұйықтайды" -б.қ. аркада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. 3р. Әтеш бидай іздейді"- б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алға, солға еңкейту. 3р. Әтеш су ішеді"- б.қ өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу. Әтеш секіреді" -б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты.** Дастарқан басында тыныш, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Ала Марғау". Мақсат-міндеттер. Балаларға қағаз бетіндегі мысық сұлбасын бақылата отырып, ұзындығы мысық денесінің жуандығына сай келетін сызықтардың салыну тәсілін үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, мысық денесінің бойын жоғарыдан төмен қарай қысқа сызықтармен толтыруға дағдыландыру; сызықтарды біркелкі қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға жаттықтыру; қылқалам ұшы мен сызықтар бағытына	**Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Ыдыстар". Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, көлемі мен пішіні бойынша сәйкестендіруге үйрету; көлемі әртүрлі табақшаларды өзара салыстыруға дағдыландыру; пішіндері мен көлемдері біркелкі заттарды жинау қабілеттерін арттыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдау және ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін мен танымын және	**Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз. Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту,**	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жіппен ойнаған марғау". Мақсат-міндеттер. Балаларды мысықтың баласы марғаумен таныстыра отырып, оның дене құрылымы мен қимылын атауға үйрету; мысық пен марғаудың жануарлар әлемі мен адам өмірінде алатын орны туралы қысқаша түсінік беру. **Ойын-имитация. "Күшіктердің жүрісі".** Мақсат-міндеттер. Балаларды күшіктердің қимылдарына педагогтің	**"Шұбар тауық" ертегісін үстел театры арқылы сахналау.** Мақсат-міндеттер. Балаларға шұбар тауық туралы ертегінің желісін пысықтау, басты кейіпкерлердің сөздерін айтқызып, ертегінің аяғында пайда болған оқиғаға жағымды көңіл-күймен жауап беруге ынталандыру. Құралдар: "Шұбар тауық" ертегісі желісінде кездесетін кейіпкерлердің тіреушелерде тұрған кескіндері, үстел театры ширмасы. Педагог балаларға басында көркем сөз оқып береді. - Бар менің тауығым, Күнде жем

	зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі жаңа жерге ауыса білу кабілетін калыптастыру; педагогтіы үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруга талпындыру; мысық туралы қыскаша түсінік беру. **"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын калыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай	эмоциялық сезімін дамыту. **Ойын-имитация. "Қайсысы, калай ішеді?"** Мақсат-міндеттер. Балалардың жылқының су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Құралдар: балаларға құлыншақ маскаларын кигізу, ойыншық шелек немесе өзге ыдыс ойыншықтарын ұсыну. "Жылқы калай ішеді?" - Жан-жағына елеңдеп, Үзіп-үзіп ішеді.	**сенсорика)** **Текшелерден мұнараны құрастыру.** Жинайық, жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкенінің үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. **(құрастыру)**	көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Күшіктерім жүреді, (тізені жоғары көтеріп, марш басу) Буындарын бүгеді, Бір, екі, бір, екі, Буындарын бүгеді. Күшіктер ықтып шығады, (бір аяқтан екіншіге, оң-солға кезекпен секіру) Ары-бері қозғалады. Бір, екі, бір, екі, Ары-бері қозғалады. Күшіктер табан тірейді, (орнында тұрып, денені төмен түсіріп бұрандау, көтеріліп бұрандау) Құйрықпен ойнап, билейді,	шашамын. Жұмыртқа табуын Асыға тосамын. Б. Қозыкеев **"Менің үй жануарым" мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту)**

	қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады. Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді. **"Менің үй жануарым" мультфильмін көру.**	Тұнық суға тереңдеп, Жүзіп-жүзіп ішеді. - Себебі не сондағы - Тым талғампаз болғаны. С. Боранбаев		Сілкіп-сілкіп, Сілкіп-сілкіп, Құйрықпен ойнап, Билейді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	

	Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру. **(музыка, көркем әдебиет)**				
Балалармен жеке жұмыс	**"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының	**"Акула балакай" атты мультфильмінің үзіндісін көру.** Мақсат-міндеттер. Бас кейіпкерлердің атауларын есте сақтауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту.	Мақсат-міндеттер. Фланелеграфта шарларды орналастыру. **(жапсыру)**	**"Дұрыс орналастыр" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру. Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді	**"Балық".** Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, есу, шымшу амалдарын игерту. **(мүсіндеу)**

	саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	**(сөйлеуді дамыту)**		салу керек. **(сенсорика)**	
Серуенге дайындық	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз кажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес кимыл әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді карау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, казак тілі, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар				

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)** Мақсат-міндеттер. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** Мақсат-міндеттер. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Үстел-үсті ойындар, саусақ моторикасын дамытатын ойындар ойнату. **(сенсорика)** Мақсат-міндеттер. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "2-3-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?", "2-3 жасар баланың қызығушылықтары".

БЕКІТЕМІН:

	ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").		білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	өсімдіктердің гүлдегенін байқату.
	Ритмикалық жаттығу Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру). Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу). Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау). Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай	**Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойнар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық		**«Пирамиданы жинайық» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы құрастыра білуге баулу: сақиналарды алып тастау және қайтадан жинау. Балаларды бір затты екінші заттың үстіне қою арқылы бірдей көлемдегі заттарды табуға үйрету. Құрал-жабдықтар: бес сақиналы пирамидалар	**"Мозаика" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.

	орындау. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**	Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**		Педагог балаларға пирамиданы көрсетеді, олар оны тексереді. Содан кейін педагог өзінің іс-әрекетін мына сөздермен сүйемелдей отырып, сақиналарды пирамидадан алып тастайды: «Пирамида болды, сақиналар алынып тасталды - біз сақиналарды таяқшаға қоямыз! Содан кейін ол кайтадан пирамиданы бөлшектейді және жинайды. Осыдан кейін ол балаларға бәрін өз бетімен жасауды ұсынады. **(сенсорика)**	Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады. **(сенсорика)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** "Қайырлы күн бәріңе!" балалар колдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады.				

	1."Саусақтарым сәлем дейді бәріне" – екі алаканды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау); 2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу; 3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді. 4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, кол білезіктерін айналдырады; 5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау); 6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау); Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады. **(дене шынықтыру)**
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. *Көркем сөз* Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алакан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Қатар-қатарға тұрайық, Марш басайық! Марш басайық! Мінеки, қандай балалар! Марш басады сарбаздар! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** "Спорт – өнер". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биіктен секіру жаттығуына үйрету; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру қимылының техникасын жақсы меңгеруге және биіктен секіру кезінде қол, аяқ үйлесімділігі мен қауіпсіздік ережесін	**Музыка** "Отшашулар". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және катты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай		**Дене шынықтыру** "Біз жас ұланбыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жеңіл, салтанатты адыммен жүргізу; еніс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын жетілдіру; еніс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауда епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу.	**Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Қорапшадағы мерекелік кәмпиттер". Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі заттардың көлемі бойынша екі топқа бөліп, сәйкестендіруге және біріктіруге үйрету; заттарды сенсорлық сипаттарға сай салыстырып, жаттығулар арқылы қабылдай білу қабілеттерін арттыру; бейбітшілік туралы қысқаша түсінік

	сақтай білуге дағдыландыру.	білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету; жеңіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ереже сақтап ойнауға үйрету; қол мен саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға			беру.

		үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ақырын және катты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; бейбітшілік туралы түсінік беру.			
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Бұлтты аспанды бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату,	**Желді бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жапырақтардың желде шайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа		**"Дөңгелек салынған суреттерді бақылау". (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға	**Ауладағы құстарды бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскеде ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын

	бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату. *"Туған елдің көктемі".* Маржан жаңбыр Жауды да бір Кемпіркосақ керілді. Жарқ етті де, аунады қыр, Ырзық дәні себілді. Ш. Мәмбетов **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге	тәрбиелеу. - Жел бізбен ойнамақ, Оңға, солға жасырынбақ. Жапырақтар да ойнайды, Күннің көзіне жылтыңдайды. Д. Ахметова - Балалар, канекей, жапырақтарға карайықшы, жел қайда жасырынып жүр? - Иә, жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап жүр. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек		ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар? *"Күлімдеген доңгелектер".* Доңгелектер, доңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер. Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – күлімдеген мен, Міне, күлімдеген сен. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

	әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи	әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Аралар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу. Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз		тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден белгі бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домаландап қашты. **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	**"Балапандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру. – Балалар, сендер "балапан" боласыңдар. Балапандар тауық қорада отырады. – Балапандарым, шығыңдар аулаға! Өзіне қарай ойын алаңына шақыру. – Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп, жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып,

	отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	каттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады. - Аю маймаңдап келеді, Балды алғысы келеді. Ай-ай-ай, аю, байқа! Аралар жан-жақта! "Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады, Мұрынды шағады. **"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.		балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	жүгіреді. Қалай қағады? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, жүгіреді. Жарайсыңдар. Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру. – Балапандар! Әне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріңдер қорға! Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып, отыратын болады. **"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір

					орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.
Серуеннен оралу	**Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. *Көркем сөз* Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				

Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	**Ұйқыашар жаттығулары.** Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолларды жан-жаққа созу, былғау – «құстар канат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, кол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, кол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы калыпқа келу. 4. "Құстар көнілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**"Қолды қалай дұрыс жуу керек».** Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ кояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Аспаптар қалай дыбыстайды?" Мақсат-міндеттер. Балаларға аспап түрлері туралы түсінік беру;	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Отшашулар (Салют)". Мақсат-міндеттер. Балаларға қағаз бетіне түрлі түсті борлармен (кара түсті қоспау) ұзын		**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қызғалдақ". Мақсат-міндеттер. Балалардың алғашқы гүлі, қызғалдақпен таныстыру; көктемнің табиғи	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Мерекелік шелпектер". Мақсат-міндеттер. Балаларды сазбалшықтың біртұтас бөлігін екіге бөліп, домалатып,

	кейіпкермен қатынас орнатуда қаратпа сөз бен етістіктен тұратын сөз тіркесі арқылы аспаптардың дыбыс ерекшеліктерін айтып отыруға жаттықтыру; аспаптарды сырткы бейнесі мен дыбысталу ерекшеліктеріне қарап, ажырата білуге дағдыландыру.	және қыска сызықтарды "отшашуларды", "сәулелерді" салуды үйрету; мерекелік отшашуларды педагогтың көрсетуімен және өз елестетуі бойынша салуға жаттықтыру; мерекелерді атап өту және оны безендіру рәсімі туралы түсінік беру.		құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру.	илеп, шарларды алақандар арасына қысып, жалпақ пішін жасауға үйрету; мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; балаларға өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, тілі мен есте сақтауын дамыту; балаларды өздерінің еңбек нәтижелерін бағалауға және нан өнімдерін қастерлеуге тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	**"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды бірігіп шеңберді құру	**"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді,		**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі ойыншықтар мен	**"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты

	кабілетіне үйрету; ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу кабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, кол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш ... (отырып жатканда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді.	пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. **(сенсорика)**		заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу касиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру аркылы қалыптастыру. Шарты. Дорбада жатқан затка (ойыншыққа) қарамай, ұстап-сипап танып, атап, ойынға алуға мүмкіндікті алу. Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)**	есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылып айтуға ынталандырады. Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдық "ток-так". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук". Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту**

	"Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)**				**және көркем әдебиет, музыка)**
Серуенге дайындық	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)** Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере				

	білу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)** Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, карапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің карапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (карама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. **(сенсорика)** Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен таынсуға арналған ойындар. Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, камқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті".

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Астана-Сәби» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
Н.Тілеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ

Мамыр айы I апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ***ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар» топ***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезені***: 06.05 - 10.05.2024ж.***
Педагогтың аты-жөні: ***Талипова Айтолқын Амирхановна***

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	06.05.2024ж	07.05.2024ж	08.05.2024ж	09.05.2024ж	10.05.2024ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына көркем сөздің жағымды әсері", "Баланы өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды		**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сүртуін, орнына		**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды

	сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.		ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.		**сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.**
	Ойын-имитация. "Дала гүлдері". Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру. Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді. Қандай тамаша көктем күндері! Қандай тамаша дала		**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Бақбақ гүл". Мақсат-міндеттер. Балаларды бақбақ гүлмен таныстыра отырып, оны бақылай білуге үйрету; бақбақ гүлдің құрылымы мен ерекшеліктерін байқау және басқа өсімдіктерден айырмашылығын таба білу қасиеттерін қалыптастыру; жағымды		**Сәусақ жаттығуы. "Гүлдер".** Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді айтқанда, саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. ***"Гүлдер".*** **Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер,**

	гүлдері! Бұлғап тұр бізге жапырақтарымен, Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**		эмоцияларға бөленуге жағдайлар жасау.		**Жайнар кезім келді деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға. Тұманбай Молдағалиев. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** "Қайырлы күн бәріңе!" балалар қолдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады. 1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау); 2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу; 3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді. 4."Қайырлы таң дейді менің қолларым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады; 5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау); 6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау); Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. Алакай! Алакай!				

	Барамыз дастарқанға қарай. Боткамыз дәмді, аппақ. Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Неткен әдемі біздің әлем! Ғажайыптарға "Сәлем!" Ғажайыптардан көз алмайсың, Қуанып, бәрін қызықтайсың! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** "Солдаттармыз саптағы". Мақсат-міндеттер. Балаларды еніс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге жаттықтыру; еніс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларына		**Дене шынықтыру** "Біз Отан қорғаушылармыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды еніс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке тәрбиелеу.		**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Гүлдер". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетімен алдына ала танысып алуға үйрету; қағаз бетіндегі "көктемгі далаға" қою бояуға малынған қылқаламмен алдында бормен салынып қойған

	машықтандыру; еніс тақтай үстінде жүру кезінде өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.				гүлдерге жақпа басып, тез алып отыруға жаттықтыру; "гүл шоғы" басылып шыққан сайын тағы да гүл сабағы бар бос жерлерді тауып, дәл қойып отыру қабілетін пысықтау; қағаз бетін гүлдерге толтыруға дағдыландыру; көктемгі табиғат көріністері туралы түсініктер беру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Гүлденген бұталарды (ағаштарды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер.		**Бақбақ гүлін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды бақбақтың негізгі бөлшектерін		**Көленкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға жерге түскен көленкелерін, олардың адамның

	Балалардың гүлденген бұталар мен ағаштар туралы ұғымдарын қалыптастыру; көктем мезгілінде өсімдіктердің тек жапырақтары емес, гүлдері пайда болғанына көңіл аудару; зейінін, ақыл-ойын дамыту. Көктемде гүлдейді бұталар, Көктемде гүлдейді ағаштар, Көзге тартымды бұл гүлдер, Қонады гүлге жәндіктер. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.		атап, гүлдер топтамасына жаткызуға баулу; бақбақтың түсі сары, басы үлпілдек екендігін көзбен көріп, қолмен ұстап, сипап, өскен жерінен жұлмауға тәрбиелеу. Күннің шуағы шөпте, Сары нүктелер төкпе. Түп-түзу тіке сабақ, Сап-сары гүлдер бақбақ. Үп-ұзын көп жапырақ, Сап-сары гүлдер бақбақ, Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің		қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту. Педагог балаларға алдарындағы жерге, көленкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көленкенің қимылына көңіл аударады. - Балалар, қараңдаршы, бұл біздің көленкеміз. - Менің соңымнан қайталап көріңдер. Тұрсақ - тұрады, Отырсақ - отырады, Қолмен бұлғасақ - бұлғайды, Соңымыздан калмайды. Д. Ахметова. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды

	Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. **"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, әр жерге шеңберлерді		үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Бақбақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіріп, қалаған орындарға шоқайып отыруға ынталандыру; зейінін, шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. - Балалар, біз шеңберге жиналып, бір үлкен күн болайық. Шеңберде		сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-катармен тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-

	сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып коюы мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! Д. Ахметова **"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жаткан аркан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.		жүріп, барлығымыз тақпақка қосылайық. Күннің шуағы шөпте, Сары нүктелер төкпе. Түп-түзу тіке сабақ, Сап-сары гүлдер бақбақ. "Бақбақ" сөзі айтылған кезде жан-жаққа жүгіріп, жерге шоқайып отыра қаласыңдар. Ойын екі рет өткізіледі. **"Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.		жақты. Жүріп, жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.

Серуеннен оралу	**Серуеннен кейін беті-колды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсата-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің карапайым дағдыларын калыптастыру: нанды үгітпеу, тамакты ауызды жауып шайнау, тамак ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. Алакай! Алакай! Барамыз дастарканға карай. Боткамыз дәмді, аппак. Болмаймыз сатпак. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. Д. Ахметова **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	**Ұйқышашар жаттығулары.** Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.к.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар канат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.к.: тұрып, кол белде, аяк сәл алшак. Он жакка, сол жакка бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұкып жатыр". Б.к.: тұрып, аяк сәл алшак, кол төменде. Отыру, саусаклен еденді соғу, бастапқы калыпка келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.к.: тұрып, аяк сәл алшак, кол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында

	секіру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**"Қолды қалай дұрыс жуу керек».** Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Көктем келді гүл алып". Мақсат-міндеттер. Балаларға Е. Тұрманжановтың «Көктем келді гүл алып» өлеңімен таныстыра отырып, көктем мезгіліне тән құбылыстар туралы түсінік беру; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; тірек сөздерді ересек адамның соңынан		**Музыкадан ойын-жаттығу** "Билейміз гүлдермен". Мақсат-міндеттер. Балаларды көнілді әннің сипатын ажыратып, ырғаққа сай қимылдарды жасауға ынталандыру; топта және жұпта билеу дағдыларын жетілдіру; жағымды эмоцияларды дамыту.		**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Аула қақпасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды аула қақпасын және текшелерді үлгі бойынша бір-бірінің үстіне түзу тізіп, екі баған жасап, екі бағанды білеумен жауып қосып, үстінен ортаға призманы қоюға үйрету; педагогтің үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру; құрылыс нәтижесін

	мәнерлеп айтуға талпындыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоциялық ахуал тудыру.				іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдардың қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлану мүмкіндіктерін арттыру; тілі мен байқағыштығын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	**Ойын-имитация. "Дала гүлдері".** Мақсат-міндеттер. Балаларға педагогтің сөздеріне қимылдар арқылы жауап беруге ынталандыру; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру.		**"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу.** "Кең дала". Алақай-ау, алақай, Дала қандай кең еді! Бәрі өзімдей балақай, Қырдың гүлін теседі. Н. Әлімқұлов **(сөйлеуді дамыту және көркем**		**"Жер шары".** Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шарды илеу амалдарын игерту. **(мүсіндеу)**

	Педагог балаларға гүлдердің маскаларын үлестіреді. Қандай тамаша көктем күндері! Қандай тамаша дала гүлдері! Бұлғап тұр бізге жапырақтарымен, Жайқалып тұр қызыл, сары бастарымен. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**		**әдебиет)**		
Серуенге дайындық	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)** Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)** Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, катты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, колды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (карама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. **(сенсорика)** Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен таынсуға арналған ойындар. Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол

	туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына деген көркем сөздің жағымды әсері", "Баланың өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы".

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай
бағдарламасы меңгерушісі:
Н.Тилеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ

Мамыр айы II апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ***ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар» топ***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезеңі: ***13.05 - 17.05.2024ж.***
Педагогтың аты-жөні ***Талипова Айтолқын Амирхановна***

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	13.05.2024ж	14.05.2024ж	15.05.2024ж	16.05.2024ж	17.05.2024ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру;

	сөреге тізімдеп коюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.	орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	гүлдегенін байқату.	қамқорлыққа тәрбиелеу.
	"Пирамиданы құрастыр" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопақшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.	**Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша".** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып	**"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қануға баулу. Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре	**"Аралар" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу. Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі	**"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. - Балалар, пішіндер

	Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қиылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшаға салып қояды. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар, педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдарды жасайды. - Түрлі түсті сақиналар, Көлемі түрлі сақиналар. Пирамиданы жинайық. Жинайық та қуанайық. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	салады). ***"Көктемгі бау-бақша"***. Жауындарды шақырып, Күнде күтіп жүреміз. Бау-бақшаның гүлдерін, Тамашалап көреміз. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**	сай дөңгелектер жинақнамалары. Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді. ***"Доп"***. Доп, доп, доп, доп домалақ, Тыныпмайсың домалап. Ас құйып ем күшікке, Үлгермеді ішіп те ... Төңкердің де табағын, Төгіп кеттің тамағын. Доп, доп, доп, доп домалақ, Осы әдетің жаман-ақ! Ә. Кекілбаев Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады. - Аю маймандап келеді, Балды алғысы келеді. Ай-ай-ай, аю, байқа! Аралар жан-жақта! "Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады, Мұрынды шағады. **(лене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**	сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. **(сенсорика)**

Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою; 1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады. 3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын				

	(алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көметімен беті-қолдарын сүрту. *Көркем сөз* Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Қатар-қатарға тұрайық, Марш басайық! Марш басайық! Мінеки, қандай балалар! Марш басады сарбаздар! **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** "Бақ-бақ гүлін бірге үрлейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды бірінің артынан бірін адымдатып жүргізу; залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, гүлдер сияқты жайқалу; екі	**Музыка** "Нәзік гүлдер". Мақсат-міндеттер. Балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін қалыптастыру;	**Дене шынықтыру** "Көк машина". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты бір-біріне қарама-қарсы отырып, домалата білуге үйрету; допты қақпаға дәл домалату техникасына дағдыландыру; допты домалату	**Дене шынықтыру** "Допты қақпаға дәлдейміз". Мақсаты. Балалардың допты домалату техникаларын жетілдіру; көлік туралы білімдерін толықтыра отырып, көліктердің	**Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Кемпірқосақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына қарай (көлемі, пішіні, түсі) біріктіруге үйрету; тапсырмаларды

	қолымен допты тордан жоғары лақтыру іскерліктерін жетілдіру; допты тордан жоғары лақтыру кезінде шапшаң, епті әрі жылдам болуға тәрбиелеу.	музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру.	жаттығуы арқылы қол, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	дыбыстарын ажыратуға үйрету; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын жұмбақ жасыру арқылы ояту.	үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру; іс-тәжірибелі жаттығу барысында өз әрекеттерін бақылай білу қабілеттерін арттыру; бірнеше түстердің қосылуы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болу ерекшеліктері және кемпірқосақ туралы түсінік беру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Бұлтты аспанды**	**Дөңгелек салынған**	**Құмды бақылау.**	**Жаңбырлы күнді**	**Құмырсқаларды**

	бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату. ***"Туған елдің көктемі".*** Маржан жаңбыр Жауды да бір Кемпіркосақ керілді. Жарқ етті де, аунады қыр, Ырзық дәні себілді. Ш. Мәмбетов **Еңбекке баулу**	**суреттерді бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар? ***"Күлімдеген дөңгелектер".*** - Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер. Міне, Дананың беті, Міне, Аланың беті, Міне – күлімдеген мен,	**(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса Болады құм бауырсақтай. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның	**бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпіркосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету. - Балалар, қазір күн шығып тұр ма? Неге? Иә, бұл жаңбырлы күн. "Түн калдырмай қуып өтті". Түн калдырмай қуып өтті, Нөсер көкті жуып өтті. Жалғыз ғана көгенге ұқсап Қала берді кемпіркосақ. Қ. Мырзалиев.	**бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. - Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша. Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді. "Құмырсқалар". Құмырсқалар, Құмырсқалар, Жұмыспенен күн қысқарар. Тыным жок-ау Өздерінде,

	тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр	Міне, күлімдеген сен. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес	бетін ағаштан түсіп калған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. **"Боска біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру. - Боска біз тұрмайық, Құлыншақ болайық,	**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп калған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздері арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту. - Күн шықты –	Қызып алған Кездерінде Тасиқыңдар көрінгенді, Білмейсіңдер Ерінгенді. К. Мырзалиев **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Құмырсқалар" қимылды**

	құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл	Аяқтармен сок-сок. Секіреміз ток-ток. Оң жаққа колды сермеп, Сол жаққа колды сермеп. Аякты көтереміз, Сап түзеп жүреміз. Д. Ахметова **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік кабілеттерін дамыту.	балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	**жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапка тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларды өзінің соңынан сапка тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды. **"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу кабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.

		шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі колмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.			
Серуеннен оралу	**Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. *Көркем сөз* Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! (Тусипжанова-Шагирова А.) Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қалағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	**Ұйқыашар жаттығулары.** Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.к.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар канат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.к.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. **(дене шынықтыру)**

Бесін ас	**"Қолды қалай дұрыс жуу керек».** Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".** - Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова **(құрастыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**"Жауын" қимыл жаттығуы.** - Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жауыратын. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)**	**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Ешкі мен лақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде ұғымдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, ұқсастықтарын байқап, көрсетуге машықтау; ертегі мазмұнының сөздерінен	**Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша".** Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады). ***"Көктемгі бау-***	**Жапсырудан ойын-жаттығу** **"Бұлттар ұшып келеді".** Мақсат-міндеттер. Балаларды көгілдір түсті қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға үйрету; сүлгіні қолдана білу қабілетіне дағдыландыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын,

			кейіпкерлерді тануға талпындыру.	***бақша"***. Жауындарды шақырып, Күнде күтіп жүреміз. Бау-бақшаның гүлдерін, Тамашалап көреміз. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	түс пен пішінді қабылдауын, зейінін дамыту; балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту; жапсыруда төзімділік пен тиянақтылық негіздеріне тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	- Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып.	**"Түстер" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**	**"Көбелек".** Ермексазды илеу, бағандарды есу, шымшу амалдарын игерту. **(мүсіндеу)**	Кір қысқыштармен жаттығулар. "Гүл". **(сенсорика)**	**"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға

	Ө.Тұрманжанов **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**
Серуенге дайындық	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес кимыл әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)** Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.				

	(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (карама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. **(сенсорика)** Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен танысуға арналған ойындар. Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті".

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі:
Н.Тилеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ

Мамыр айы III апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ***ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар» топ***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезеңі: ***20.05 - 24.05.2024ж.***
Педагогтың аты-жөні ***Талипова Айтолқын Амирхановна***

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	20.05.2024ж	21.05.2024ж	22.05.2024ж	23.05.2024ж	24.05.2024ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, ұқалауды қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар бұрышында сөренің шаңын сүртуге қатыстыру; ойыннан кейін ойыншықтарды өз орындарына тізімдеп қоюға, қораптарға салуға	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруды қадағалау;

	ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	сүртіп, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	шақыру, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру.	ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	өсімдіктердің гүлдегенін байқату.
	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Жауын" (орыс тілінен аударма) Мақсат-міндеттер. Балаларды, жауын туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; жаңбыр жауыны туралы алғашқы ұғымдарды бекіту.	**"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу. Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері,	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Тауық пен балапан". Мақсат-міндеттер. Балаларға әңгіме мазмұнын мұқият оқып беру; әңгімедегі дыбыс иелерінің дыбыстарына еліктей білуге және қайталауға дағдыландыру; әңгіме тақырыбы мазмұнына сай қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы	**Саусақ жаттығуы. "Лағым".** Балаларды тақпақтағы сөздердің мағынасын түсініп, саусақтармен қимылдауға ынталандыру; ешкінің төлі лақтың қимылдарына еліктеуге дағдыландыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. Балаларға лақтың суретін немесе	**"Мозаика" үстел ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен

	Педагог жаңбыр туралы суретті (күннің ашылғаны да туралы) немесе бейнежазбаны көрсете алады. ***"Жауын"*** Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары. Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді. ***"Доп".*** Доп, доп, доп, доп домалақ, Тыншымайсың домалап. Ас құйып ем күшікке, Үлгермеді ішіп те ... Төңкердің де табағын, Төгіп кеттің тамағын. Доп, доп, доп, доп домалақ, Осы әдетің жаман-ақ! Ә. Кекілбаев Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады.	байланыстыра сөйлеуге жаттықтыру.	ойыншығын көрсетіп, ұстатуға болады. ***"Лағым".*** - Секір, секір, лағым, Тартқанша құмарың! Желпілдесін жел күнгі, Жапырақша құлағың. Сырт-сырт етіп тұяғың, Би билеші, лағым! Ырғып өтіп жырадан, Басына шық қияның. С. Желдірбаева	үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады. **(сенсорика)**

		(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)			
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою; 1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады. 3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар**				

	Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. *Көркем сөз* Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Жазды қарсы алайық, Аулаға шығайық, Бір-бірімізді қолпаштап, Дос болайық. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**Дене шынықтыру** "Мергендікті шындаймыз". Мақсаты.	**Музыка** "Жаз кереметтері". Мақсат-міндеттер. Балалардың өздеріне	**Дене шынықтыру** "Шынығамыз жазда". Мақсат-міндеттер. Балаларды еденге	**Дене шынықтыру** "Көпіршіктер жасаймыз". Мақсат-міндеттер.	**Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Кемпіркосақ". Мақсат-міндеттер.

ұйымдастырылған іс-әрекет	Балалардың допты домалату техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сапқа тұрып, бір қолмен алдында тұрған баланың белінен ұстап, пойыз сияқты жүру іскерліктерін дамыту; епті, шапшаң болуға тәрбиелеу.	жыл бойына өткен әндерден ұнағанын тыңдату және қайталату; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу қабілеттерін дамыту; топпен ән айту дағдыларын жаттықтыру.	қойылған баспалдақтан аттап жүруге үйрету; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын меңгеруге жаттықтыру; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру. Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру қабілетін дамыту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру дағдыларын меңгерту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.	Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын алымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын жетілдіру; епті, жылдам, ұқыпты болуға тәрбиелеу.	Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына қарай (көлемі, пішіні, түсі) біріктіруге үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру; іс-тәжірибелі жаттығу барысында өз әрекеттерін бақылай білу қабілеттерін арттыру; бірнеше түстердің қосылуы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болу

					ерекшеліктері және кемпіркосақ туралы түсінік беру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.	**Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпіркосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету. *"Жауын"* - Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев **Еңбекке баулу тапсырмалары:**	**Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себелеп, қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса,	**Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар? *"Күлімдеген дөңгелектер"*. - Дөңгелектер, дөңгелектер,	**Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. - Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша. Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.

	Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-	балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту. - Күн шықты –	домалатса - Болады құм бауырсақтай. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. **"Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға құм	Түрлі күлімдеген беттер. Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – күлімдеген мен, Міне, күлімдеген сен. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Машиналар**	**"Құмырсқалар".** Құмырсқалар, Құмырсқалар, Жұмыспенен күн қысқарар. Тыным жоқ-ау Өздеріңде, Қызып алған Кездеріңде Тасисыңдар көрінгенді, Білмейсіңдер Ерінгенді. Қ. Мырзалиев **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек

	жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар!	балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. **"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға неғұрлым ары лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту. - Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, ары қарай, лақтырып көрейік. Құм қапшығын алайық, Алысқа лақтырайық. **"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай	**жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған	әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды. **"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**

	"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.		қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.	ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. **"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер:	**(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.

				балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	
Серуеннен оралу	**Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. *Көркем сөз* Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету;				

	тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)**				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	**Ұйқышашар жаттығулары.** Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.к.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.к.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	**"Қолды қалай дұрыс жуу керек».** Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті.	**"Гүлдерді бақшаға отырғызайық" дамытушы ойыны (қысқыштармен жаттығу).**	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Бұлттар ұшып келеді". Мақсат-міндеттер.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ешкі мен лақ". Мақсат-міндеттер.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Қозы". Мақсат-міндеттер. Балалардың қозы	**Шеңберде ойын. "Күн ойнап түр күлімдеп".** Мақсат-міндеттер. Балаларға Әтеш

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту; "отырғызылған" гүлге қарап, қуанышқа бөленуге баулу. Құралдар: қатпа қағаз беті (бау-бақша алаңы), гүлдер (түрлі гүлдердің бастары), кір қысқаштары. Балаларға қысқышты ұстап, гүлдің басын қатпа қағазға қысып, жапсыруға үйрету. Балалар жұмыстарын жасап болғаннан кейін педагог Т. Молдағалиевтің "Гүлдер" тақпағын мәнерлеп оқиды. балалар тақпақты оқу барысына қосылуы мүмкін. **(сөйлеуді дамыту,**	Балаларды көгілдір түсті қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға үйрету; сүлгіні қолдана білу қабілетіне дағдыландыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, зейінін дамыту; балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту; жапсыруда төзімділік пен тиянақтылық негіздеріне тәрбиелеу.	Балаларды үй жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде ұғымдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, ұқсастықтарын байқап, көрсетуге машықтау; ертегі мазмұнының сөздерінен кейіпкерлерді тануға талпындыру.	кескінін бақылауға қызығушылықтарын оятып, қарындаш ұшымен қозының үстіндегі жүнін ұсақ бұйра оюлармен толтыруға үйрету; қозының шиыршықталған бұйра жүнін бір-біріне тығыз салуға дағдыландыру; үй жануарлары мен олардың төлдеріне көктемде қамқорлық жасау керек екені туралы түсінік беру.	кейіпкеріне эмоционалды жауап беруге баулу; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру. - Әтеш ерте оянады, "Тұрыңдар!" – деп шақырады. Көк аспанға күн шығады, Достар ойынға шығады. Күн ойнап тұр күлімдеп, Аспан төрінде билеп, Алтын сақадай қызып, Шеңберлерде жүргізіп. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**

	сенсорика)				
Балалармен жеке жұмыс	**"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**	- Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**"Ара" артикуляциялық жаттығуы.** Оның жалғыз білгені, Ағаш, тақтай тілгені. Асықтырып өз-өзін: "Тез-з, тез-з, тез-з!"- деп жүргені. Жәнібек Кәрбозин. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**	"Қозы қалай қимылдайды?" - Қозы қалай қимылдайды? Денесін түзу ұстайды. Басын оңға-солға шайқап, Аяқтарын жинайды. Орнында тыныш тұрмайды, Секіреді, ойнайды. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Серуенге дайындық	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз киімдері жайында айтуды үйрету. **(дербес**				

	қимыл әрекеті)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)** Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)** Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, катты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (карама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. **(сенсорика)** Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен танысуға арналған ойындар. Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын

	адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?".

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Ақыл-Саян» бөбекжай
бағдарламасы меңгерушісі:
Н.Тилеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ

Мамыр айы IV апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ***ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар» топ***
Балалардың жасы: *2 жастан*
Жоспардың құрылу кезеңі: *27.05 - 31.05.2024ж.*
Педагогтың аты-жөні *Талипова Айтолқын Амирхановна*

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	27.05.2024ж	28.05.2024ж	29.05.2024ж	30.05.2024ж	31.05.2024ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау;	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына қолдарын қойғанын	**"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, қолмен көрсетуді, заттың атын атауды үйрету, ойыннан

	білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық сақтаудың қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орынды және суретін көрсету.	кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.
	Қоршаған ортамен таныстырудын ойын-жаттығу "Құмның қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балаларды құмның қасиеттерімен: көзбен көру, алақанға алу, себелету, алақанға қысу тәсілдері және ойындарға қатысу арқылы таныстыру; жаз мезгілі кезінде денсаулыққа пайдалы мүмкіндіктер туралы	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Біздің көше". Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі үйлердің, мұнаралар, қақпа, қоршау сияқты құрылыс үлгілерінің бірін жасап шығаруға үйрету; педагогтің тәсілдеріне және үлгіге қарап жасау қабілетін арттыру; өз құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Алуан түсті алақан". Мақсат-міндеттер. Балалардың алақанын барлық қағаз бетіне басып шығаруға қызығушылықтарын тудыру және үйрету; дайын ұжымдық жұмысты тамашалауда эмоциялық	**"Айна" ойыны.** Мақсат-міндеттер: зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту. 4-6 баладан тұратын топша сапқа тұрады. Қалғандары - көрермендер. Педагог балалардың алдында тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтың	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі. Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі - берлі

	түсінік беру.	арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен зейінін, ақыл-ойы мен байқағыштығын дамыту.	сезімдерге бөленуге жағдай туғызу. Балалардың бейнелеу оқу қызметінің қосалқы түріне қызығушылықтарын арттыру; кезбен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; сурет салудың қосалқы түрінің негіздерін қалыптастыру.	барлық қимылдарын мұқият қадағалап, қайталайды. Содан кейін келесі бір топ балалар ойнайды. **(сөйлеуді дамыту)**	қозғалды, Тырсылдатты жан - жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмыска кіріс тез. **(сөйлеуді дамыту)**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтын арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою; 1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;				

	2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде кою, орамалды ұшынан екі колмен ұстау; 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған колға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады. 3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 4. Орамалды бір колға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. **(дене шынықтыру)**
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау) Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Жазды қарсы алайық, Аулаға шығайық, Бір-бірімізді қолпаштап, Дос болайық. **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, кыс қызығына байланысты суреттер бояу)	**Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, кыс қызығына байланысты суреттер бояу)	**Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, кыс қызығына байланысты суреттер бояу)	**Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, кыс қызығына байланысты суреттер бояу)	**Жазғы демалыс.** (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, кыс қызығына байланысты суреттер бояу)
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын танбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Ауладағы құстарды бақылау.** Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып,	**Көбелекті (қоңызды) бақылау.** Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру;	**Құмды бақылау.** Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай.	**Табиғат жағдайын бақылау.** Мақсаты: жазғы табиғаттың жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру (жылы, жасыл шөптер, гүлдер, көбелектер, коңыздар ұшады, балалар жеңіл киініп, құммен және сумен ойнайды). Табиғатпен қарым-қатынас қуанышын	**Ағаштарды бақылау.** Мақсаты: балаларды қылкан жапырақты ағаштар мен жапырақты ағаштардың айырмашылықтары мен ұқсастығын көруге үйрету. "Бір, екі, үш - шыршаға қарай ұш!" дидактикалық ойыны Мақсаты: ағаштарды ажырата білуге, белгі

	Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны.** Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей және	жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге	Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса Болады құм бауырсақтай. **Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. **"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы.**	сезіну, сөздік қорын байыту және белсендіру. Өте ашық және жылы, Жарқын, алтын күнде біз. Жаз бен Күнге алтын арай, Қонақ болып барамыз. Еңбек баулуға арналған тапсырма. Үлескедегі ұсақ тастар мен таяқшаларды жинап, тазарту. Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. "Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: шашыраңқы жүгіруге, бір-біріне соқтығысып қалмай, педагогтың берген	бойынша әрекет етуге үйрету. "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: асфальт бетіне салынған ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру. Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар - серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсаты: балаларда карапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. "Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны . Мақсаты: шашыраңқы жүгіруге, бір - біріне соқтығысып қалмай, педагогтың берген

	"Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **"Теріс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.** Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, көк аяқпен секіруге жаттықтыру.	әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. **"Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны.** Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер қиықтарын шашып, жайып қою	Балалардың бір сапқа тізілп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соқылмай) жүру дағдыларын жетілдіру. - Боска біз тұрмайық, Құлыншақ болайық, Аяқтармен сық-сық. Секіреміз тық-тық. Оң жаққа қолды сермеп, Сол жаққа қолды сермеп. Аяқты көтереміз, Сап түзеп жүреміз. Д. Ахметова **"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.** Мақсаты: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін	белгісі бойынша әрекет етуге жаттықтыру. "Теріс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып көк аяқпен секіруге жаттықтыру. Құм ойындары. Мақсаты: балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан түрлерын бөлшектеруге үйрету. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.	белгісі бойынша әрекет етуге жаттықтыру. Құм-су ойындары. "Себеміз, қазып жасап шығарамыз" ойыны. Мақсаты: балалардың құмның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту-құрғақ құм себіледі, суасылдан ығып кетеді, ал ылғалды құмнан кез-келген қалыпты жасап шығаруға болады.

		мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! **"Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны.** Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.	қалыптастыру.		
Серуеннен оралу	**Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				

Түскі ас	**Гигиеналық дағдылар** Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау) Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	**Ұйқышашар жаттығулары.** Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар ояңды". Б.к.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.к.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.к.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. **(дене шынықтыру)**
Бесін ас	**"Қолды қалай дұрыс жуу керек».** Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Үш аю" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Үш аю" ертегісімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттерін, кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; адам мен жабайы аңдардың қатынасында қауіп бар екенін түсіндіруге тырысу.	**Санамақ** Бір дегенің - бас бармақ, Барлық істі басқармақ. Екі дегенің - балалы үйрек, Ақ қағазға салады ирек. Үш дегенің - ортақ терек, Еңбек етіп, болған зерек. Төрт дегенің - шылдыр шүмек, Тілі тәтті былдыр түлек. Бес дегенің - кішкене бөбек, Үлкендерден үйрене бермек. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Жайма шуақ жазымыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды таныс әндердің сипатын түсініп, эмоционалды жауап беруге ынланадыру; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу, топпен ән айту қабілеттерін жетілдіру.	**"Ғажайып қоржын" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды таныс заттарды ұстап көру арқылы ажырата білуге және оларды атай білуге дағдыландыру.	**"Дәл осындай жапырақ тауып көр" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: жапырақтарды мөлшері мен пішіні бойынша ажырата білуге үйрету.

Балалармен жеке жұмыс	**"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.** Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**	**"Жаз еді" өлеңін оқу.** Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. Ә.Ахметов **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**"Хоки-поки биі" атты мультфильмін көру.** Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, жаттығуларды қайталауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)**	**"Дана құыршақты кол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны.** Максат-міндеттер: жеке басының заттарын колдану дағдыларын калыптастыру.	**"Жаз" жыл мезгілі жайында әңгімелесу (сюжеттік суреттерді қарастыру).** Максат-міндеттер: балаларды карапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; жаз мезгілі туралы түсініктерін тиянақтау.
Серуенге дайындық	**"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".** Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешулі, өз кажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес кимыл әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді карау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін кайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, казак тілі, көркем әдебиет)**				

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)** Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)** Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, катты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды ылғал шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. **(сенсорика)** Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен танысуға арналған ойындар. Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Жаз мезгілін жақсы көреміз бе?".

БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Н. Тілеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ
Маусым айы I апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ***ЖШС «Асыл-Саян»бөбекжай балабақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар»тобы***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезеңі: ***03.06 - 07.06.2024ж.***
Педагогтың аты-жөні; ***Талипова АйтолқынАмирхановна***

Апта күндері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
	03.06.2024ж	***04.06.2024ж***	***05.06.2024ж***	***06.06.2024ж***	***07.06.2024ж***
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Алғашқы күні балаларды толық құжаттарымен, анықтамаларымен қабылдап, дене температурасын тексеріп, денелері мен тері қабатын тексеріп, мейірбикенің рұқсатын алып қабылдайды.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	«Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы» тақырыбындағы кеңес.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерінің жапырақтарын сүрту. Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге қамқорлық сезімдеріне баулып,	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмды қырып, үйінді жасау және оны құмсалғышқа тасу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекетін орындауға араластыру.	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Шешіну бөлмесіндегі шкаф ішіндегі тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірлесіп) Мақсат-міндеттер: балаларды әркімнің	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, өсімдіктердің топырағының қалпына көңіл аударту, егер топырағы құрғап

	еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**	қамқорлық сезімдеріне баулу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**(еңбек іс-әрекеті)**	жеке өз киім шкафын ұқыпты, таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сүрту және қайтадан киім - кешекті ұқыптап бүктеп, тиісті орындарына орналастыру. **(еңбек іс-әрекеті)**	кетсе, сукүйғышпен өсімдіктерді суару. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	"Айна" ойыны. Мақсат-міндеттер: зейінді, есте сақтауды және байқампаздықты, жағымды эмоцияларды дамыту. 4-6 баладан тұратын топша сапқа тұрады. Қалғандары - көрермендер. Педагог балалардың алдында тұрып, 3-5 пішінді көрсетеді. Ол	**Саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді. Тыным таппай күніге, Маған көмектеседі.	**"Бұл кім?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды еліктеу арқылы тани білу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; зеректікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Балалар орындықта отырады. Педагог кезек кезек ит қалай үреді, мысық қалай мияулайды, сиыр қалай мөңірейді,	**"Балабақша қалайық" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: текшелер, кірпіштер, призмалар арқылы "балабақша" ғимаратын салуға ынталандыру; жазықтықты, кеңістікті бағдарлау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.	**"Түсін ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: негізгі түстерді ажырата білуге дағдыландыру; сөздік қорын толықтыру (қызыл, көк, жасыл, сары, көгілдір, қылы-сары). Құралдар: түрлі түсті жалаулар. **(сөйлеуді дамыту,**

	әр пішінді бірнеше рет қайталайды. Балалар педагогтың барлық қимылдарын мұқият қадағалап, қайталайды. Содан кейін келесі бір топ балалар ойнайды. **(сенсорика)**	Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез. Әрлі - берлі қозғалды, Тырсылдатты жан - жақты. Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. **(сөйлеуді дамыту)**	қарғаның қандай дыбыстар шығаратындығын (көкек, торғай, көгершін, сауысқан) көрсетуді сұрайды. Егер балаларға мұны істеу қиын болса, ересектер көрсетеді. Біз ойынды біраз өзгертейік. Балалардың бірі аңға немесе құсқа тек дауыспен ғана емес, сонымен қатар өзіне тән қимылдармен еліктеп, көрсетеді. Әдетте қоянның қалай секіретінін көрсеткісі келетіндер көп болады. Бірақ барлық аң - құстарды көрсетсін. Кім қоян болып ұзақ	Балалар құрылыс материалдардан "балабақша" құрастырады. **(құрастыру)**	**қоршаған ортамен танысу)**

			тұратынын және оны кім ең қатты ұқсас етіп жасайтынын анықтау ғана қалады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, музыка)**		
Ертеңгілік жаттығу	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығуы.** Оянайық, тұрайық, Жаттығу орындайық. Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық. Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы! **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**"Тап-таза қолдар" ойын жаттығуы** Мақсат-міндеттер: қолды сабынмен дұрыс сабындай білу қабілетін қалыптастыру. Тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. **Көркем сөз.** Нан мен қасықты ал	**Ойын жаттығуы:** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу". Мақсат-міндеттер: дұрыс жуыну дағдысын қалыптастыру,	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. Тамақ ішу мәдениетімен	**Ойын жаттығуы:** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу". Мақсат-міндеттер: дұрыс жуыну дағдысын қалыптастыру,

	мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас ішу құралдарын дұрыс қолдану (ас (үлкен) қасық пен шай (кішкентай) қасық, шанышқы); майлықты дұрыс, ұқыпты қолдану; нанды үгітпей жеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлеспеу; сыпайы болуға үйрету (тамақ үшін алғыс білдіру, таза және ұқыпты болу қажеттілігі). **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас,	да, Тамақ ішуді баста! Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын	таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу. **Көркем сөз.** Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс	баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын

	Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында бала дұрыс отырмаса, оған жақындап, дұрыс отыруын өтінуге болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**		сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Демалыс күндері қалай өтті?" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін жинақтау, есте сақтау, сөйлеу қабілетін дамыту. «Балабақша» тақырыбында	**"Балабақша ішінде серуендейміз" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балабақшада балаларға қауіпсіз қозғалыс ережелерін үйрету; төзімділікке тәрбиелеу, балабақша	**"Топта өзін қалай ұстау керек" әңгімелесу** Мақсат-міндеттер: балаларға балабақша бөлмелеріндегі (топ бөлмесінде, жатын бөлмеде, қабылдау бөлмесінде) өзін-өзі ұстау және қарым-	**Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: қаіпсіздік, тазалық, әдептілік ережелерін есте сақтауға бейімдеу. Шашылған	**Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: балабақша ережелеріне бейімдеу; ережелерді қажет ретінде қабылдауға баулу.

	иллюстрациялық, сюжеттік суреттерді карастыру. Суреттер бойынша бағыттау сұрақтарын қойып, әңгімелесуге тарту.	бөлмелерінде саналы түрде өзін дұрыс ұстауға деген ұмтылысқа баулу. Құрал-жабдықтар: бақшаның схемалық картасы; балалардың фотосуреттері: дәліз бойымен жүріп келе жатқан; баспалдақпен көтеріліп келе жатқан (төмен түсіп); музыка залында музыкалық қойылымдарды тамашалау, спорт залына кіру, т.б.	қатынас ережелері туралы білім беріп, қауіпсіздік ережелеріне бағыну қабілетін, өз денсаулығы мен өзгенің денсаулығын қорғауға деген ұмтылыс сезімдерін дамыту. Құрал-жабдықтар: сюжеттік сурет, қонжық. **"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды етістік сөздерді қолдануға тарту; сөздің қорларын жетілдіру; байқағыштыққа тәрбиелеу.	ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін. Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды. Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу қауіпі бар!	Шашылған ойыншықтар біреудің құлауына, жарақат алуына себеп болуы мүмкін. Топтағы тәртіп тек тазалық үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпсіздік үшін де қажет! Терезеге, үстелге және шкафтарға өрмелеуге, үстіне шығуға болмайды. Егер бірдеңені ала алмай, қолың жетпей жатса, тәрбиешіге өтініш білдір! Топта, жатын бөлмеде және қабылдау бөлмесінде жүгіру өте қауіпті: жиһаздың өткір, үшкір бұрыштары жарақат алуға әкелуі мүмкін, басқа баламен соқтығысып, қатты жарақат алу

				Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға	қаупі бар! Кішкентай ойыншықтарды ауызға салуға болмайды - оларды байқамай жұтып, қақалып қалуға болады! Орындықта тербетіліп отыруға болмайды! Тепе-теңдікті сақтай алмай, құлап, соққы аласыңдар! Сумен ойнағанда, еденге су төгіліп кетпеуін қадағала. Дымқыл еден өте тайғақ болады, сондықтан сен үшін өте қауіпті! Тамақтану кезінде сөйлесуге болмайды, тамақты мұқият шайнау қажет! Аяқ киім әрқашан тағулы және ыңғайлы, ұзын

					бауларсыз болуы керек! Қайғылы оқиғаны болдырмау үшін балабақшаға сағыз әкелуге тыйым салынады!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті көпір" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу дағдыларын дамыту; өз беттерімен бір-бірлеп өрмелеу арқылы қайтадан түсе білу дағдысын жетілдіру; гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; оку	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** ""Түлкі мен ешкі" ертегісі" Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін мінез-құлқын айту барысындағы дауыс екпінінің құбылуын дұрыс қабылдай білуге; ертегінің мазмұнын түсініп, тыңдай білуге үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; тілін, сөздік қорларын дамыту; шығарманың	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Айжанға гүл шоғын жинауға көмектес" Мақсат-міндеттер: Гүлге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру; гүлдердің атауын атай отырып, балалардың зейінін, сөйлеу қабілетін дамытуды жалғастыру; гүлге деген құрмет сезімін тәрбиелеу; адамгершілік қасиеттер - қайырымдылық,	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Мақта таяқшалары мен нүктелерді "түрту" тәсілі арқылы салуды, түрлі түстерді пайдаланып, оларды контур бойымен доға тәрізді орналастыруды үйрету, ; түстер гаммасы жайлы қарапайым ақпарат беру, негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту; түстерді сезіну сезімдерін дамыту; жұмысқа	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Қош келдің, жаз!" Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.

	қызметінде белсенділіктерін арттыру.	мағынасын түсіну, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу.	шыдамдылық.	деген тиянақтылыққа тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Серуен	**Табиғат жағдайын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жазғы табиғаттың жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру (жылы, жасыл шөптер, гүлдер, көбелектер, қоңыздар ұшады, балалар жеңіл киініп, құммен және сумен ойнайды). Табиғатпен қарым-қатынас қуанышын сезіну, сөздік қорын байыту және	**Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды қылқан жапырақты ағаштар мен жапырақты ағаштардың айырмашылықтары мен ұқсастығын көруге үйрету. **"Бір, екі, үш - шыршаға қарай ұш!" дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер: ағаштарды ажырата білуге, белгі	**Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: төмендегі жәндіктердің атауларын атай білуге үйрету: көбелек, қоңыз, қанқыз; жәндіктердің жанында өздерін бірқалыпты, сабырлы ұстауға, жәндіктерге қиянат жасамауға үйрету. **"Қоңыз қалай дыбыстайды?" дидактикалық**	**Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: сырт келбетіне қарап, жапырақ құрылымына қарап ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету, өмірдегі сұлулықты көре білу және табиғатқа тамсана алу қабілеттерін қалыптастыру. **Дидактикалық тапсырма:**	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жазғы табиғаттың жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру. Маусымдық киім-кешек атауларын бекіту. Негізгі мазмұны: Жаз мезгілінде күннің қаттырақ қыздыратынына назар аудартып, сол себептен балалар жеңіл киініп

	белсендіру. Өте ашық және жылы, Жарқын, алтын күнде біз. Жаз бен Күнге алтын арай, Қонақ болып барамыз. **Еңбек баулуға арналған тапсырма.** Үлескедегі ұсақ тастар мен таяқшаларды жинап, тазарту. Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: шашыраңқы жүгіруге, бір-біріне соқтығысып қалмай, педагогтың берген белгісі бойынша әрекет етуге	бойынша әрекет етуге үйрету. **"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру. **Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар** - серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсат-міндеттер: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны .** Мақсат-міндеттер: шашыраңқы жүгіруге, бір - біріне соқтығысып қалмай,	**ойыны.** Мақсат-міндеттер: есту арқылы қабылдауын, артикуляциялық аппаратын дамыту. **"Баудан секіріп өт" ойынды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: кедергілерден аттап секіре алу қабілеттеріне жаттықтыру. **Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар:** құмды бір жерге үйіп, оны құмсалғышқа апарып салуға үйрету. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны**	өсімдіктің бұтағы: жапырағы, гүлі, діңі/ қайда екенін көрсетші. Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің бөліктерін ажырата білуге, түстерін ажырата алуға үйрету. **Дене шынықтырудан жеке жұмыс.** Мақсаты: балаларды көлбеу тақтада жүруге, бастың артынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдыққа және ептілікке тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, жинап, шелекке салып құмсалғышқа әкелу. Мақсат-міндеттер:	жүретінін түсіндіру. Күнге қарау оңай ма деген сұрақ қою. Неге? Ол жарық, сары, көзді аштыртпайды. Жазда көп адамдар күннен қорғайтын көзәйнек киеді, себебі күннің көзі қатты түскенде көздері ауырмас үшін. **Көркем сөз.** Күн күлімдеп қарайды терезеге, Нұрын шашты жарқыратып бөлмеге. Күнге мәз боп қуанамыз бәріміз, Қуаныштан алақанды соғамыз. Күн ыстықта жеңіл киім киеміз, Күн өтпеске қалпақ киіп жүреміз. Суға түсіп, қыздырынып,

	жаттықтыру. **"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру. **Құм ойындары.** Мақсат-міндеттер: балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруге үйрету. **Далаға алып шығатын материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттер: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.	педагогтың берген белгісі бойынша әрекет етуге жаттықтыру. **Құм-су ойындары.** **"Себеміз, қалып жасап шығарамыз" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың құмның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту/құрғақ құм себіледі, сусылдап ағып кетеді, ал дымқыл құмнан кез - келген қалыпты жасап шыға аламыз.	Мақсат-міндеттер: балаларды бір-біріне кедергі келтірмей шашырап жүру және жүгіруге үйрету, тәрбиешінің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету. **"Өзенде" қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: шағын шығарманың өлең жолдарына сәйкес ойын қимылдарымен үйлестіру. Таңмен бірге оянып, Серуенге шығамыз. Алыстағы өзенге, Барлығымыз барамыз. (Бір орында жүру.) Аспандағы бұлттардан, Күннің көзі көрінді. Шуақтарға шашылған,	балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **"Карусель" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды бір бірінің артынан әртүрлі қарқында жүгіруге, қимылдарын ойын мәтінімен үйлестіріп орындауға үйрету. **"Аққайың ау, жасылсың да, бұйрасың" шеңберде тұрып ойнайтын ойыны** Мақсат-міндеттер: әдемі әуенді тыңдап, әнге қосылып, қарапайым би қимылдарын орындауға деген құлшынысын арттыру. **Құм-су ойыны: "Суда қалқып**	демалып, Тату ойнап, дос боп өмір сүреміз! Тусипжанова-Шагирова А. **"Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қимылдауға, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап жүріп жаттығу орындау қабілеттерін дамыту. **"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау, бір-біріне тиіп кетпей ұжыммен бірге қозғала білу іскерліктерін дамыту. Белгі бойынша әрекет ете білу,

			Қолымызды созамыз. (Алақандарын ашып, қолдарын жоғары көтеру) Әне оң жақ жағалау, Міне сол жақ жағалау. Қандай жақсы өзенде, Әрлі - берлі жүзгенге. (Басын оңға - солға бұру) Судан тез - тез шығайық, Қатты тонып қалмайық. Орамалмен сүртініп, Денені құрғатайық. (Қолдарын кеуде тұсына көтеріп, қайшылау)	**жүрген ойыншықтарды, аулауға арналған тормен сүзіп алу".** Мақсат-міндеттер: заттардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Ауыр заттар батады, жеңілдері – су бетінде қалқып, жүзіп жүреді, қағаздан жасалынған қайық - су болып қалады, дымданады, пластмастан жасалынғаны - дымданып, пішінін өзгертпейді. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында	биіктікке, бір орыннан ұзындыққа секіру, жылдам жүгіруге жаттықтыру. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен дербес ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын ойыншықтары: күрекшелер, сыпырғыштар, түрлі түсті шеңберлер, қалыптар, мөрлер

				қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі калыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ас	**"Тап-таза қолдар" ойын жаттығуы** Мақсат-міндеттер: қолды сабынмен дұрыс сабындай білу қабілетін қалыптастыру. Тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас ішу құралдарын дұрыс қолдану (ас (үлкен) қасық пен шай (кішкентай) қасық, шанышқы); майлықты дұрыс,	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. **Көркем сөз.** Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың	**Ойын жаттығуы:** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу". Мақсат-міндеттер: дұрыс жуыну дағдысын қалыптастыру, баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын!	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу. **Көркем сөз.**	**Ойын жаттығуы:** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу". Мақсат-міндеттер: дұрыс жуыну дағдысын қалыптастыру, баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын!

	ұқыпты қолдану; нанды үгітпей жеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлеспеу; сыпайы болуға үйрету (тамақ үшін алғыс білдіру, таза және ұқыпты болу қажеттілігі). **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сықырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын	орындықтарда отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Қасықтарым сықырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. **(мәдени-**	Қасықтарым сықырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**

	қадағалайды. Егер үстел басында бала дұрыс отырмаса, оған жақындап, дұрыс отыруын өтінуге болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**			**гигиеналық дағдылар)**	
Түскі ұйқы	Дастархандағы тағамға назар аударту; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыстар; этикет ережелері.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. «Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, мөлдір суға бетіңді жу» ойын жаттығулары. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Ғажайып қоржын" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды таныс заттарды ұстап көру арқылы ажырата білуге және оларды атай білуге дағдыландыру.	**"Дәл осындай жапырақ тауып көр" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жапырақтарды мөлшері мен пішіні бойынша ажырата білуге үйрету.	**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін бекіту; байланыстырып сөйлеуін, ойлауын, зейінін, түйсігін дамыту.	**Жүк машинасы ойыншығымен ойнаймыз.** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне жағдай жасау; ойлауды, зейінді дамыту. Ойланбастан мысықты,	**Баулармен ойнатылатын ойындар** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне жағдай жасау; бау тағып үйрету; ойлау қабілетін, ұсақ саусақ моторикасын

			Құрал-жабдықтар: дорба, түрлі ойыншықтар. Балалар ойыншықты ұстап көру арқылы болжап, оның неден жасалғанын білуге тырысады.	Көлікке сап сырғыттық. Ыршып түсіп, төңкерді, Мысығымыз көлікті. Үйренбеген көлікке, Жануарды үркіттік.	дамыту. Құрал-жабдықтар: түрлі түсті баулар Бауларды қолға аламыз, Әдемілеп тағамыз. Бауларды қолға алайық, Жаңа ойынды бастайық!
Балалармен жеке жұмыс	**"Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жеке басының заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.	**"Жаз" жыл мезгілі жайында әңгімелесу** (сюжеттік суреттерді қарастыру). Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; жаз мезгілі туралы түсініктерін тиянақтау.	**Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу).** Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	**"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ойыншық атауларымен сөздік қорларын толықтыру.	**"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойында отбасылық өмірді шығармашылықпен сомдауға шақыру, екі кейіпкермен (анасы-қызы) сюжеттерде өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру. Бір-бірімен өзара әрекеттесу және тіл табысу қабілетін дамыту. Педагог ойынға

					белсенді, кейіпкер ретінде қатысады.
Серуенге дайындық	Жеке және ұжымдық қауіпсіздік сақтау туралы әңгімелері. Мақсат-міндеттер: сөйлеу әрекетін дамыту; қауіпсіздік ережелеріне бейімдеу.	Балалардың дербес және жүйелі киініп-шешінулерін қадағалау. Мақсат-міндеттер: жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу.	**"Киімді бүктеуге үйрету" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу қабілетін қалыптастыру. Балаларды өз киімдерін тануға, киімдерін атауға, оларды бірте-біртелік жүйесі бойынша киюге, шкафты белгісі (сурет) арқылы табуға, заттарды шкафқа ұқыпты жинауға үйрету.	**Жеке және ұжымдық қауіпсіздік сақтау туралы әңгімелері** (сөйлеу әрекетін дамыту үшін). **"Киімді бүктеуге үйрету" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу қабілетін қалыптастыру. Балаларды өз киімдерін тануға, киімдерін атауға, оларды бірте-біртелік жүйесі бойынша киюге, шкафты белгісі (сурет) арқылы табуға, заттарды шкафқа ұқыпты жинауға үйрету.	Балалардың дербес және жүйелі киініп-шешінулерін қадағалау. Мақсат-міндеттер: жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу.
Серуен	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған**	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен**	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған**	**Аула құстарын бақылау. (қоршаған**	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен**

	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **"Маған қарай жүгіріңдер" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: тәрбиешінің артынан жүгіруді үйрету, ептілікті дамыту, тәрбиешінің сөзіне сай әрекет етуге бейімдеу. **Апта тақырыптары бойынша ойындар. Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.	**танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. **"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру	**ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **"Күнмен ойнаймыз" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: балаларды ойындағы сөздердің мәніне сай қимылдауға, қимылдарды өзгертуге дағдыландыру; негізгі қимылдарды жетілдіру; шапшаңдыққа тәрбиелеу. Аспанға алтын күн шықты,	**ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсаты: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Мысық пен тышқан"қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды, шеңберде тұрып, әр түрлі қимылдарды орындауға жаттықтыру. **Балалардың еркін ойын әрекеті.** Мақсаты: балаларды	**танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсаты: күннің жаз мезгілінде аспанда биік орналасқанын, жерге жарық пен жылуды төгетінін түсіндіру; күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. **Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. Мақсаты:

	Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету. Күшіктің жүрігіп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру. Біз көңілді балапан үйректерміз, Балпаң, балпаң етіп жүреміз. Күшік келіп үрісе - Жан-жаққа жылдам жүгіреміз. Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді. **Далаға алып шығатын материалмен ойындар.**	Шашыратып шуақты. Домаландап, жарқырап, Көзін қысып, бізбен ойнап. Күнім, рақмет, демалшы, Көлге батып, ұйықташы. Д. Ахметова. Алғашында балалар шеңберде тұрып, аяқ ұштарына тұрып, қолдарын жоғары көтереді. Содан соң жан-жаққа таралып, айлалып, билейді. Соңында орындарында тоқтап, шоқайып отырады, ұйықтап жатқанын көрсетеді. **Дербес іс-әрекеттері.** Мақсаты: балаларда серуен кезінде жаттығуға деген ұмтылысты тәрбиелеу.	шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру. **Еңбекке баулуға арналған тапсырмалар:** "Серуеннен кейін ойыншықтарымызды жинап аламыз". Мақсаты: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға баулу.	ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **"Құмнан жасалынған үйлер" жаттығуы.** Мақсаты: құрастыра білу қабілеттерін дамыту. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.

		Мақсаты: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісін бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	**Тақпақтар, жаттамақтар жаттату.** **Еңбек тапсырмасы**: құрап түскен жапырақтарды жинастыру. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу.		
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. "Таза сумен Арман,				

	Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы» тақырыбындағы кеңес.	"Баламен қарым-қатынасқа түсу мәдениеті" тақырыбында кеңес..	"Баланың балабақшаға қалыптасуы" тақырыбында ата-аналармен жеке әңгімелесулер.	Ата-аналарға арналған кеңестер. "Бала белсенділігі - оның денсаулығының кепілі."	"Жайдары жазғы күндер" фото көрмесі.

БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Н.Тілеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ
Маусым айы II апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ***ЖШС «Асыл-Саян»бөбекжай балабақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар»тобы***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезеңі: ***10.06 - 14.06.2024ж.***
Педагогтың аты-жөні ***Журкабаева Меруерт Есаналиева***

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	10.06.2024ж	***11.06.2024ж***	***12.06.2024ж***	***13.06.2024ж***	***14.06.2024ж***
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** "Көңіл күйін қалай?" мультфильмін қосу. Біздің топтың барлық балаларын сау, көңілді көруге қуаныштымын! Мен бұл көңіл-күйдің кешке дейін сақталғанын қалаймын! Ол үшін біз жиі күліп, бір-бірімізге көмектесуіміз керек!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Ұйымдастырылған іс-әрекетіне құрал-жабдықтармен материалдар дайындау.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға көңіл аударуға бейімдеу, оқу іс-әрекетіне арналған	**Табиғат бұрышындағы бақылау.** Мақсат-міндеттер: табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесінде тұрғанына назар аударыңыз; күн адамға ғана емес,	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құрастырмақтардың бөліктерін қорапқа ұқыптап жинату. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру".** Мақсат-міндеттер: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін	**Бөлме өсімдіктерін бақылау.** Бөлме өсімдіктері отырғызылған ыдыстардағы топырақтың құрғақ екендігіне назар аударту, сол себептен өсімдіктерді су құйғышты

	материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**	өсімдіктерге де қажет екенін; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	Құрастырмақтарды ң қорапқа жиналуына назар аударту; бөлшектер шашырап жатса, қорапқа сыймайтынын түсіндіру. **(еңбек іс-әрекеті)**	ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**	пайдаланып суару керек. Мақсаты: бақылағыштыққа тәрбиелеу. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** гүлдерді суқұйғышпен суару. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөз арқылы балаларды жуыну тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру. Сылдыр, сылдыр,	**"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.** Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ	**"Ойыншық мысықпен ойындар".** Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөйлеуді тыңдауға, мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу.	**"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балаларға туған өлкесі, мекен орны жайлы ұғымдарын қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту. Суретте	**"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. **Ойын атрибуттары:** "Лего" немесе ағаштан

	сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу. Жусаң таза болады, Беті - қолың, маңдайың. **(сөйлеуді дамыту)**	қол моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту. Не боп қалды? Не боп қалды? Пішіндер шашылып қалды! Қане, жылдам достарым, Орнына орналастыр! **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	Мысық, мысық, мысығым, Жолға отырма, пысығым. "Тәй-тәй" басқан бөпешім, Жолдан өтем демесін. Сенен аттай алмайды, Құлап қалып жүрмесін! Тусипжанова-Шагирова А. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)**	бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары.** Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, ортақ құрылыстарды біріктіруге ұсыныс жасайды.	жасалынған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйін құрастыруды ұсынады.. **(құрастыру)**

				(құрастыру)	
Ертеңгілік жаттығу	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Оянайық, тұрайық, Жаттығу орындайық. Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық. Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы! **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын қалыптастыру; көрікті жерлерді	**"Не артық?" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: белгілі топтамаға жатпайтын затты байқап, атауға бейімдеу; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: ойыншық-заттар	**Мнемотехнике бойынша қала туралы тақпақ жаттау.** Мақсат-міндеттер: зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тақпақты картотека мазмұнынан (қала,	**"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; көрікті	**Туған жер, ел, қала туралы мақал - мәтелдер жаттау.** Мақсат-міндеттер: туған жеріне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу негіздерін

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығулары.** Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөз үлгілерін мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау қабілетін дамыту. **Көркем сөз.** Су жайында білесің бе? Су болады барлық жерде! Көлшіктерде, теңізде, Мұхиттар мен көлдерде, Тіпті, өз үйімізде, Су ағатын шүмекте! Шатырдан ағып мұз болар, Тұман боп жер бетін басар.	**"Кір-қожалақ бала туралы" ертегіні мәнерлеп әңгімелеп беру.** Шығарма сюжетімен таныстырып, мәдени-гигиеналық іс-шаралардың маңыздылығы жайында түсіндіру, бейтаныс сөздерді есте сақтауға көмектесу. **Тақпақ-жаттамақ.** Суым-құрбым, Барлығының қолын жудың: Мадина мен Еңлікке, Қарлығаш пен Ерлікке. Қолдарымыз әдемі, тап - таза енді, Риза болып балалар, қуанып келді.	**Сумен тәжірибелер. Судың қасиеттері.** Мақсаты: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту. Су өте әртүрлі болады. Ол, сықыршы сияқты, жаңбырға, шыққа, мұзға, қарға айнала алады. Су бұл - өзендер, көлдер, теңіздер. - Бірінші стақанда не бар? - Су. - Екінші стақанда не бар? - Сүт. Суы мен сүті бар стақанда қасықтар	**"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: дәрігер еңбегі жайында ойын арқылы ұғымдарды қалыптастыру, жетілдіру; коммуникативті қабілеттерді дамыту. Рөлдерді бөлу, алмастырғыш заттарды қолдана білу, ойынның логикалық қорытындысына жету. Құралдары: ойынға қажетті ойын құралдары, киімдер. **"Сықыршы су туралы" әңгімелесу.** Мақсаты: судың өміріміздегі маңызы туралы айту, судың	**"Тышқанға қонаққа барамыз" ойыны.** Мақсаты: балалардың құм және судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Негізгі түстерді танып, атай білу қабілеттерін қалыптастыру. Жалпы және ұсақ қол моторикаларын дамыту. Қарапайым зерттеу қызметіне деген оң көзқарастарын қалыптастыру. Құрал-жабдықтары: құм-су, кілемше, қозғалмалы тышқан, бала саны бойынша кішкентай тышқандар, түрлі түсті қорапшалар, салғыштары бар бөшкешелер,

	Шәйнек қайнап кеткенде, Бу болып одан шығар. Су болмаса шөлдейміз, Тамақ ішіп, жемейміз. Денемізді жуа алмай, Кір - кір болып жүреміз. Сусыз өмір жоқ мүлде, Соны достым білдің бе?! Тусипжанова-Шагирова А. **"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде		бар. Қасық қай стақанда көрінеді, ал қайсысында көрінбейді? - Суы бар стақанда қасықты көре аламыз, ал сүттен көре алмаймыз. - Неге? Су қандай? - Сүт қандай түсті? - Енді сиқыршы су бізге судың түсін анықтауға көмектеседі. (Педагог ақ парақты алып, алдымен сумен, содан кейін сүтпен салыстырады). - Сүт, қағаз сияқты, ақ, бірақ судың түсі жоқ. Су түссіз және мөлдір. -Балалар, бәріміз тегеш пен екі су құйғыш тұрған үстелге келейікші. Сукұйғыштар қандай түсті? (Жасыл және сары). Қазір мен сендердің қолдарыңа әр	қай жерде, қандай күйде болатындығын көрсету, су күйінің әртүрлілігі туралы айту.	өріктің сүйектері, ақ және қызыл асбұршақтың дәндері, үрме бұршақ, күнбағыс дәндері (пістелер), кішкентай тәрелкелер, қызыл және көк тегештер.

	өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу."		суқұйғыштан құямын. - Айтыңдаршы, жасыл суқұйғышта қандай су бар, ал сары түсте қандай бар? - Жасыл түсте - жылы су да, сарыда - суық. - Демек, су суық және жылы болуы мүмкін. - Сендер қандай су іше аласыңдар, ал қайсысын іше алмайсыңдар? - Қайнатылған, мөлдір. - Сиқыршы - су сендерге стақандарға қайнатылған су дайындап қойды. (Үстелде стақандарда қайнатылған су тұр. Балалар су ішеді.) - Дәмі қандай су? (Дәмсіз.) - Судың иісі бар ма? Иіскейікші.		

			- Жоқ, судың иісі жоқ. - Су кімге керек? -Адамдарға, құстарға, жануарларға, балықтарға, өсімдіктер мен жәндіктерге.		
Балалармен жеке жұмыс	**"Жұбын тап" ойыны.** Мақсаты: балаларды заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру амалдарына бейімдеу; ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: әрқалай үстелде жатқан түрлі топтарға жататын заттардың суреттер. Суреттердің арасында жұптар бар. Мысалы: қасық пен шаңышқы, доп пен пирамида, көйлек пен шалбар, шәйнек пен кесе, шкаф пен орындық,	**"Бұлт пен жаңбыр" тақырыбында сурет салу.** Мақсаты: балаларға қарындашты дұрыс ұстауға, қиғаш және түзу сызықтар (жаңбыр) салуға үйретуді жалғастыру; кескіннің сыртына шығармай, ұқыпты бояуға үйрету.	**"Мен және достарым" атты жаттығу.** Мақсаты: балаларды достықтың жағымды белгілерін, достарының ерекшеліктерін бөліп көрсетуге үйрету.	**«Әуе шарлары» дидактикалық ойыны.** Мақсаты: ұсақ саусақ, қол моторикаларын дамыту: балаларға қарындашты қағаздан көтермей шеңбер салуға, қарындашты дұрыс ұстауға үйретуді жалғастыру.	**Апта тақырыбына байланысты жұмбақтар шешкізу.** **Жұмбақ.** Аяғы жоқ жүреді, Сылқ-сылқ күледі. (Су) Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (Су) **Сумен іс-тәжірибелер.** Мақсаты: судың мөлдір болып, бояуларға боялатынын, судың көкөністерде (қияр, пияз, қызанақ) бар болғандығын дәлелдеу; зияткерлікке бейімдеу.

	т.б.				**Апта тақырыбы бойынша нақыл сөздер.** Су — ырыстың көзі, Еңбек — кірістің көзі. Су бергеннің — сауабы бар. Су төккеннің жауабы бар. Еңбек тапсырмасы: құрап түсіп жатқан жапырақтарды жинау. Мақсаты: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу.
Серуенге дайындық	Мақсаты: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер:	Мақсаты: жапсырмасы бар қапсырмалы аяққиімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, баска да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу	Қауіпсіздік ережелері жайында жеке дербес және ұжымдық әңгімелесу (сөйлеу тілін белсендіру үшін). Мақсаты: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын	**"Киімдерді әдемілеп бүктейік" ойын жаттығуы.** Мақсаты: киімдерді дұрыс бүктеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды өз киімін танып білуге, атай алуға, бірте-біртелік жүйесі бойынша киіне білуге, өз шкафтарын суретті	**Алаңқайда қимыл-қозғалыс ойындарын ойнаған кезде:** - ойын ережелерін мұқият тыңдау; - ойынды педагогтің белгісі бойынша ғана бастау; - көрсетілген жерде ғана ойнау; - лақтырған кезде, құралыптастарына

	- серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көленкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру тудыруы мүмкін микробтар көп.	және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.	жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етіктің бірте-біртелік жүйе бойынша киінуін қадағалау.	белгісі бойынша таба алуға және киімдерін ұқыпты бүктеп, шкафтарына салуға үйрету.	көздемеу; - лақтырған кезде, белгі берілгеннен кейін ғана доптың соңынан жүгіреміз; - ойнаған кезде бір-бірлеріне қақтығыспауға тырысыңдар.
Серуен	**Ауа-райын бақылау.** Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін	**Желді бақылау.** Мақсаты: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап	**Құмды бақылау.** Мақсаты: балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның	**Ауа-райын бақылау.** Мақсаты: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, жаңбырдан кейін	**Бұлттарды бақылау.** Мақсаты: балалардың назарын бұлттардың жылжуына аудару;

	ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару. Мақсаты: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **"Іздер" құммен ойнайтын ойындар.** Мақсаты: балалардың ұсақ	байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. **"Күнмен ойнаймыз" ойын-жаттығуы.** Мақсаты: балаларды ойындағы сөздердің мәніне сай қимылдауға, қимылдарды өзгертуге дағдыландыру; негізгі қимылдарды жетілдіру; шапшаңдыққа тәрбиелеу. Аспанға алтын күн шықты, Шашыратып шуақты. Домаландап, жарқырап, Көзін қысып, бізбен	төгілетініне, дымқыл құмнан түрлі пішіндерді жасауға болатынына көз жеткізу; іс-тәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу. **"Батады, батпайды" сумен ойындар.** Әр түрлі заттарды жинастырыңыз. Бұл пластик қақпақтар, поролон бөліктері, малтатастар, түймелер, моншақтар болуы мүмкін. Балаларға заттарды кезекпен суға лақтырып, олардың бататын-батпайтынын анықтау ұсынылады. **"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа	ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **"Тамшы мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Балалар тамшылардың қалпағын киеді. Тамшылар жерге ұшты, секірді, ойнады. Тамшылар бірге жиналып, көңілді бұлақтар болып ағады (екі-екіден қол ұстасып, бұлақ жасайды). Бұлақтар кездесіп, үлкен өзенге айналады (бір	бұлттарды ақ және сұр түсті болатынын, сұр бұлттардың жаңбырдың болуын қамтамасыз ететінін түсіндіру, білімдерін толықтыру; зеректікке тәрбиелеу. **"Тауық" сумен ойындар.** Мақсаты: шапшаңдыққа, дәлдікке тәрбиелеу. Сумен ойнайтын ойындарды тауық туралы ертегімен үйлестіруге болады. Балаларға тауық келеді. Балаларға тауықтың не істей алатынын, немен тамақтанатынын, қалай дыбыстайтынын айтып беріңіз. Балалармен бірге құсқа жем беріңіз. Ал, тауық балалар қамқорлық

	қол моторикасын желітдіру, елестету, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Балаға егер қолдарын, аяқтарын немесе басқа да затты алып, құмның бетіне қойып, сәл бассақ, құм бетінде із қалатынын көрсету. Өздеріне із қалдырып көруді ұсыныңыз, содан кейін шыққан ізге түрлі суреттер мен кескіндер салып безендіртіңіз. Жан-жақтарында қоршаған тағы қандай заттармен із қалдыруға болатынын қиялдап көруді сұраңыз.	ойнап. Күнім, рақмет, демалшы, Көлге батып, ұйықташы. Д. Ахметова. Алғашында балалар шеңберде тұрып, аяқ ұштарына тұрып, қолдарын жоғары көтереді. Содан соң жан-жаққа таралып, айлалып, билейді. Соңында орындарында тоқтап, шоқайып отырады, ұйықтап жатқанын көрсетеді. **"Жаңбыр" сумен ойындар.** Балаларға суқұйғышпен жаңбыр жауғызып, ойын ұйымдастыру өте оңай. Тамшылардың суға қалай таматынын, бос тегенеде біртіндеп үлкен көлшік қалай пайда болатынын	шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша	тізбекпен байланысады). Өзен ағып - ағып үлкен бір мұхитка құяды (балалар шеңберге тұрып, шеңбер бойымен қозғалады). Тамшылар мұхитта жүзіп жүзіп, содан кейін бұлт аналары - "үйге қайтыңдар" - деп айтып жатқанын естеріне түсіреді. Дәл сол кезде күн шықты. Тамшылар жеңілдене бастады (тізе бүккен тамшылар көтеріліп, содан кейін қолдарын жоғары созады). Олар күн сәулесінің астында буланып, бұлт аналарына оралды. **Еңбек тапсырмасы:** ойыншықтарды құмнан қағып, тазалап, қорапқа	танытқандары үшін, оларға көп жұмыртқа әкеледі. Піскен жұмыртқалары бар себетті алып шығыңыз. Балаларға ұстап көруге ұсыныс жасайды. Олар ақ түсті және жұмыр екеніне назар аудартады. Сосын тегешке су құйып, ішіне жұмыртқаларды салыңыз. Ойын барысында , балалар жұмыртқаларды қолдарымен алып шығып, себетке салу керек. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа

		көрсетіңіз. Балаларға жаңбыр туралы өлең оқыңыз, ән айтыңыз. Осындай ойыннан кейін сіз шығармашылық сабақ ұйымдастыра аласыз. Балалармен бірге бұлттар мен жаңбырдың суретін салыңыз. **Еңбек тапсырмасы:** құрап түскен жапырақтарды жинастыру. Мақсаты: балаларды тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру.	әрекеттер жасауға машықтандыру.	салу. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.	тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсаты: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.
Серуеннен оралу	Балалар киімдерін дұрыс шешу,шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан,				

	Суға колын созды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Менің достарым" тақырыбында әңгімелесу.	"Балабақша ережелері", "Достарының арасында өз-өзін қалай ұстау керек? " тақырыбында балалармен әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеттері, өткен күндері, жетістіктері жайында әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың тазалығы жайында әңгімелесу.	«Жазғы жайсаң күндер» фото көрме.

БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Н.Тілеумбетова
«__» 2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ
Маусым айы IV апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ***ЖШС «Асыл-Саян»бөбекжай балабақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар»тобы***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезеңі: ***24.06-28.06.2024ж***
Педагогтың аты-жөні ***Журкабаева Меруерт Есаналиева***

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	24.06.2024ж	***25.06.2024ж***	***26.06.2024ж***	***27.06.2024ж***	***28.06.2024ж***
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Дене температурасын күнделікті өлшеу, теріні қабаттарын қарау, балалардың сырткы түрі; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау.				
Ата-аналармен немесе баланың баска заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен «Құстарға қамқор бол» тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** "Пульверизатордан бөлме өсімдіктеріне су бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне баулу.	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** ойын бұрышында өз орнында тұрмаған ойыншықтарға назар аудартып, аттарын атап орнына қою. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа	**Ұйымдастырылған іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындаймыз.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** құмды бір жерге үйіп, құмсалғышқа апарып, салу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн

	(еңбек іс-әрекеті)	тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	жабдықтарды дұрыс, ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**		сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. **Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** жапырақтарды шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
	"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, құстардың дыбыстарын еліктеуіш сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру. Балалар ерексек	**"Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды әр құс түрінің бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жырткыш, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар	**"Қолда балапанды жасырайық" тренинг-ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды елестетуге, нұсқауларға еруге, көңілді көңіл-күйге бөленуге бейімдеу. Қолдарыңда кішкентай, әрі дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңдер. Қолдарыңды алға созып, алақандарымызды	**"Шұп-шұбар тауығым" ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс айтып, еліктеуге жаттықтыру. Барысы. Балалардың арасынан "Шұбар тауық" таңдалынып, басына маска-тақиясы кигізіледі. Жүргізушінің белгісі бойынша диалог басталады: - Шұп-шұбар тауығым, қай жаққа	**Үй құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрациялық суреттерді көрсету.** - Бұл не? - Бұл құстар қайда мекендейді? - Оларға кім қамқорлық жасайды? - Үй құстары ұша алады ма? - Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?

	адамның сұрақтарына сәйкес құстардың дауысына еліктеп, аталған құстың дауысын салып жауап береді. - Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қаркылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!) - Бұлбұл құс қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тёх -Тёх" - деген дыбыс шығарады.) - Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шиық-шиық!" - дейді.) - Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек: "Көкек-көкек" - дейді.) **(сөйлеуді дамыту)**	суреттерді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Барысы. Педагог кестеде бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді. Құстардың тұмсығының, аяқтарының құрылымын және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Тұмсықтың құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **"Ботқаны суытамыз" тыныс алу жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тыныс алу мүшелерін	жоғары көтереміз. Енді шынтақтарыңды бүгіп, өздеріңе жақындатыңдар. Біртіндеп бір-бір саусақтан алақандарыңды жәймен бүгіңдер, балапанды алақанның ішіне жасырыңдар, енді ақырын балапанға бірқалыпты және баяу тыныс алып, балапанды жылы демдеріңмен жылытыңдар. Енді алақандарыңды ашыңдар, сонда сендер балапанның қуанып ұшып кеткенін көресіңдер. Оған өкінбей, мұқаймай, күлімсіреп қарап қоя беріңдер. Себебі ол сендердің мейірімді қолдарыңа әлі де ұшып келеді. **(сөйлеуді дамыту)**	барасың? - Мен өзенге барамын. - Шұп-шұбар тауығым, онда неге барасың? - Су алуға барамын. - Шұп-шұбар тауығым, суды не қыласың? - Балапандарға беремін. Олар әбден шөлдеді. Шиқылдап, су іздеді. Бүкіл көше естиді: - Шиық - шиық - шиық - шиық! "Бүкіл көше естиді: Шиық - шиық - шиық - шиық!" , - деген сөздерден кейін балапан болып тағайындалған балалар тауықтан қашып, шиқылдайды (Шиық - шиық - шиық - шиық!). Ал, ұстап алынған балаға қолын	**(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **"Менің балапандары?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: үй құстарының балапандары, олардың дыбыстауы жайында алған білімдерін бекіту; үй құстарының аналықтары мен балапандарын сәйкестендіре алуға жаттықтыру. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**

		жетілдіру; әдептілікке тәрбиелеу. Тыныс алу жаттығуы кезінде құстардың мамығын үрлеп жарыстырып көреді.		тигізіп, тауық былай дейді: "Құдыққа кеп, судан іш!". Ұсталынып қалған балалар ойыннан шығып отырады. Ойынды жаңа тауық таңдап, қайтадан қайталауға болады. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	
Ертеңгілік жаттығу	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)** - Амансыңдар ма, менің кішкентай балапандарым! Ұйқыларыңнан ояндыңдар ма? (Оянып жатқан қимыл-қозғалыстар келтіреді.) Керіліп, созылдыңдар ма? (Аяқтарының ұштарына тұрып, керіліп, созылады.) Жуындыңдар ма? (Иә.) Қалай жуындыңдар? (Беті-қолдарын, құлақтарын жуғандай қимыл көрсетеді). Қандай тап-тазасыңдар! Қандай әдемісіңдер! Қарасаң көз тоймайды! Мен, сарышымшық анамын, сендердей тамаша балапандарды көргенімен қуанамын! Балапандар, өз ата-аналарың жүгіріп барыңдар, құшақтасып, жаттығу жасауға шақырыңдар! Аналар да, Әкелер де өз балапандарының денсаулықтары жақсы, мықты болғанын қалайды! Ата-аналар балалардың қолдарынан ұстап, әуенмен ілесіп, адымдап жүредеді. Шымшықтарым, шымшықтарым, Тату, адал құстарым. Балалармен адымдайды, Денсаулықты сақтайды. Құстар былай өседі, Аяқ ұшымен жүреді. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Мақсат-міндеттер: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу. Қасықтарымыз біздің,				

	Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сықырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Қуаныш шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аударып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қане, достар қуанайық. Қуанайық құстарға да, Күнге де, (Балалар қолдарын жоғары көтереді) Қуанайық жымың қаққан көздерге. (Бір - біріне қарап жымияды) Бүкіл әлем қуансын бізбен бірге, (Қолдарын екі	**"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көкөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.	**Таңғы сәлемдесу.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова-Шагирова А.	**Құстар туралы тақпақтар.** Мақсат-міндеттер: балалардың құстардың жаздағы тіршілігі жайындағы түсініктерін нығайту; құстарға аяушылықпен қарауға баулу. Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды. Құс ұясын бұзбаңдар, Балапанын алмаңдар. Құстар біздің досымыз,	**"Қимылдарға қарап, нені көрсеткенімді айт?" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға ым-ишара арқылы іс-қимылды түсіне білуге машықтандыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.

	жаққа қарай ашады) "Қайырлы таң!" деп, айтамыз біздер Сізге! (Барлығы қол ұстасады) "Қайырлы таң!" ата-анамыз, Сіздерге! "Қайырлы таң!" қалады тағы бізбенен!			Обалына қалмаңдар. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды Құс өкпелеп кетеді Бақшамызға қонбайды.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Ақ мамықтай балапан" Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; құрсаулармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Құстар біздің досымыз" Мақсат-міндеттер: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру;б алалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой – өрісін дамыту; құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Құстарға жем салайық" Мақсат-міндеттер: Құстар туралы түсініктерді дамыту; желімді қылқаламмен алып, дайын пішіндерге желімді жағу, сүлгіні қолдана білу қабілетін қалыптастыру; балаларды дайын пішіндерден құс бейнесін құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету (сопақша, дөңгелек,	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Құс үйі" Мақсат-міндеттер: Сипаттама бойынша затты табуды үйрету,сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту,үйді құрылыс материалынан тұрғыза білу,қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Орманда" Мақсат-міндеттер: Музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.

	жасау; судың қасиеттері туралы білімдерін толықтыру.		үшбұрыш, тіктөртбұрыш); қолдың ұсақ моторикасын, құстардың әнін тыңдау және есту қабілеттерін дамыту; табиғат пен құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу.** Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады.				
Серуен	**Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: құстардың қимыл-қозғалыстарына назар аударту: жүреді, секіреді, ұшады. Шалшық сулардан	**Құмсалғышта ойнаймыз. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру. Құмның қасиеттерімен таныстыру. Ойын	**Масалармен танысу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жәндіктермен (маса) таныстыруды жалғастыру; байқағыштық қасиеттерін дамыту; қоршаған ортаға деген	**Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жаңбыр және найзағай сияқты құбылыстарды түсіндіру. Найзағай фотосуретін көрсету.	**Құстарды бақылау (қарғалар, торғайлар, көгершіндер) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: құстар туралы жалпы түсінік қалыптастыру. **Көркем сөз.** Тереземнің алдына,

	қалай су ішіп, қалай жем шоқитындарын бақылау. **"Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір - бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру. **"Бедерлі жолдармен" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: асфальтта сызылған бедерлі сызықтармен жүруді жаттықтыру. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын**	барысында құрдастарымен тіл табыса білуге тәрбиелеу (ойыншықтармен бөлісу, кезектесіп ойнау, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу). **Әңгімелесу.** Біздің құмсалғышымыз қандай керемет! Ондағы құм сары, таза. Кім құмсалғышта ойнағанды ұнатады? Егер күн қатты ысыса, онда құм құрғақ болады. Мұндай құмды құюға болады (педагог құмның пластмас дирменшеден қалай айналдыратынын көрсетеді) немесе құмды илеуіштен илей аласыңдар	қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Әңгімелесу.** Балалар, сендерді масалар шағып көрді ме? Масалар қандай болады? Педагог балаларды масалар туралы әңгімелесуге, оларды сипаттауға шақырады. Сөйлемдерді дұрыс құрауына үлкен мән беру маңызды. Бақалар мен қарлығаштар масалармен қоректенеді. Олар бізді масадан құтқарады. Егер мүмкіндік болса, далада балаларға масалар мен басқа да жәндіктердің суретін салуға қағаз бен бояулар (қарындаштар, балауыз қарындаштар) тарата аласыз.	Қатты жауын болған кезде, найзағайдың алдында аспанды ауыр бұлт жауып, қатты жел соғады. Жел ағаштарды қатты шайқайды. Айналаның бәрі біртіндеп түнеріп кетеді. Құстар айқайлап ұшып, жасырынып қалуға тырысады. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. **Жұмбақ.** Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай) Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр, Дабылдатып дабылын ол қағып тұр. От жағып, дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен қарай су ағып тұр. (Жаңбыр, найзағай)	Түрлі құстар кеп қонды. Ақырын жақын келіп ем, Пыр етті де жоқ болды. **"Торғайлар мен машина" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүруге және жүгіруге ынталандыру; құстардың қимылдарына елкітеуге бейімдеу; бірлесіп ойнауға машықтандыру. **Дене шынықтырудан жеке дербес жұмыстар.** Мақсат-міндеттер: балаларды көлбеу тақтайдың бетімен жүруге, бастың арт жағынан лақтыруға жаттықтыру, балаларды батылдық пен

	әрекеттері. Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға	(Көрсетеді.). Сендер құмды мөлдір пластик бөтелкеге құю аласыңдар (көрсетеді). Құрғақ құмның үстінде жалаңаяқ жүгірген жақсы. Бірақ бір-бірлеріңе құм лақтыруға болмайды. Себебі, біреудің көзіне кіріп кетуі мүмкін! Егер біз күрек алып, құмды қаза бастасақ, біраз қазғаннан кейін қою қоңырқай құм шығады. Ол дымқыл болғандықтан сондай болады. Мұндай құмды төге алмайсыңдар. Қарандаршы. Ол кішкентай кесек - кесек болып түседі. Мұндай құмнан біз түрлі қалыптардың көмегімен торттар, қалыптар, пироженыйлар	Масалардың суретін салу. **"Құпияшалар" құмсалғышта ойнайтын ойындар.** Ойын күрделендіріліп ойнатылады. Бірнеше балаға түрлі - түсті текшелерді құпия түрде жасырып қою ұсынылады. Қалған балалар мұқият іздеп, тауып алулары керек. **"Қуыспақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша, құғыншыдан қашып жүгіруге бейімдеу; күш-жүгерін, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту. Балалар қуыспақ ойнағанды өте жақсы көреді. Ойын	**"Аюдың орманында" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. **"Сабалақ күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалалардың ойын мәтініне сәйкес қимылдау, қозғалыс бағытын тез өзгерте алу, ұстап алушының қолына түсіп қалмай, бір - бірін итермей жүгіре алу қабілеттерін дамыту. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар:	ептілікке тәрбиелеу. **Еңбек тапсырмалары:** құмдарды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа әкеліп төгу. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай алуға үйретіп баулу.

	машықтандыру.	жасай аламыз (қалыптардың көмегімен педагог көрсетеді). Енді өзіміз түрлі пішінді қалыптарды алып, мүсіндеп көрейікші! **"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, тәрбиеші белгісін есті білу, кеңістікті бағдарлай білу біліктіліктерін дамыту. **"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту; **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын**	ойнатылмас бұрын ересек адам алдын-ала жұмыс жүргізу керек: ойын шартын түсіндіріп, жүгіруге арналған аймақты белгілеп беруі керек. Негізгі қимыл - қозғалыс түрлері бойынша жеке жұмыстар. **"Сол жақ", "Оң жақ" түсініктері туралы білімдерін бекіту.** Ересек адам былай дейді: - Масалар оң жақ құлақтың түбінде! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар сол жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! Масалар оң жақ иық тұсында! Алақанмен ұстап ал. Хоп! **"Масаны ұстап ал!" қимыл-қозғалыс ойыны.**	күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.	

		әрекеттері. Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер, қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. **Еңбек тапсырмасы** – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.	Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды секіруге жаттықтыру, бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. **"Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды дәрігердің қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың аттарын бекіту. Балаларға ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Екі кейіпкермен (дәрігер - науқас) өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру; алмастыратын ойыншықтармен		

			дербес ойын кезінде өзі үшін де, ойыншық үшін де рөлін сомдау. **Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері.** Далаға алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, зеңбілдер, қалыптар, қағаздар мен қарындаштар.. **Еңбек тапсырмасы – серуеннен кейін ойыншықтарды жуу.** Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.		
Серуеннен оралу	Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. Көркем сөз оқу: "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті).				
Түскі ас	Дастархандағы тағамға назар аударту; үстел басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін енгізуге бағытталған жеке жұмыстар; этикет ережелері. **Көркем сөз.** Қолға қасық, нан алайық,				

	Түскі асты тауысайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Түскі ұйқы	Тамақты ұртына тығындап алмай, өз бетімен тамақты жеп тауысу кабілеттерін шыңдау. Ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру. Майлықты қолданып үйрету. "Қонжық қалай тамақтануды үйренді" ойын жағдаяты. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".** Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді. **"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.** Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді. **Кереуеттерінің жандарынан жүру.** Алтын айдарлы әтеш, Адымдап келе жатыр. Балапандарын қуып, Қораға қамап жатыр. Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін. **Шынықтыру іс-шаралары.** Дымқыл шүберекпен сүртіну, ысқылау. Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	**"Қуыршақ Данаға суық тиіп қалды" дидактикалық ойыны. Тақпақ-жаттамақ.** Қол орамал қалтады, Мұрын сүртіп алуға.	**"Құстар" тақырыбында презентация (интербелсенді тақтада).** Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсініктерін жалпылау,	**"Құс" қыстырғыштарме н ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды қысқыштармен жұмыс жасауға бейімдеу, ұсақ қол моторикасын, ой-	**"Біздің әтеш шақырмайды" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: театр өнері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.	**"Үйшік" ертегісі (ертегі терапиясы технологиясы).** Мақсат-міндеттер: балаларға таныс ертегінің мазмұнын еске салу, қиялын және ерікті зейінін дамыту.

басқалар)	Балалардың мұрындары, Қайта таза болуға. Балаларға жөтеліп,түшкірген кезде ауыздарын қолорамалмен жабуға үйрету, алдында біреу тұрса, теріс қарау керек. Балалардың қолорамалды немесе бір реттік орамалдарды қолдана алу дағдыларын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Құс" тақырыбында қағаздан құрастыру.** Құстарыңның бастарының екі жағынан қара ермексаздан бір-бір көзден жапсырып қойыңдар. Сосын құстың денесінің екі жағынан бір-бір	нақтылау: барлық құстардың тұмсығы бар, денесі қауырсынмен капталған, екі қанаты, екі аяғы бар, жұмыртқадан балапандары шығады. **(қоршаған ортамен танысу)** **"Бөліктерден бүтін жұмыртқа жина" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: ұсақ төрт бөліктен тұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; ойлау, қабылдау, зейін, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Бұл жұмыртқа шағылған. Оның ішінен балапан шыққан. Өсіп, жетілген соң жұмыртқаны	қиялын дамыту. Құсқа қыстырғыштардан тұмсық, аяқтары мен әдемі құйрық шығатындай етіп қыстырып берейік. **(қоршаған ортамен танысу)** **"Шағала" көзге арналған жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көздің көру қабілеттерін жетілдіру, босаңсыту мүмкіндіктерін ашу. Қараңдар, бұл теңіз құсы шағала ғой! Ол қалай ұшатынын көзімізбен ғана қарап отырайық. Шағала жоғары ұшты. Шағала солға ұшты. Шағала төмен қарай ұшты. Енді оңға ұшты. Толқындардың үстімен айнала ұшты.	Міндеттері: кейіпкердің эмоционалды жағдайын мимика, ым-ишара арқылы беру қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын байыту; қарым-қатынас дағдыларына тәрбиелеу. Алдын-ала жұмыс: ертегі ойлап табу, өлеңдер мен әндерді қосу, іс-әрекеттердің кезектілігін талқылау. Материалдар: Әтеш, Үйрек, Ешкі, Қыздың костюмдері. Ойыншық құрт (жіп), бір бума құрғақ шөп, шелек, шайнек, кесе, кептірілген итмұрын жемісінің шай қорапшасы. **(көркем әдебиет)**	Балалардың ішкі әлемін байыту, балалардың қарым-қатынасындағы кедергілерді жеңу бойынша жұмыс жасау. «Үйшік» ертегісін оқу, ертегіге байланысты иллюстрацияларды қарау, балаларға ертегі көрсету (қуыршақ театры), ертегі кейіпкерлерімен ойнау, жабайы аңдар, олардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу. Құрал-жабдықтар: "Үйшік" қуыршақ театры, аңдардың тұрғылықты мекен жайы бейнеленген суреттер, резинадан жасалынған ойыншық аңдар, жануарлардың санына сәйкес әр түрлі түсті геометриялық

	қанаттан жапсырыңдар. Жұмыс соңынан кейін жасаған бұйымдарымен ойын ойнап, құстың атынан сөйлеп, құсты таныстырады. **(жапсыру, қоршаған ортамен танысу)**	жарып, шықты. Қане, жұмыртқаның бөліктерін біріктіріп, жинап көрейікші. Бөліктерден бүтін жұмыртқа жинап көрейікші. **(қоршаған ортамен танысу)**	**(қоршаған ортамен танысу)**		пішіндер, қағазға жапсырылған шаршы және үшбұрыш, желім, аудиожазбалар. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс	**Артикуляциялық жаттығу. "Не қалай дыбыстайды?"** Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, дауыстарын ажырата алу. Құралдары: үй жануарларының суреттері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	**"Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз	**"Бір және көп" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйлестіруге машықтандыру. Ұзақ - ұзақтар - ұзақтарды. Құс - құстар - құстарды. Тырна - тырналар - тырналарды. Қараторғай - қараторғайлар - қараторғайларды. Қаз - қаздар - қаздарды. Үйрек - үйректер -	**Артикуляциялық жаттығу. "Әтештер".** Мақсат-міндеттер: етістіктің мағынасын білдіретін іс-әрекетпен байланыстыру. Ойын барысы. Ересек адам өлең оқиды, ал балалар өленде айтылған әтештерді бейнелейді. Әтештер айбарланды, Төбелеспей, ойланды. Айбарланса	**Бейнелеу өнері бұрышындағы бірлескен іс-шаралар.** Апта тақырыбы бойынша жеке жұмыс **(мүсіндеу, сурет салу).** **"Ұялардағы жұмыртқалар" дидактикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көзбен қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, міне,

		атрибуттарын табуға талпындыру. Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру - еңбек дағдыларын тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**	үйректерді. Қарлығаш - қарлығаштар - қарлығаштарды. Аққу - аққулар - аққуларды. Көкек - көкектер - көкектерді. Ұя - ұялар - ұяларды. Жұмыртқа - жұмыртқалар - жұмыртқаларды. Балапан - балапандар - балапандарды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	қаттырақ, Қауырсыннан айрылмақ. Қауырсыннан айрылса, Қайтіп айбар шақырмақ? (В. Берестов. Петушки. Өленің аударған: Тусипжанова-Шагирова А. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	сендердің алдарында ұялар. Оларды санайықшы. - Суретте канша ұя бар? Екі ұя. - Ал ұялар бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Әртүрлі. - Бір ұя үлкен, екіншісі кішкентай. Үлкен ұяны көрсет. Кішкентай ұяны көрсет. - Бір санын бір жұмыртқа салынған ұяның астына қоямыз, ал екі санын қай ұяның астына қоямыз? - Екі жұмыртқа салынған. Дұрыс. Құралдары: жұмыртқалардың суреттері, сандар. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**
Серуенге дайындық	**"Киімдерді әдемілеп бүктейік" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:	Қауіпсіздік ережелері жайында жеке дербес және ұжымдық	Мақсат-міндеттер: шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын	Мақсат-міндеттер: түйме таға білу іскерліктерін қалыптастыруды	Мақсат-міндеттер: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ-киімді шешіп тағу

	киімдерді дұрыс бүктеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды өз киімін танып білуге, атай алуға, бірте-біртелік жүйесі бойынша киіне білуге, өз шкафтарын суретті белгісі бойынша таба алуға және киімдерін ұқыпты бүктеп, шкафтарына салуға үйрету.	әңгімелесу (сөйлеу тілін белсендіру үшін). Мақсат-міндеттер: балаларды серуендеуге ынталандыру. Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етіктің бірте-біртелік жүйе бойынша киінуін қадағалау.	қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруге үйрету, қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстауға үйрету. Жазғы серуен кезіндегі ережелер: - серуен кезінде бас киім немесе орамал тағу; - ыстық ауа-райында, көлеңкеде ойнау (үлеске төбелдірігінде); - күнге тіке қарамау, себебі бұл көру қабілетін нашарлатуы мүмкін; - серуендеу кезінде әркім өз жеке стақанынан тек қайнатылған су ішуге болады; - серуен кезінде жемістерді (алма және т.б.) жеуге болмайды, өйткені қол кір болады және оларда ауру	жалғастыру; гольфіні мен шұлықты аяқты ұшынан бастап киюге үйрету; мәдениетті түрде көмек сұрауға үйрету.	дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.

			тудыруы мүмкін микробтар көп.		
Серуен	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **Жабайы, дала**	**Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың торғай туралы түсініктерін нығайту; торғайдың шапшаң, жылдам ұшатынын, торғайдың өзіне жем-қоректі тез тауып алатынын байқату; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға торғайлар алдына кепкен нанды үгітіп шашуды, алыстан бақылауды ұсыну мүмкін. **Энциклопедиялық мәлімет.** - Қызыл кітап – сирек кездесетін және жойылып кетуі мүмкін	**Аула құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сыртқы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Құстар", "Құстар ауласында", "Орман құстары" тақырыбындағы боямақтармен жұмыс. "Торғайлар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер:	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, қандай	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. **Әр түрлі құстар бейнеленген суреттерді көрсету.** - Бұл не? - Бұларды неге құс деп ойлайсыңдар? - Құстар не істеп жатыр? - Құстардың бәрі

	құстары мен олардың балапандары бейнеленген иллюстрацияларды көрсету. - Бұл не? - Бұл құстар қайда мекендейді? - Оларға кім күтім жасайды? - Олар коректерін қалай тауып жейді? (иллюстрациялар: ағашта отырған тоқылдақ, тұмсығымен құртты ұстап отырған шымшық, жем шоқып жүрген торғай). - Бұлар үй құстары ма, әлде жабайы, дала құстары ма? **"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын	жануарлардың, өсімдіктердің, жәндіктердің, балықтардың тізімі. - Кітаптың беттері әр түрлі түстен тұрады. Қара беттерде жойылған хайуандар, қызыл беттерде сирек кездесетін, сары бетте тез азайып келе жатқан, ал ақ беттерде құтқарылған жануарлардың түрлері көрсетілген. - Кітапта ақбөкен, гепард, бүркіт, арқар, барыс жануарлары бар. (Суреттерді көрсету.) - Біздің елімізде, Қызыл кітапқа енген жануар немесе өсімдікке зиян тигізілсе, ол адам жазаланады. Қызыл түс – қауіптілікті білдіреді.	балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір-бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру. **Далаға алып шығатын материалмен дербес ойындар.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар. **Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге	құстарды білесіңдер? - Құстарда не болады? (Балаларға құстардың дене мүшелерін айтуға көмектесу.) Жер құстарының алуан түрлілігі туралы иллюстрацияларды қолдана отырып, олардың ерекшеліктері туралы қызықты мәліметтермен таныстыратын ақпараттық әңгіме айту. Балалармен құсты мүсіндеу. Мақсаты: балаларды тұтас сазбалшықтың кесегін екі (кішкента мен үлкен) бөлікке бөліп, құстың басы мен денесін дөңгелектеп, саусақ ұштарымен тұмсығы мен құйрығын шымшып	бірдей ме? - Айырмашылықтары неде? - Маған үлкен құстарды көрсетіңдерші? Кішкентай құстарды көрсетіңдерші? Өзің білетін құсты көрсетіп, оны ата. - Құстар не жейді? - Торда отырған құстарымызды немен коректендіреміз? Олардың аттары кім? **"Ұяларында отырған құстар" қимыл-қозғалыс ойыны** Мақсат-міндеттер: сөзді тез қабылдап, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттерін дамыту; кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру. **Еңбек**

	желісіне, белгі бойынша бірінің соңынан бірі баяу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балапандар ұқсап балпаңдап жүруді көрсету. Күшіктің жүрігіп келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру. Біз көңілді балапан үйректерміз, Балпаң, балпаң етіп жүреміз. Күшік келіп үрісе - Жан-жаққа жылдам жүгіреміз. Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді. **Далаға алып шығатын материалмен**	- Ал, қазір сендер қандай құсты жасағыларың келетінін ойланып, алдарыңда жатқан қажетті материалдарды таңдап алып, жұмысқа кірісе беріңдер. **"Құс" аппликациясы.** - Балалар, бүгін балабақшаға келмей қалған балаларға құстар жайлы не айтушы едіңдер? **Көркем сөз.** Бақшаларды қорғауға, Құс достарым келеді. Зиянкес жәндіктерді, Шоқып жейді, тереді. Сондықтан да достарым, Ренжітпеңдер құстарды! Ұяларын бұзбаңдар, Мысықтардан	салып, құмсалғышқа апару. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.	шығарып, құстың мүсінін құрауға дағдыландыру. Құралдары: сазбалшық; сүлгілер, төнесіш тақтайшалар. **"Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша қимылдарын өзгеруге: алаң кеңістігін пайдаланып, бірін-бірі түртпей, жүгіруге және бір-біріне жақын бір жерде отырып, демалуға - машықтандыру; ұшақ қимылына еліктеуге ынталандыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагогтің балаларға берілетін белгі командалары:	**тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: балаларды шағын топтармен бірлесіп, тату ойнауға дағдыландыру; ойыншықтармен жеке ойында қарапайым ойын желісі бойынша әрекеттер жасауға машықтандыру.

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Марғаумен ойнайық" (пәндік әрекет пен құрама және динамикалық ойыншықтармен ойындар).** Мақсат-міндеттер: марғау туралы (дене бітімі, шығаратын дыбысы, қимылы жайында) нақтылылау;	**"Марғау қайда жасырынды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөйлеуде үстеуді қолдануды жаттықтыру, сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру. Педагог марғау	**"Арғымақтар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тұяқтар дүбірі мен жылқылар шығаратын дыбыстарға, қозғалыстарға еліктеу біліктіліктерін қалыптастыру.	**Дидактикалық ойын: "Енесін тап" (шағын топтармен).** Мақсат-міндеттер: балалардың үй жануарларымен олардың төлдері жайлы білімдерін бекіту.	**Дидактикалық ойын: "Сиыр сүт береді" (жеке топтармен).** Мақсат-міндеттер: дауыс мәнері арқылы өтініш білдіру іскерліктерін қалыптастыру.

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ұйқы	Музыкалық композицияны тыңдау: «Бесік жыры» (халық ауыз әдебиеті). **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Тақпақ-оятпақ: "Әтеш".** Жата ғой, жата ғой, Демалып, ұйықтай ғой. Төсекте: Әтеш ұйықтайды" – б.к. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. 3р. Әтеш бидай іздейді"- – б.к. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алдыға, солға еңкейту. 3р. Әтеш су ішеді"- – б.қ өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алдыға және астыға қол созып еңкею, б.к. оралу. Әтеш секіреді" — б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. **(дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Мақсаты: асты ішудегі әдептерді қабылдауға мүмкіндіктер жасау. **Көркем сөз.** Қойдым астың дәмдісін, Тәбетін тез ашылсын. Қасықпен көр дәмін, Тауысып же бәрін! **Тамақты тауысқаннан кейін ғана үстелден тұру, орындықты үстел астына жылжыту, алғыс айту.**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**"Марғаумен ойнайық" (пәндік әрекет пен құрама және динамикалық ойыншықтармен ойындар).** Мақсат-міндеттер: марғау туралы (дене бітімі, шығаратын дыбысы, қимылы жайында) нақтылылау;	**"Марғау қайда жасырынды?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды сөйлеуде үстеуді қолдануды жаттықтыру, сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру. Педагог марғау	**"Арғымақтар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың тұяқтар дүбірі мен жылқылар шығаратын дыбыстарға, қозғалыстарға еліктеу біліктіліктерін қалыптастыру.	**Дидактикалық ойын: "Енесін тап" (шағын топтармен).** Мақсат-міндеттер: балалардың үй жануарларымен олардың төлдері жайлы білімдерін бекіту.	**Дидактикалық ойын: "Сиыр сүт береді" (жеке топтармен).** Мақсат-міндеттер: дауыс мәнері арқылы өтініш білдіру іскерліктерін қалыптастыру.

	ойынға ілесу кабілеттерін арттыру. **"Біз – марғаулармыз" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:марғаула р мінез-құлқына сай әрекеттерді көрсете білу біліктіліктерін қалыптастыру.	ойыншығын белгілі жерлерде жасырып жатады да, марғаудың қайда жасырынғаны сұрайды. Балалар: марғау үстелдің астында, орындықтың үстінде, шкафтың атында, теледидар алдында, екі баланың арасында жасырынды - деп жауап айтады.			
Балалармен жеке жұмыс	**"Үй жануарлары»" салынбалы жақтаулары бар ойын тапсырмасы.** Мақсат-міндеттер: үй жануарларын сәйкес жақтауға орналастыру іскерліктерін қалыптастыру; ұсақ кол моторикасын, ойлау кабілетін дамыту.	**"Не қалай дыбыстайды?" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларының дыбысына еліктеуге жаттықтыру; "дыбыстау мәнерін", артикуляцияны жетілдіру. Құралдары: үй жануарларының суреттері. Күрделендіру амалы: еліктеу сөзін	**Қ. Баянбаевтің "Арғымақ" өлеңін оқу.** Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға машықтандыру; сөйлеу мәнерін жетілдіру, есте сақтау кабілетін дамыту. **"Естиміз-істиміз" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты таныс өлеңдердің	**"Әженің ауласының тұрғындары" ойын-жағдаяты.** Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануарларының тіршілігі жайында көп білуге ынталандыру; қабылдау, зейін, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдары: үй жануарлырының	**Ертегі мағынасын қабылдау: "Шұбар тауық балаларда қонақта".** Мақсат-міндеттер: "Шұбар тауық" ертегісі желісіне деген қызығушылықты арттыру; мәнерлеп сөйлеу үлгісін қабылдауға бейімдеу.

		айтып болғаннан кейін етістік сөзбен айтуға шақыру. Мысалы, ат кісінейді, қой маңырайды, сиыр мөңірейді, ит үреді, мысық миаулайды.	сөзіне сәйкес орындауды үйрету.	тіршілігі жайындағы сюжетті сурет.	
Серуенге дайындық	**"Аяқтарға түймелерін түймелеуге көмектесейік" дидактикалық тапсырмасы.** Максат-міндеттер: түймені түймелеу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру; шұлықтан бастап, гольфіні, шұлық киюді үйрету.	**Ойын алаңында қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу барысында:** - ойын шартын мұқият тыңда; - ойынды тәрбиешінің белгісі бойынша баста; - белгіленген жерде ғана ойна; - лақтыру кезінде жолдасына қарай дәлдеме; - белгіден кейін ғана допты лақтырып артынан жүгір; - ойын кезінде бір-бірінді итерме. Максат-міндеттер: балаларды ойындар барысында ережелерді сақтауға	**"Біз серуенге қалай киінеміз".** Максат-міндеттер: киім-кешек, аяқ киім, бас киім атауларын және қолданысын нақтылау.	**"Тіларғыш түймелер мен баулар".** Максат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	**"Біз құршаққа конжыққа конаққа баруға қалай көмектестік" ойын-жаттығуы.** Максат-міндеттер: балаларды өз киімдерін танып, атауға, оларды ретретімен киюге, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуға, шкафқа тәжнақты бүктеп салуға үйрету.

		бейімдеу.			
Сәуір	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда киімейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. **Құрастыру жаттығуы: "Маргауға арналған үйшік" (жеке топтармен).** Мақсат-міндеттер: құрылыс материалдарының бөлшектерімен	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және катты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. **"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі	**Аулашының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аулашы қолға сыпырғыш алып, ауланы қоқыстар сыпыранынына, тазаланған аулаға көңіл аудару; ересек адамның еңбегіне қызығушылық тудыру. Аулашы шықса алаңға, Сырлпгыш түспейді қолынан. Қураған жапырақ, қоқысты Таба алмайсын оның жолынан Д. Ахметова. **Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. Мақсат-міндеттер:	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **"Күшікті қуып жет" қимыл-**	**Аула құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сырткы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Сиыр мен бұзауға арнап қоршау тұрғызамыз" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: түрлі тәсілдермен қоршау құрастыру іскерліктерін дамыту. **Еңбек тапсырмасы:** ойын

		бейімдеу.			
Серуен	**Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға күннің адамға, жан-жануарға, өсімдіктерге қажеттігін көрсету (жапырақтардың түсі жасыл, гүлдерді түсі ашық, адамдар жылы киімін жазда кимейді, бақшадағы көкөніс, жидектер тез піседі); ұғымталдыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. **Құрастыру жаттығуы: "Марғауға арналған үйшік" (жеке топтармен).** Мақсат-міндеттер: құрылыс материалдарының бөлшектерімен	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. **"Балапандар мен күшік" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру; ойын желісіне, белгі	**Аулашының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аулашы қолға сыпырғыш алып, ауланы қоқыстар сыпыранынына, тазаланған аулаға көңіл аудару; ересек адамның еңбегіне қызығушылық тудыру. Аулашы шықса алаңға, Сырыпғыш түспейді қолынан. Құраған жапырақ, қоқысты Таба алмайсын оның жолынан Д. Ахметова. **Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. Мақсат-міндеттер:	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын) көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **"Күшікті қуып жет" қимыл-**	**Аула құстарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: аулада ұшып-қонып жүрген құстарды сырткы келбетінің ерекшеліктері, қимылдары, дыбыстары арқылы ажыратуға баулу (торғай, қарға, сауысқан, көгершін, т.б.); бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **"Сиыр мен бұзауға арнап қоршау тұрғызамыз" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: түрлі тәсілдермен қоршау құрастыру іскерліктерін дамыту. **Еңбек тапсырмасы:** ойын

	тәжірибе жасау әрекеттерін ынталандыру. **"Қайда сыңғырлайды?" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндері мен кеңістікті бағдарлауын дамыту. **Еңбек тапсырмасы:** ойыншықтарды құмнан қағып, тазалап, қорапқа салу. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	бойынша бірінің соңынан бірі бауу жүру және бір бағытта жүгіру қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлау, зейін қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балапандар үксап балпаңдап жүруді көрсету. Күшіктің жүрігін келуін байқап - жан-жаққа тарап жүгіру. Біз көңілді балапан үйректерміз, Балпаң, балпаң етіп жүреміз. Күшік келіп үріседі - Жан-жаққа жылдам жүгіреміз. Педагог балаларды, балапандарға жақсы еліктегендері үшін, мақтап жүреді. **"Күшікке арналған тәттілер" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер:	ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. **"Маргауға арнап жіп орамын мүсіндеп береміз" ойын жатығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; зейінділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	**қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: бір-біріне соғылмай жүгіру біліктілігін қалыптастыру. **Еңбек тапсырмасы:** құрап түсіп жатқан жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу.	анықталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

		ермексазды ширату біліктіліктерін қалыптастыру. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.			
Серуеннен оралу	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." ойын жағдаяты.** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." тақпақ-жаттамағын оқу. Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарыңды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Үй жануарын үйде ұстау керек пе?" тақырыбына кеңес.	"Баланы үй жануарына деген сүйіспеншілікке	"Үй жануарлары туралы ертегілерді оқып берейік"	"Қамқоршы баланы тәрбиелеу" тақырыбына кеңес.	"Менің досым" атты үй жануарлары туралы фото көрме.

		баулу кажет пе?" такырыбына кенес.	такырыбына кенес.		

БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Н.Тилеумбетова
2023-2024 оқу жылы

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
КІШІ «БАЛАПАНДАР» ТОБЫ
Тамыз айы IV апта

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ұйымы ***ЖШС «Асыл-Саян»бөбекжай балабақшасы***
Топ: ***Кіші жас «Балапандар»тобы***
Балалардың жасы: ***2 жастан***
Жоспардың құрылу кезеңі: ***26.08-30.08.2024ж***
Педагогтың аты-жөні ***Журкабаева Меруерт Есаналиева***

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
	26.08.2024ж	27.08.2024ж	28.08.2024ж	29.08.2024ж	30.08.2024ж
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Күнделікті дене қызуын өлшеу, балалардың дене терісіне, сыртқы келбетіне назар аудару; тәрбиешінің ата-аналарды толғандырған сұрақтарына жауаптары; балаларға арналған қолайлы орта тудыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Досың жанында болғанда көңіл-күйің қандай болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру". Мақсат-міндеттер: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін	**Еңбекке баулуға арналған тапсырма:** өсімдіктердің ірі жапырақтарын сүрту. Баланы еңбек әрекетіне жетелеу. Мақсат-міндеттер: бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету, тазалыққа	**Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма:** "Орындықтарды орындарына қоямыз". Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы тез, дәл орындау.	**Ұйымдастырылған іс-әрекетіне құрал-жабдықтармен материалдар дайындау.** Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға деген жауапкершілік сезіміне баулу, балаларды оқу іс-әрекетіне арналған	

	қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**	тәрбиелеу; еңбек етуге қызығушылықтарын және ересектерге көмектесу ниетін ояту. Сүртуге арналған алжапқыш, қолғаптар. **(еңбек іс-әрекеті)**	**(еңбек іс-әрекеті)**	материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**	
	"Жұпты тауып ал" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды түстер арқылы жұпқа жиналу амалдарына үйрету; татулық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Балалардың әркайсына түсі белгілі фишканы беріп, жұптарға жиналуға шақыру. **"Дос болайық бәріміз" әні.** Мақсаты: балаларға жағымды көңіл-күйге бөленуге мүмкіндік жасау; музыкалық қабілеттерді	**"Біз доспыз" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: бір-біріне жылы шыраймен қарауға бейімдеу. - Балалар, қане қол ұстасайық. Әркайсыларың көршілеріңнің көзіне қарап, оған өзінің мейірімді күлкісін сыйласын. - Досыңның қолының жылуын, қолдарын арқылы бір-бірлеріне деген жылулықты сезініңдерші. - Жылуды сездіңдер ме? Себебі біз көппіз және біз	**"Қалай дос болуға болады?" мультфильмін көрсету ("Айбала" бөлімінен).** Мақсат-міндеттер: достық туралы ұғымды қалыптастыру, татулық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Мультфильм мазмұны бойынша әңгімелесу. Тәрбиеші: - Балалар, Айбала неге жұлдызқұртпен дос болғысы келмеді? (Жұлдызқұрттар оны алдады.)	**Достық, достар жайлы ән тыңдау.** Мақсат-міндеттер: балалардың бірін-бірі жылы шыраймен қабылдауға бейімдеу; балалардың бір-біріне жақын жүріп, ойнап, ән салу әрекеттерінен жағымды эмоцияларын дамыту; "достық" ұғымының негіздерін қалау. Педагог балаларды мазмұны жеңіл әндерді айтуға шақырады. Әндерді музыка	

	дамыту. - Балалар, біз бір-бірімізге доспыз ба? (Иә). - Қане, бәріне біз қалай дос бола алатынымызды көрсетейікші (бір-бірінің қолдарынан ұстап, құшақтасады). - Бірге дос туралы ән шырқайық	доспыз. **Балалармен әңгімелесу: "Өзіннің досын жайлы айтып бер".** Мақсаты: достықтың мағынасын түсіндіру. Біздің ұран: «Әрқашан дос біргеміз, ажырамас іргеміз».	- Айбаланы кім "досым" деді? ("Досым" деп шегіртке айтты.) - Досы Айбалаға не үшін: "Рақмет, досым", - деді? - Иә. Айбала оған көмектесті, қолын созды.	жетекшісінің ұсынымымен алуға болады.	
Ертеңгілік жаттығу	**Музыканттар.** Топтасып жүру, топтасып жүгіруге көшу, жүрумен аяқтау. Жалпы дамытушылық жаттығулар. 1. "Үлкен дауылпаз". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде. Қолды екі жанға көтеру, түсіру. 4 рет қайталау. 2. "Дауылпазда ойнаймыз". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде, арқада. Еңкейіп тізеден ұру, "бум-бум" - деп, түзелу. 4 рет қайталау. Тәрбиешінің артынан жылдам жүру. Баяу жүрумен тоқтау. Анамызға арналған музыка. Бірінің артынан бірі жүру. Аяқ ұшымен жүру. Шеңбер құрып тұру. Сылдырмақпен жалпы дамытушылық жаттығулар. 1. "Сылдырмақты қақ". Б. қ.: аяқтар сәл алшақ, қол төменде, сылдырмақ сол қолда. "Сылдырлат" - сылдырмақты жоғары көтеру, сылдырлатып, төмен түсіру. 3 рет қайталау. Сылдырмақты екінші қолға алып, дәл сол жаттығуды қайталау. 2. "Сылдырмақты сок". Б. қ.: солай. еңкею, сылдырмақпен тізені ұру, "динь-динь"-деп түзелу. 3 рет қайталау. Дәл солай сол қолымен орындау. 3. "Сылдырмақты қой". Б. қ.: солай. Отыру, сылдырмақты еденге қою, түзелу. 2 рет қайталау. Сылдырмақты басқа қолға алып, дәл сол жаттығуды қайталау. Бір-бірінің артынан жүру, жүгіру.				

	(дене шынықтыру)				
Таңғы ас	**"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".** Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. **Ғажайып сәт.** Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Таңғы сәлемдесу шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; топтастарға жылы шыраймен қарауға баулу. Қол алысып, қане, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос	**"Жақсы - жаман" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жаман-жақсы туралы түсініктерін қалыптастыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Бір-біріңді ренжіту – жаман. Ойыншықтармен бөлісу – жақсы. Бірге ойнау – жақсы. Жанжалдасу – жаман.	**Таңғы сәлемдесу шеңбері.** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; қоршаған объектілерге қызығушылықты тудыру. Сәлем саған, алтын күн! Сәлем саған, көк аспан! Сәлем саған, Жер-Ана! Сәлем саған, достарым! Балалар қимылдарды орындайды, бір-бірін құшақтайды.	**"Күлкішілер ұшағында саяхат".** Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, достыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші: - Балалар, бүгін біз күлкішілер ұшағына отырып, саяхатқа шығамыз. Ол үшін бірнеше шартты орындау керек. - Қанаттарымыз екі жақта! (Балалар қолдарын екі жаққа созады) - Белдіктерді саламыз! (Белдіктерді салған болып көрсету)	

	болу! - Балалар, көңіл-күйлерің қандай? - Көтерінкі, көңілді, қуанышты! - Біз біргеміз, біз доспыз.			- Моторды қосайық! (Екі кол шынтақта бүгілген, алда, екі колмен мотордың айналғанын көрсету) - Ал енді ұшу үшін, мотордың бұндай дыбыстарын көрсетеміз: Ха-ха-ха! - Мен бір ауыз сөздер айтканнан кейін, сендер: Ха-ха-ха! - деп қолдайсындар. Жарайды ма? - Біз ұшканда күлеміз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! - Біз күлкішілер каласына ұшамыз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! - Күн мен бұлтка сәлем айтамыз: Балалар: Ха-ха-ха! Ха-ха-ха! Көңілсізді қолдаймыз: Балалар: Ха-ха-ха!	

				Ха-ха-ха!	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Тату болайық" Мақсат-міндеттер: Балаларды бірінің артынан бірін адымдатып жүргізу; залды айнала жүріп қолдарын жоғары көтеріп, гүлдер сияқты жайқалу; екі қолымен допты тордан жоғары лақтыру іскерліктерін жетілдіру; допты тордан жоғары лақтыру кезінде шапшан, епті әрі жылдам болуға тәрбиелеу.	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** ""Дос іздеген бота"ертегісі" Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі мазмұны бойынша бойларына мейірімділікті, адалдық қасиеттерін сіңіру; ертегіні байланыстыра сөйлеуге, өз ойын толық айтуға дағдыландыру; сөздік қорын молайту, тілін, есте сақтау қабілетін дамыту; доска адал, мейірімді болуға тәрбиелеу.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Дос болайық бәріміз" Мақсат-міндеттер: Балаларды достарымен мейірімді қарым-қатынаста болуға үйретуді; достық құндылығы туралы түсінік беру; достаса білуге тәрбиелеу; коммуникативтік дағдылардың дамыту.	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Дос бола білейік" Мақсат-міндеттер: Контур шегінде сурет салу, суретті жетіспейтін бөлшектермен толықтыру біліктіліктерін қалыптастыру; достық қарым-қатынас жайлы түсінік беру; көркемдік біліктіліктерін, қарындашты дұрыс ұстау дағдыларын дамыту; бірі-біріне деген сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Көнілді балалар" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен	

				музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту.	
Серуенге дайындық	Мақсаты: балаларды киімдерін реттілік сақтай отырып шешінуді, киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыруды, қол жууды үйрету. **Көркем сөз.** Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А				
Серуен	**Бақаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,**	**"Қайықтар". (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,**	**Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу,**	**Ауа-райының жағдайын бақылау (күн жарқырап тұр немесе жаңбыр**	

	дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды туған өлкенің табиғатымен, оның мекен етушілерімен таныстыруды жалғастыру. Балаларға бақаның тіршілік ету ортасы, оның немен қоректенетіні, тигізетін пайдасы туралы айту. Табиғатты аялауға және қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Бақаның өзі болмай жатса, фотосуретін көрсетіп, әңгімелеу. **Әңгімелеу.** - Балалар, біз табиғат аясына шыққан кезде бақаны көрсек жолымыз болды деген сөз. - Суреттегі бақаға қарандар. Оның түсі қандай? Бақаны суреттейікші. - Бақа су, жасыл	**дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: серуен кезінде жағымды ойын жағдайын тудыру. Өз қолымен ойыншық жасауға деген ұмтылысын дамыту. Айналасын қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу: өзінен кейін көшеде қоқыс қалдырмау. **Әңгімелеу.** Жаңбырдан кейін далада көптеген жылғалар мен көлшіктер болады. Таяз және терең көлшіктер бар. Үлкен және кішкентай көлшіктер бар. Кең және тар көлшіктер бар. Қалай ойлайсыңдар қандай көлшіктерде қайықтар жақсы жүзеді? Неге? Қайықтарды неден жасауға болады?	**сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жиі кездесетін жәндіктермен, олардың тіршілік ерекшелігімен таныстыру. Негізгі мазмұны: қоңыздардың қалай жүретінің қарастыру, олардың кейбіреулері ұшады. Ұшар алдында қоңыздардың қанаттарын қалай ашатынын, қорек іздеуге ұшып кетуін бақылау. **Көркем сөз.** Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көріңіз. (Қоңыз). **Тыныс алу жаттығуы. "Қоңыздар".** Балалар	**жауып тұр). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: жаз жайлы әңгімені тыңдай отырып, балалар шуақты күнге, көк аспанға, баяу қалқыған бұлттарға тоқталып өтеді. **Жеке жұмыс: жолдармен жаттамақ сөздерінің ырғағына сай жүру.** "Үлкен аяқтар жолмен келеді... топ, топ, топ. Кішкентай аяқтар жолмен жүгіреді... топ, топ, топ". **"Менің көңілді добым..." қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді	

	шөп пен масалар көп жерде тіршілік етуді ұнатады. Бақа масалармен қоректенеді. Оның ұп-ұзын тілі бар. Ұшып бара жатқан масаға қарай ұзын жабыспақ тілін жіберіп, сол масаны қағып алады екен. - Бақа кейіпкері қандай ертегілерді кездеседі? - Жарайсыңдар, "Үйшік", "Қолғап" ертегілерінде кездеседі екен. - Бақалар оны мазалағанды ұнатпайды, сол себепті шөптің арасында және көлеңкеде жасырынады. - Ал егер сендер оны көріп қалсаңдар, онда қолға алуға асықпаңдар, оданда сыртқы келбетін мұқият	(Грек жаңғағының қабығынан, ағаш қабығынан, қағаздан, ағаш жапырағынан, кішкентай пластик бөтелкеден.) Өз қайықтарыңды қалай атайсыңдар? Ал сендер үйлеріне қайтқанда, қайықтарына не болады? Оларды неге тастауға болмайды? Егер қайық пенопластан, пластмастан жасалса, онда ол табиғатты ластайды. Өзінен кейін көкіс қалдыруға болмайды, егер сендер қайықтарыңды тастасаңдар, ол бұзылып, бірден қоқысқа айналады. **Тыныс алуды дамытуға арналған ойын:**	орындықтарға отырады, тәрбиеші: "Ж-ж-ж, - деді, - қоңыз-з-з" - дейді. Балалар қолдарын иықтарына айқастырып қойып: "Тұрамын, ұшамын ж-ж-ж-ж-ж" - дейді. Балалар қолдарын екі жаққа жазып, "ж-ж-ж-ж-ж" - деп дыбыстап, топ ішінде қозғалады (2 – 3 мин). **"Қоңыздар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жаққа шашырап жүгіруге, белгі бойынша бағытты өзгертуге, зейінділік танытуға жаттықтыру. **Еңбек тапсырмасы: ойыншықтарды қорапқа, құмнан тазалап, жинау.** Мақсат-міндеттер:	мұқият тыңдау және допты соңғы сөз айтылғаннан кейін ғана қуу. **"Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша бір бағытта, бір-бірін итермей, жүгіруге ынталандыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені жинау; құмды құмсалғышқа салу.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дербес ойын әрекеті.** Мақсат-міндеттер: шығармашылық ойындарды дамытуға жағдай	

	карастырыңдар. Ол масалар мен шіркейлерді аулайды. Суда жүзіп, күнге қыздырылғанды жақсы көреді. **"Торғайлар мен мысық» қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікте қозғала білу, ұжыммен бір-біріне соғылмай қимылдау біліктіліктерін дамыту; белгі бойынша әрекет ету, тереңдікке, орыннан ұзындыққа секіруге, жылдам жүгіруге жаттықтыру. **"Бақалар" қимыл жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балаларға бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру; аяқ, дене бұлшық	**"Маған ұшуды үйрет".** Мақсат-міндеттер: балаларды нұсқауларды дұрыс түсініп, қимылдарды жасауға дағдыландыру. Бізге көзі, тұмсығы, қанаты, құйрығы салынған әуе шары "балапан", шеңбер — "ұя" керек болады. Санамақ бойынша "жел" тұрады. Екі ойыншы шеңберді тігінен ұстайды. "Ұяда" - балапандар, олар шарды ұстап отыр. Балапандар ән салады немесе дыбыстайды: "Ала қанат сауысқан, ұшуды үйретші, аласа да, биік емес, күн көрінсе жетеді! " Кейін балалар ақырындап, шарды	ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.** Шығарылған материалдар: күрекшелер, сыпырғыштар, зембілдер, түрлі-түсті қарындаштар, қалыптар, қағаз беттері.	тудыру (ұсақ ойыншықтар мен заттарды таңдау, сонымен қатар табиғи материалдарды кеңінен қолдану).	

	еттерін ұлғайту; шыдамдылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: үлескені жинау; құмды құмсалғышқа салу.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Құмсалғыштағы ойындар «Ненің ізі».** Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Кішкентай балалар тобымен немесе бір баламен ойнауға болады. Ойынның бір қатысушысы құмға аңның немесе үй жануарының ізін салады. Қалғандары іздердің неге тиесілі екенін табу керек.	жоғары қарай лақтырады ("балапан" "ұядан" ұшып шығу керек). "Самал жел", ұяның алдында тұрған, шарды жерге түспейтіндей үрлейді де қайта ұяға кіргізеді (ша-р қайта обруч үстінен ұшып өту керек). Жас ерекшелігіне сәйкес "тыныс алу" саны белгіленеді (дем шығару 3-б артық емес). Ескерту: тыныс алу мұрын арқылы, дем шығару- ұртты толтырмай жасалады. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. **"Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды сигнал бойынша жұптарға			

	Жоқ жануарларды да ойлап табуға болады.	жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы маскалар: гүлдер мен аралар. Шығарылған материалдар: күрекшелер, шелектер, қалыптар, қуыршақтар. **Еңбекке баулуға арналған тапсырма: ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа жинау.** Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
Серуеннен оралу	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." ойын жағдаяты.** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су..." тақпақ-жаттамағын оқу. Мақсаты: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, қолдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарынды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады.				
Түскі ас	**"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз".** Балаларды қасықты дұрыс ұстауды үйрету бойынша жұмысты жалғастыру. **Ғажайып сәт.** Топқа қасықты ауызына дұрыс апармай, көжені шашыратып, үнемі көйлегін былғап алатын Камила қуыршақ "келеді". Балалар қонақты сабырға шақырады. Оған "қуыр, қуыр, қуырмаш" санамағын айтып береді. Кейін				

	тәрбиеші сәбилерге сиқырлы қасықтарын қолдарына алып, қуыршақ Камилаға көжені қалай жеу керектігін көрсетуді ұсынады. Сонында Камила балаларға алғысын білдіреді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**
Түскі ұйқы	Мақсат-міндеттер: балалардың жайлы ұйқысына жағдай тудыру. **"Әлди-әлди" әні.** Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. **(көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Кешенді шынығу жаттығулары.** "Марғаулар оянады" (балаларға төсекте жатып керілуді, арқаны жазып, қолды жоғары созып, бір бүйірден екінші бүйірге бұрылуды ұсыну.) Кіп-кішкене марғаулар, Пырылдайды үнемі, Жайғасыпты кілемде, Ояңғысы келмейді. Жалқауланба, марғауым, Қандай сенің таңдауың. Бойыңды жаз, керіліп, Қалғандайсың керіліп. Жеңіл уқалау (Қол және аяқ саусақтарын жоғары қарай уқалау, белді, арқаны, кеудені жазу) Аяқ ұшымен жатын бөлмеде жүру. Керілдік, жылдам тұрдық, Аяқ ұшымен жүгірдік… **"Денсаулық жолдарымен" жүру.** "Топ, топ, топ"- адымдайды біздің аяқ. Мақсат-міндеттер: қан айналымын жетілдіру. **(дене шынықтыру)**

Бесін ас	Қолды сабындау және түзу қимылдармен жууды үйретуді жалғастыру, қолды жуғаннан кейін сығуды үйрету. Қолдарын өз орамалдарымен сүртіп, орнына ілу біліктіліктерін бекіту. "Біз қолымызды қалай жуамыз" дидактикалық ойыны. Жаттамақ оқу: "Мөлдір су". **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Сылдырмақтарме н ойындар.** Мақсат-міндеттер: ырғақты есту, соған сай қимылдай білу қабілеттерін дамыту; көркем сөзді қимылдарды жасай жүріп айтуға бейімдеу; жағымды эмоцияларды дамыту. Сылдырмағым сылдырла, Шақыр барлық баланы. Үнін естіп қуана, Билеп кетсін бар бала. (Тәрбиеші балаларға музыка ырғағымен сылдырмақ таратады) **"Сылдырмақпен тығылмақ".** 1. Ойыншығым сүйікті,	**"Дастархан" сюжетті-рөлді ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру біліктіліктерін дамыту; дастархан алдында әдептілік ережелерін ұстануға бейімдеу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. Балалардың белгілі бір рөл үшін керек құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау, ойын көрінісіне жетіспей тұрған заттармен, ойыншықтармен толықтыру талпыныстарын ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен**	**"Көңілді орындық" қимыл-қозғалыс аз ойыны.** Мақсат-міндеттер: көтеріңкі көңіл-күй қалыптасуына жағдай тудыру; бірлескен ойындарға деген қызығушылықтары н ояту, балаларды бір-біріне деген өзара мейірімді қарым-қатынаска тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)**	**Мақал-мәтелдер.** Мақсат-міндеттер: балаларды мақал-мәтелдердің мағынасын түсінуге бейімдеу, ұнаған жолдарды жатқа айтуға дағдыландыру; достық сезімі жайындағы түсініктерді қалыптастыру. "Дос достың кемшілігін кешіре білер". "Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам". "Ағаш тамырымен, Адам досымен мықты". "Шын дос қиыншылықта білінеді". "Досты іздеме – табылса жіберме". "Досы көпті жау алмайды, ақылы	

	Сылдырмағым көңілді, Сылдырмағы сәбидің, Қоңырауы әр үйдің. 2. Би билейміз айналып, Сылдырмақпен көңілді. Сылдыр, сылдыр, сылдырмақ, Сылдыры оның төгілді. 3. Кетіп қалдың алыска, Ойнап жүрсін тығылмақ. Естілмейді дауысың, Қайда кеттің, сылдырмақ. 4. Бері келші жаныма, Тағы бірге билейік. Сыңғырымен сылдырмақ, Шаттанайық, билейік. "Тығылмақтан" кейін балалар сылдырмақтарды алдарына еденге	**танысу)** **"Досына көмектес" қимыл-қозғалыс аз ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша біресе билеп жүріп, біресе "көмек қолын" беріп, жұпты құруға машықтандыру; кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; достыққа тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)**		көпті дау алмайды". "Заттың жанасы жақсы, Достың ескісі жақсы". "Жауға - жалынба, доска - тарылма". **(көркем әдебиет)**	

	қояды. **"Сылдырмақтарм ен би".** 1. Сылдырмақ жерде жатыр. Аяқтарын өкшеге қояды. 2. Екі жакка кезек-кезек бұрылып, жартылай отырып-тұру. 3. Алақан соғу. 4. Екі аяқпен секіру 5. Бір орында айналу 6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлатады. 7. Сылдырмақпен билейді. Әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке жинау. **Еңбек тапсырмасы:** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.				

Балалармен жеке жұмыс	**"Естиміз-істиміз" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты таныс өлеңдердің сөзіне сәйкес орындауды үйрету.	**Жаттығу: заттар арқылы жүру.** Мақсаты:Мақсат-міндеттер:	**Апта тақырыбы бойынша мақал-мәтелдермен таныстыру.** Мақсат-міндеттер: қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріне деген қызығушылықты қалыптастыру; кез келген мақалды жаттап алуға мүмкіндіктер жасау. "Дос достың кемшілігін кешіре білер". "Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам". "Ағаш тамырымен, Адам досымен мықты". "Шын дос қиыншылықта білінеді". "Досты іздеме – табылса жіберме". "Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды". "Заттың жаңасы жақсы, Достың ескісі жақсы".	**Психологиялық жаттығу: "Алақанға көбелекті жасырайық".** Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды көңіл-күйіне қолайлы жағдайлар жасау; елестету, түйсік, сезгіш қабілеттерін дамыту. - Балалар, алақанымызда тоңып қалған көбелек бар сияқты елестетейікші. Қане, оны жылы демімізбен жылытайықшы. Оны кеуделеріне басыңдар. Ол сендердің немесе досыңның жүрек қағысын естісін. Қараңдаршы, көбелек жылынған сияқты, нәзік қанаттарын жайып ұшып кетті. Достық көбелегі әр кез	

			"Жауға - жалынба, досқа - тарылма".	біздің топта өмір сүрсін. **"Көңілді шақпақтар" (бормен "классик" ойыны желісімен.)** Мақсат-міндеттер: балаларды екі аяқпен алға жылжи отырып секіру қабілетін дамыту; вестибуляр аппаратын, дене, аяқ бұлшық еттерін ұлғайту; зеректікке, ептілікке тәрбиелеу. Педагог асфальтқа шақпақтарды өзі салып, балаларды ойын мазмұнымен, шартымен таныстырады; шақпақ іздерін баспақ секіруді көрсетеді. Сәбилер жәй ғана, 1-ден 10-ға дейін секіре алады. (Ал ересек балалар тас лақтырып, сол таска дейін секіріп, тасты алып кері қайтады.)	

Серуенге дайындық	**"Киімді бүктеп үйренеміз" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: киімді дұрыс бүктеу біліктіліктерін қалыптастыру; балаларды өз киімдерін танып, атауға, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуды үйрету.	**"Біз қуыршақка конжыкка конаққа баруға қалай көмектестік" ойын-жағдаяты.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз киімдерін танып, атауға, оларды рет-ретімен киюге, өз шкафын белгіленуі (суреті) бойынша табуға, шкафқа тиянақты бүктеп салуға үйрету.	**"Андарға түймелерін түймелеуге көмектесейік" дидактикалық тапсырмасы.** Мақсат-міндеттер: түймені түймелеу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру; шұлықтан бастап, гольфіні, шұлық киюді үйрету.	**"Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).	
Серуен	**Көбелекті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: барлық тіршілік иелеріне камқорлық танытуға үйрету. "Түзу жолдармен" - жүгіруге, секіруге, жүруге жаттықтыру. Үлескедегі шыбықтарды	**Құмды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға құмның құрғақ және дымқыл күйінде екі түрлі болатынын байқату; құрғақ құмның төгілетініне, дымқыл құмнан түрлі пішіндерді жасауға	**Ауа-райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға ауа райының құбылмалы екендігін, (жаңбырдан кейін ауадағы ылғалдылықты байқауға болатынын)	**Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, шөпке, гүлдердің сабақтарына, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және катты сокканын	

	жинату – қарапайым тапсырмаларды орындауға баулу. "Әтеш" жаттамағын қайталау. Таяқшамен құмда сурет салу – балалардың шығармашылық әрекетін түрлендіру. **"Қуыршақтарға арналған түскі ас" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға бірге ойнауға үйренуге көмектесу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту. **"Тату достар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, татулыққа тәрбиелеу. ("Әрқашан дос біргеміз" әні қосылады) Тәрбиеші балалар	болатынына көз жеткізу; іс-тәжірибе жасауға ниеттерін дамыту; зияткерлікке баулу. **Еңбек тапсырмасы:** құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу. **"Иә-иә-иә", "жоқ-жоқ-жоқ" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ой шапшаңдығын, жағымды эмоцияларын дамыту. Балалар, сендер дос бола білесіңдер ме? (Балалардың жауаптары). - Қазір оны ойын барысында тексеріп көреміз. Мен сұрақтар қоямын, ал сендер «иә-иә-иә»	көрсету; жапырақ, орындық, үлескенің дымқыл немесе құрғақ болғанын байқату; кешкі уақытта күн төмендеу түсіп, біраз салқындағанын байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. **"Өз жұбыңды тап" ойыны.** Мақсат-міндеттер: белгі бойынша еркін жүріп билеп немесе жұпқа жиналу қабілетін қалыптастыруды жалғастыру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Әуен ырғағымен балалар топтың әр жерінде билейді. Музыка тоқтаған сәтте, жылдам өз досын табу керек. - Жарайсыңдар,	байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. **"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай	

	жолдарына бірнеше кедергі қояды (шеңберлер). Бір-біріне қарама-қарсы тұрады, алақандарын тигізеді, солай жүріп, кедергілерді жояды. **Еңбек тапсырмасы:** құрап түсіп жатқан жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу.	немесе «жоқ-жоқ-жоқ» деп жауап бересіңдер. Келістік пе? Достыққа берік боламыз? (Иә-иә-иә) Достықты бағалаймыз? (Иә-иә-иә) Бірге тату ойнаймыз? (Иә-иә-иә) Достық қолын созамыз? (Иә-иә-иә) Достың ашуына тиеміз? (Жоқ-жоқ-жоқ) Ал қуаныш сыйлаймыз? (Иә-иә-иә) Досты ренжітеміз? (Жоқ-жоқ-жоқ) Достармен бірге шай ішеміз? (Иә-иә-иә) Жарайсыңдар! Сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер.	балалар, қарап тұрсам, бір-бірімен жақсы танысып алыпсыңдар, достықтарында берік екен. Ал енді бір-бірімізге мақтау сөздерін айтайық. Қане үлкен шеңбер жасап тұрайық та, бір-бірімізге ойыншық беріп, мақтау сөзін айтайық. **"Мадақтаулар" ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың әдептілікке деген қызығушылығын арттыру; сыпайы арақатынастарды қалыптастыру, сөздік қорды байыту. **Еңбек тапсырмасы:** құрап түсіп жатқан жапырақтарды жинастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды	қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. **Қане, достарымызға арнап "Көңілді отшашу" ұйымдастырайық.** Үстелге жақын келіңдер, қазір мен қағазға түрлі-түсті тамшылар тамшылатамын, ал сендер оларға мына түрлі-түсті түтікшелер арқылы

			ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.	үрлейсіңдер (балалар түтікшеге үрлейді). Жақсы, тамаша, керемет отшашу болып шықты. **Еңбек тапсырмасы:** құрап түсіп жатқан жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, қарапайым еңбек дағдыларына баулу.	
Серуеннен оралу	**"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" ойын жағдаяты.** "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су…" тақпақ-жаттамағын оқу. Мақсат-міндеттер: сабынды ыдысынан алуға үйрету, үлкендердің көмегімен, колдарын сабындап, сабынды орнына қою, алақандарынды бір-біріне ысқылап, сабынды шайып тастау, сүлгілерінің орнын білу. Ересек адамның көмегімен қолдарын құрғатады.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттап айту; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тыңдату. **(шығармашылық дағдылар, музыка)** Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **(шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(танымдық дағдылар)** Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.				
Балалардың үйге	"Қыздар мен ұлдар"	"Ауыз су мен бала	"Ата-аналармен	"Көшедегі тәртіп-	

кайтуы (ата-аналарға кеңес)	тақырыбына әңгімелесу .	денсаулығы" тақырыбына кеңес.	ынтымақтастық - баланың мектепке дейінгі мекемеге сәтті бейімделуінің басты шарты" тақырыбына әңгімелесу.	қауіпсіздік кепілі" тақырыбына әңгімелесу.	